



Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігі
Семей қаласының Шекерім атындағы университеті
Абай облысының білім басқармасы

Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан
Университет имени Шакарима города Семей
Управление образования области Абай

Мектеп және колледж оқушыларына арналған

«ШӘКЕРІМ ОҚУЛАРЫ»

IX облыстық ғылыми конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ



МАТЕРИАЛЫ

IX областной научной конференции

«ШАКАРИМОВСКИЕ ЧТЕНИЯ»

для учащихся школ и колледжей

1 наурыз
2025 ж.

ISBN 978-601-313-022-4

**УДК 373.1(06)
М 46**

Бас редактор:

Орынбеков Д.Р. – Басқарма төрағасы – Ректор «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Редакция алқасы:

Қалибекқызы Ж. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Басқарма мүшесі – ғылым жөніндегі проректоры «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Байқадамова А.М. – PhD, ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру орталығының басшысы

Евлампиева Е.П. – б.ғ.к., ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру орталығының үйлестірушісі

Семейская З.Т. – ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру орталығының жетекші маманы

Қайнарбекқызы Т.Қ. – ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру орталығының маманы

Мектеп және колледж оқушыларына арналған «ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫ» IX облыстық ғылыми конференция материалдары. – Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, 2025. – 113 б.

Жинаққа инженерлік, аграрлық, физика-математика, жаратылыстану, педагогикалық, экономикалық және гуманитарлық ғылымдар, информатика және ақпараттық технологиялар, филология және т.б. негізгі ғылыми бағыттар бойынша өзіндік зерттеу қызметінің нәтижелерін көрсететін оқушылар мен колледж студенттерінің баяндамаларының тезистері енгізілген.

Материалы IX областной научной конференции «ШАКАРИМОВСКИЕ ЧТЕНИЯ» для учащихся школ и колледжей. – Университет имени Шакарима города Семей, 2025. – 113 с.

В сборник включены тезисы докладов школьников и студентов колледжей, отражающие результаты собственной исследовательской деятельности по основным научным направлениям: инженерные, аграрные, физико-математические, естественные, педагогические, экономические и гуманитарные науки, информатика и информационные технологии, филология и др.

© Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, 2025

№ 1 СЕКЦИЯ: ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ (БИОЛОГИЯ)

СЕКЦИЯ № 1: ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ (БИОЛОГИЯ)

А.Н. Берикханова

«Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназия» КММ
Ғылыми жетекшісі – С.М. Токсентова., биология пәні мұғалімі

ҚАЖЕТТИ ЖАҒДАЙЛАР ШЕКТЕТІЛГЕН КЕЗДЕГІ БӨЛМЕ ӨСІМДІКТЕРІНІҢ КҮЙЗЕЛІСІ

Табиғатта және адамдар тіршілігінде өсімдіктер маңызды ролі атқарады. Олар Жер шарының өкпесі болып табылады, себебі оттегін жасайды. Ол тірі организмдер үшін ең қажетті фактор.

Алайда бүгінгі күні қоршаған органдық ластануы өсімдіктер дүниесіне кері әсерін тигізіп отырғаны белгілі. Әсіреле біздің табиғаты қатты ластануға ұшыраған Семей қаласында өсімдіктердің жағдайы қүйзеліске көбірек ұшыраған.

Кейбір өсімдіктердің тұзға тәзімділік ерекшелігі – қазіргі заманғы өсімдік физиологиясы мен ауыл шаруашылық тәжірибесінде өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Мәдени өсімдіктердің өсіруге арналған тұзды топырақ біздің еліміздің көптеген аймақтарын алғып жатыр.

Өсімдіктің тұзға тәзімділік механизмі күрделі құрылымды құбылыс.

Шағын молекулалар кальций, глициен бетаин, пролин, оттегінің активті формалары, абсцис қышқылы және әртүрлі ионды сорғыштарда осы процесс үшін маңызды қызметтер атқарады. Сонымен бірге кальций – байланысушы акуыздар, транскрипциялық факторлар акуызы, киназалар және хеликаза ферменттері де өсімдіктердің тұзды стрескетөзімділігі барысында маңызды қызмет атқарады.

Тақырыптың өзектілігі: Өсімдіктерде болатын қүйзелістер әсер ететін факторлардың түрлеріне сәйкес анықталады, мысалы биотикалық қүйзеліс – түрлі ауру тудыруши зиянкестердің әсерінен болса, абиотикалық қүйзеліс – ластанған су көзіне, ластанған топырақтан, қатты ыстықтан және т.б. жағдайларда болады. Судың тұздылығы өсімдіктерді сурағанда да қатты байқалады. Тұзды сумен суғарылса да, оған басқада қолайсыз абиотикалық факторлардың әсерінен болатын бөлме өсімдіктердің қүйзеліс түрлерін талдау, олардың қайтадан қалпына келу мүмкіндігін зерттедік.

Зерттеудің мақсаты: Бөлме өсімдіктерінің өсуіне қажетті жағдайларды шектеу арқылы қүйзеліс белгілерін айқындау және олардың алдын алу үшін нақты өсімдік түрлері бойынша ұсыныстар жасау.

Материалдар мен әдістер:

Фикус Бенджамина (Ficus benjamina) Фикус Бенджамина (Ficus benjamina) – Фикус туысына жататын өсімдік түрі. Мәңгі жасыл ағаш немесе бұта, табиғатта оның биіктігі 25 м жетеді. Үндістанда, Қытайда, Оңтүстік Шығыс Азияда, Филиппинияда, Австралияның солтүстігінде таралған. Жапырағы жұмсақ, жінішке, сопақша пішінді келеді. Ұзындығы 6-13 см, ені 2-6 см болады. Жапырақтары кезектесіп орналасады. Фикус Бенджамина Таиланд елінің астанасы Бангкоктың символы болып есептеледі.

Әдебиеттер

1. Жапарова Б.Н. Өсімдіктер физиологиясының зертханалық практикумы. Оқу қуралы. – Павлодар, 2005. – 28 б.
2. Қалекенұлы Ж. Өсімдік физиологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 1996.
3. Қалекенов Ж., Қаржасова А.П. Өсімдіктер физиологиясының практикумы. – Алматы, 1994.
4. Кенесарина Н., Өсімдіктер Физиологиясы және биохимия негіздері. – Алматы: Мектеп, 1989.
5. Жатқанбаев Ж. Өсімдіктер физиологиясы. – Алматы, 1998.
6. Бейсенова Ә.Б. Экология және табиғатты тиімді пайдалану. Оқу қуралы. – Алматы, 2004.
7. Сағымбаев F.Қ. Экология негіздері. Оқу қуралы. – Алматы, 1995.
8. Оспанова Г., Бозшатаева. Экология. Оқу қуралы. – Алматы, 2000.
9. Бродский А.К. Жалпы экологияның қысқаша курсы. Оқу қуралы. – Алматы: Ғылым, 1997.
10. Мәмбетқазиев Е., Сыбанбеков Қ. Табиғат қорғау. Оқу қуралы. – Алматы: Қайнар, 1990.

М.А. Мағауянова

Семей қаласының «№44 ЖОББМ» КММ

Ғылыми жетекшілері – А.Б. Кудабаева, химия пәнінің мұғалімі,
С.К. Мусамагамбетова, география пәні мұғалімі

БОБРОВКА КЕНТІНДЕ ӨСІРІЛЕТІН АСҚӨК ПЕН АҚЖЕЛКЕННИҢ ҚҰРАМЫНАН КАЛИЙДІ АНЫҚТАУ

Жұмыстың мақсаты: Аскөк пен ақжелкеннің құрамындағы калийдің мөлшерін анықтау сонымен қатар Бобровка кенті топырағының физикалық-химиялық сипаттамасын зерттеу.

Зерттеу міндеттері:

- Бобровка кентінен алынған топырақ үлгілерінің құрамынан калийдің мөлшерін анықтау;
- Аскөктің және ақжелкеннің құрамындағы калийдің мөлшерін анықтау;
- Топырақ құрамындағы минералдық тыңайтқыштардың аскөкке және ақжелкенге әсерін зерттеу.

Зерттеу нысаны: Бобровка кентінің топырақ құрамының аскөк және ақжелкен өсімдігі құрамындағы калийге әсерін зерттеу мақсатында екі саяжай назарға алынды.

Қойылған міндеттерді шешудің әдістері: «Конверт» әдісі арқылы топырақ үлгілерін алу, құрғақ минералдану әдісі арқылы топыраққа және аскөк пен ақжелкенге сынама дайындалды.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы. Бобровка аймағындағы топырақ құрамының аскөк және ақжелкеннің құрамындағы калийдің жинақталуы алғаш рет зерттеліп отыр. Саяжайдағы жеміс-жидек еgetін тұрғындар, топырақтың қандай түрлерін алатындығына нұсқау болады.

Зерттеу кезеңдері: зерттеу жұмыстарының бірінші кезеңінде теориялық материалдар жинақтау. Зерттеу әдістемесін анықтау. Екінші кезеңінде зерттеу нысандарынан топырақ үлгілерін алу. Аскөк пен ақжелкен дәндөрін екіге бөліп, тыңайтқышпен және тыңайтқышсыз отырғызылды. Ушінші кезеңде университет зертханасында эксперименттік бөлімді жузеге асыру.

Жұмыстың практикалық маңызы. Жұмыстың нәтижелерін саяжайда жеміс-жидек егумен айналысатын тұрғындарға ұсынуға және мектептерде практикалық сабактарында пайдалануға болады.

Бұл тәжірибелі жаздың екінші айында яғни шілдеде бастадым. Алғашқы әрекетім ақжелкен мен аскөк өсімдіктерін отырғыздым. Екі өсімдікті үш түрлі топыраққа және осы топырақтардың екі түрлі жағдайында отырғыздым. Топырақтан алты түрлі сынама алынып оның үшеуі тыңайтқышпен болды, сәйкесінше алты сынама аскөк және алты сынама ақжелкен алынды. Оның үшеуі тыңайтқышы бар топыраққа ал қалған үшеуі тыңайтқыш жоқ топыраққа егілді. Олар толығымен өсіп тәжірибеле жарамды болған кезде мен оны Шәкәрім атындағы зерттеулер жүргізуге арналған микробиологиялық зертханага апардым. Сол жерде тәжірибелі практикалық бөлігі орындалды. Аскөктің есекінің және калийді анықтау үшін оны алдымен кептіріп алынды. Кептірілген аскөкті тигельдерге салып, кептіргіш шкафта 105°C температурада тұрақты массаға дейін жеткіздік. Кептірілген аскөкті өлшеп алдық. Содан кейін сынамаларды муфель пешінде 600°C температурада 2 сағат бойы күйдірдік. Алынған сынаманы эксикаторда салқындастып алынды. Салқындағаннан кейін, күл қалдықтарын 2 мл 20% тұз қышқылы ерітіндісінде ерітіп алынды. Алынған сынамаға тазартылған су қосылған кезде жалпы көлемі 50 мл болды. Алынған ерітіндіні 100 мл өлшеуіш колбаға сүзіп, тигельді тазартылған сумен шайып алдық. Қалған ағынды суларда сұзгіге ауыстырылды. Содан кейін колбадағы ерітіндінің көлемін белгіге дейін жеткіздік. Алынған ерітінділер FP5450 (BIOBASE, КХР) құрылғысындағы жалынды фотометрия әдісімен калийдің құрамын анықтау үшін пайдаланылды.

Қорытынды: 1. Семей қаласының Бобровка саяжайларының топырақ үлгілерін талапқа сайала отырып, физикалық-химиялық жағынан сипаттама жасалынды, Бобровка 1 саяжайының топырағының түсі – ашық қара қоңыр түсті болды. Бобровка 2 саяжайының топырағы – қара-қоңыр топырақ қарашіріндісі 1-2%. Бобровка 3 саяжайынан алынған топырақтың түрі кәдімгі қара қоңыр, қарашіріндісі 3-4%, Түйемойнақ аралынан алынған топырақтың түсі – кәдімгі қарашіріндісі 1-2 болып келеді.

2. Аскөктің құрамындағы калийді анықтау. Топырақтың және аскөктің құрамындағы калийді анықтау үшін сынамаларды екі бөлікке бөліп, 3 – топырақ үлгілеріне тыңайтқыш қосып, 3 топырақ үлгісін тыңайтқышсыз бөлме температурасында табиғи жарықтың көмегімен аскөкті өсірді. Топырақ үлгілеріндегі аскөктің құрамындағы калийдің мөлшерін FP5450 (BIOBASE, КХР) құрылғысындағы жалынды фотометрия әдісімен калийді анықтады.

3. Бобровка 3 саяжайында аскөк құрамында калий мөлшері – 1,571 мг/г Бобровка 2 саяжайында – 0,75 мг/г, ал Бобровка 1 саяжайында – 0,506 мг/г. Аскөктегі калийдің мөлшері Бобровка 3 саяжайында тыңайтқышпен көбірек болды.

4. Ақжелкеннің құрамынан калийді анықтау. Ақжелкеннің алты түрлі сынама алынып оның үшеуі тыңайтқышпен болды. Бобровка 3 саяжайында аскөк құрамында калий мөлшері – 2,482 мг/г Бобровка 2 саяжайында – 0,8 мг/г, ал Бобровка 1 саяжайында – 1,2 Ақжелкендегі калийдің мөлшері Бобровка 3 саяжайында тыңайтқышпен көбірек болды.

5. Аскөктің өнімділігіне минералды тыңайтқыштардың енгізілуі оң әсерін берді. Негізі топырақты өңдеу әдістері және минералды тыңайтқыштарды қолдану аскөктің химиялық құрамын өзгертті. Тыңайтқыштардың қолдану аясында аскөк тұқымында калийдің мөлшері артты.

Қорытындылай келе, ғылыми жоба мақсатына жетті, міндеттері орындалды.

Әдебиеттер

1. Тулеугалиева С.С. Светло-каштановые почвы Семипалатинского прииртышья как объект орошения. – Алматы, 2004. – 160 с.
2. Кабышева Ж.К., Бакирова Л.С., Ашакаева Р.У., Имамова Б.Ж. Семей өнірінің топырағының экологиялық жағдайы // Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті жаршысы. – № 4(92). – 2020.
3. Нұрманов М.Н., Кабышева Ж.К., Мурзалимова А.К., Ашакаева Р.У. Семей қаласының Шығыс кенті топырағының құрамын талдау // Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті жаршысы. – № 4(92). – 2020.

A.A. Асылхан

«Б. Майлин атындағы орта мектеп-бақшасы» КММ Абай облысы,

Мақаншы ауданы, Қабанбай ауылы

Ғылыми жетекшісі – Г.Е. Мынқамырова., химия пәнінің мұғалімі

ТАБИГИ АШЫТҚЫ

Ашытқы – органикалық заттарға бай, сүйиқ, жартылай сүйиқ ортада өмір сүретін біржасушалы саңырауқұлақтар тобы. Алкоголь шығару арқылы ашыту процесін тудырады. Барлық ашытқы саңырауқұлақтарының ерекшелігі: көбею жылдамдығы, олар вегетативті жолмен көбейеді. Әлемде ашытқының көптеген түрлери бар. Тағам өндірісінде 4-турі қолданылады: сыра, наубайхана, сүт және шарап ашытқысы. Қолданылуы: сыра қайнатуда, наубайханада, ауыл шаруашылығында, медицинада. Қандай болса да ашытқының қызметі ашыту. Жұрт қолданып жүрген құрғақ ашытқыны қытайдықі деп атап кеткен. Себебі, тоқырау жылдарында, нарықта кең тараған қытайдың түйіршіктелген құрғақ ашытқысы қолданысқа енді. Бұл ашытқы – біржасушалы микроағза. Ашытқының бұл түрі суға салғанда миллиондаған түйіршіктерге айналып, қамырды тез ашытады. Сақталу мерзімі – 2 жыл. Құрамында ақуыз мөлшері көп болғандықтан, мұндай ашытқыдан адам тез толысып кетеді. Алайда, ашытқының дәл осы түрі әлі де сұранысқа ие. Сапалы ашытқы түрлерін көбіне кондитерлік өнеркәсіп иелері алады. Асқазан, ішек ауруларының көпшілігі ашытқының сапасыз болуынан туындейды. Сатып алған жүрген ашытқымыздың қаптамасында тұрған шет тілдегі жазуларға мән беріп оқып жүргендегер некен саяқ. Жасалу технологиясы қатаң сақталған ашытқының құрамы дәрумендермен байытылған болуы тиіс.

Сапасыз ашытқы асқазан жүйесінің мүшелерін астарлап жатқан шырышты қабатына жабысып, қызметінің бұзылуына жол ашады. Буынның сырқырауы, бастың ауруы, бауыр-әт жолдарының зақымдауына әкеліп соғады. Бұл ашытқы наның жиі тұтыну ағзадағы кальцийді ұрлау

десек болады. Психикалық, мидың белсенділіктері төмендеуі де мүмкін. «Ауру астан, дау қарындастан» демекші дәл осы себептерден статистика бойынша, өкінішке орай, асқазан-ішек аурулары көбеюде. Сонда бізге «ас атасы-наннан» бас тарту керек пе? Құрғақ ашытқыны табиғи ашытқымен алмастыруға болады. Кезінде әжелеріміз мұндай ашытқы баламасын кебек пен қумақтан жасаған. Қолдан жасалған ашытқының құрамы көміртекпен қуаттандырады. Сонымен қатар, ашу барысында сүйиқтық B1, B2, B5, B6, B9, E, H, PR және калий, кальций, магний, мырыш, марганец, темір, йод, фтор, молибден, фосфор, натрийге толыға түседі. Тағы бір ескеретін тұсы, бұл құрамдағы сапа өз қасиеттерін жоғалтпайды, керісінше, ағзаға тигізер оң әсері арта береді. Нәтижесінде диеталық нан жейсіз. Нан ашыған кезде химиялық реакция жүзеге асады: $C_6H_{12}O_6 = 2C_2H_5OH + 2CO_2$. Реакция нәтижесінде этил спирті және көмірқышқыл газы түзіледі. Нан пісіру кезінде қамырға қосылған ашытқы көмірқышқыл газының көпіршіктерін шығару арқылы оны жеңілдетеді. Құрғақ ашытқымен ашытылған нанның құнарлылығы – 330 ккал, қолдан жасалған ашытқының – 49-53 ккал. Яғни, айтартықтай айырмашылықты байқаймыз. Егер сатып алғанған ұнымыз химиялық қоспалардан таза болса, артық салмақ қосамын деп қам жемеуге болады. Екінші сұрыпты ұн пайдалану тіпті жақсы. Табиғи ұн қоңырқай тұске ие. Ал жоғары сұрыпты ұн алу кезінде химиялық қоспалар міндетті түрде қосылады. Қол дірменінде тартылған ұннан жасалған талқанның дәмі ауыздан кетпейді. Нан түйіршіктері ірі болса, ағзамызға соғұрлым пайдалы. Қолдан жасалған табиғи ашытқыны дайындау үшін айран немесе айранның сары суы, бидайды, алманы пайдалануға болады. Ашытқы жасау үшін, ең алдымен біз тазартылған алманы турап, құтыға салып 10-15 күн аралығында жылы жерге қоямыз. Ашу процесі жүзеге асқан соң, қышқыл ерітіндін сүзіп алып, ұнмен араластырамыз. (120-150 г. ашытқыға 0,5 кг. ұн қосылады) Келесі қадам, нанды ашытып, жабамыз. Қалған ашытқыны тоқаңызға сақтауға болады, өйткені, бұл ашытқы көп уақытқа жетеді. Уақытты белгілеп қоюды да ұмытпаңыз. Ескере кететін жайт, бұл ашытқымен ашытылған қамыр ұзақ уақыт көтеріледі. Яғни, таңертең ашыған нан кешке дайын болады. Тартин наның дайындау үшін: 500 г. ұн (1-ші сұрыпты), 150 г. ашытқы 6 г. тұз, 10 г. қант және 350 г. су қажет. Ластанған экология мен химикат толы тағамдарды пайдаланып бара жатқанымызды ескере отырып, не жеп, не ішпі жүргенімізге мүқият болайық. Ұрпақ саулығы – ұлт саулығы.

Әдебиеттер

1. Биология (құраст. З.А. Власова). – М.: Филолог. «Сөз» туралы, компания. ТКО АСТ, ММУ журналистика факультетіндегі гуманитарлық ғылымдар орталығы. М.В. Ломоносов, 1996 – 576 с.
2. Введенский Б.А. Үлкен кеңес энциклопедиясы. – 15, 1952, екінші басылым.
3. Прохоров А.М. Кеңестік энциклопедиялық сөздік – 1987, төртінші басылым.
4. Ликум Л. Барлығы туралы. – 5 том. – Мәскеу, 1995.
5. «Не және неге?» балалар энциклопедиясы / Сост. О.Н. Корчагин. – М.: РОСМЭН-ПРЕСС, 2005.

Е. Қизат., А. Сейтқазина

Абай облысы білім басқармасы Семей қаласы білім бөлімінің №23 жалпы орта білім беретін

мектебі» коммуналды мемлекеттік мекемесі

Ғылыми жетекшісі – А.С. Калибекова., биология пәнінің мұғалімі

ҚАЛБАТАУ ӨҢІРІНДЕ КЕЗДЕСЕТИН ҚЫНАЛАРДЫҢ ТҮРЛІК ҚҰРАМЫ

Қыналар өте ерекше қасиеттерге ие: олар басқа организмдерден өзгеше биохимияға ие, әр түрлі субстраттарда кең таралған, тау жыныстарынан бастап ағаштардың қабығы мен жапырақтарына дейін, атмосфераның құрамының өзгеруіне жауап береді. Қыналар мысалында осы организмдердің биологиясы бойынша да, қоршаған ортаның жай-күйін биологиялық бақылау мәселелері бойынша да көптеген қызықты зерттеулер әзірленді. Қыналардың ерекшелігі бізді қызықтырып, туған өлкемізде қыналардың қандай түрлері бар екенін анықтау үшін ғаламтордан іздестіру жұмыстарын жүргіздік. Издестіру барысында Қалбатау өңірінде кездесетін қыналардың түрлері туралы мәліметтер таппадық. Бұл біздің жұмысымыздың өзектілігі болып табылады.

Зерттеу жұмысымыздың мақсаты Қалбатау өнірінде кездесетін қыналардың түрлік құрамын зерттеу және сипаттау. Аталмыш мақсатқа қол жеткізу үшін келесідей **міндеттерді** қойдық.

1. Осы тақырып бойынша әдебиеттерді оқып, талдау
2. Зерттелетін аймақтың физико-географиялық жағдайына сипаттама беру.
3. Қына үлгілерін жинап, зертханалық жағдайда түрлерді анықтап, коллекция жасау.
4. Қыналардың қауымдастықтары мен өсу орындарын сипаттау
5. Анықталған қыналарға биологиялық сипаттама беру.

Жұмысымыздың практикалық маңызы мектепте оқушылар қына тақырыбын қарастырғанда және студенттердің зерттеу жұмыстарына таптырмас қосымша материал болып табылады.

Қыналарды зерттеу үшін келесідей әдістерді пайдаландық: қыналарды жинау әдісі, қыналардан жинақтама жасау әдісі, қыналар түрлерін анықтау әдісі, фото, видеога түсіру әдісі салыстырмалы -сараптама жүргізу әдісі, фенобақылау жүргізу әдісі.

Біз бұл зерттеу жұмысымызды 2023 жылдың наурыз айынан бастадық. Алдымен мақсат, міндеттерді анықтап, ғылыми әдебиеттерге анализ жүргіздік. Наурыз айында Семей өнірінде кездесетін қыналар түрлерін және жалпы қыналардың биологиясы, систематикасы мен морфологиясын теория жүзінде зерттедік. 2024 жылы қыналарды зерттеуді Қалбатау өнірінде жалғастырдық. Біздің зерттеуіміз бойынша Қалбатау өнірінде кездесетін қыналар түрлері туралы мәліметтер табылмады. Біз зерттеу аудандарына сәуірде және қазан айында бардық. Қазан айының 6,11 күндері Қалбатау өніріне барып қыналардың түрін жинадық. Біз қына жинаған күні ауа температурасы +19+21С дейін жылы болды. Қыналарды Семейден Қалбатауға бара жатқан жолдың сол жағында кездескен таулардан жинадық.

Жолдан 10 км қашықтықта орналасқан Қалбатау тауларынан қынаның 7 түрін таптық. Ол жерден біз қынаның 6 тұқымдасқа жататын 7 түрін жинадық. Олар: *Parmelia omphalodes* – Пармелия омфалодес. Олар: *Gasparrinia elegans* – Гаспарриния елеганс, *Verrucaria nigrescens* – Қара веррукария, *Lecanora allophana* – (Леканора разнообразная) – Леканора аллофана, *Parmelia sulcata* – (Пармелия бороздчата) – Пармелия сулката, *Parmelia vagans* – (Прамелия блуждающая) – Адасқан пармелия. *Candelariella vitellina* – Канделариелла вителлина, *Rhizocarpon geographicum* – Географиялық ризокарпон.

Қыналарды жинау барысында біз олардың таудың етегінде аз, жоғарғы жағында көп болатынын. Визуалды бақылау әдіспен бұл өнірде қынаның *Lecanora allophana* түрі басым кездесетінін көрдік. Жинаған қыналарымызды қораптарға салып, мектепке әкеліп анықтадық және күнделікке жазып отырдық. Қыналардың түрлерін анықтау үшін ғаламтордағы фотога түсіру әдісін қолдандық.

Қыналардан жинақтама (коллекция) жасау үшін үлкен тасталдағы қыналарды қайшымен немесе скальпельмен қырып алып, ак қағазға ыстық желіммен жабыстырдық.

Қыналардың түрін анықтау барысында ғаламтор желісі мен анықтағыш әдебиеттерді қолдандық. Өзіміз анықтаған қыналардың дұрыс анықталғанын білу үшін «Alikhan Bokeikhan University» мамандарына текстеррттік.

Біз зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде келесідей **қорытындыға келдік:**

1. Біз зерттеген Қалбатау өнірінде барлығы 6 тұқымдасқа, 6 туыска жататын 7 түрлі қынаны таптық.
2. Көкентау өнірінде жинаған қыналармен салыстырғанда Қалбатау өнірінде 1 қына түрін артық таптық. Ол *Rhizocarpon geographicum*- Географиялық ризокарпон. Қалған 6 түрі екі өнірде де кездесті.
3. Анықталған қыналардың биологиялық сипаттамасын мемлекеттік тілде жазып, жүйеге келтірілді.

А. Ибраимова, Н. Советова

Семей қаласының «М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК
Ғылыми жетекшісі – **Б.Ж. Калкенова**, педагогика ғылымдарының магистрі

ЖАМБАС ПЕН ОМЫРТҚА УЙЛЕСКЕҢ ДЕФОРМАЦИЯЛАРЫН ОҢАЛТУДАҒЫ ГИДРОКИНЕЗОТЕРАПИЯНЫҢ РӨЛІ

Соңғы жылдары дүниежүзінде балалар мен жасөспірімдерде жамбас асимметриясы мен омыртқа жотасының қисауы жиі кездесуде. Осыған байланысты алдын алу және түзету шаралары маңызды. Бұл жағдайда гидрокинезотерапия әдісін қолдану тиімді деп шешім бола алады. Гидрокинезотерапия немесе бассейндегі гимнастика – ағзаның қорғаныс қабілетін арттыруға көмектеседі, оның қалпына келуіне ықпал етеді. Ол балалар мен ересектерге арналған және келесі мақсаттарда қолданылады: Жарақаттардан кейін қалпына келтіру үшін; Операциядан кейінгі қалпына келтіру; Тірек-қымыл аппаратының алдын алу және емдеу үшін;

Негізгі кешенге тыныс алу жаттығулары, вестибулярық аппаратты дамытуға арналған гимнастика, аяқ-қолды нығайтуға, түзету жұмысына бағытталған жаттығулар кіреді. Жүргізілу барысы: Науқас пен нұсқаушы жылы су (32-33°C) бассейніне түседі. Нұсқаушы жаттығуларды көрсетеді, қажет болған жағдайда оларды орындауға көмектеседі. Сеанс барысында нұсқаушы науқастың жағдайын бақылайды. Сеанс 30 немесе 45 минутқа созылады, содан кейін пациент пен нұсқаушы бассейннен шығады. Сабак кезінде жаттығуларды арнайы құрал-жабдықтармен де, онсыз да (белдік, тақтай, манжет және т.б.) қолдануға болады.

Сколиоз – омыртқаның түзу қалпынан бүйір жағына қисауы. Жамбастың қисауы – жамбас сүйектерінің омыртқаға қатысты патологиялық, асимметриялық орналасуы. Терапияның мақсаты – жамбастың дұрыс орналаспауының себебін жою және жамбас бұлшықеттері мен буындарының қалыпты жұмысын қалпына келтіру. Балалар мен жасөспірімдердегі жамбас асимметриясы ересектерге қарағанда жақсы түзетіледі.

Зерттеу жұмысы «INVICTUS» фитнес орталығында 2024 жылдың қараша айынан бастап, 2025 жылдың ақпан айы аралығында жүргізілді. Тәжірибе жаттықтырушының көмегімен жүзеге асты. Зерттеу нысандары 16 жас аралығындағы кездейсоқ таңдалған 2 адам: 2 қыз. Жас бойынша бөлү келесідей болды: 16 жас – 2 адам. Аурудың ауырлығы бойынша балалар келесідей бөлінеді: I дәреже – 1 адам (90 %), II дәреже – 1 адам (10 %). Зерттелген барлық балаларда S-тәрізді сколиоз және жеке комбинацияларда 1-2 дәрежелі жамбас асимметриясы бар. Сондай-ақ М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің студенттері мен іс-тәжірибе барысында мектеп окушылары арасында сколиоздың таралу деңгейі анықталды. Зерттеу жұмысы әлі де жалғасып, қосымша деректер жинақталуда.

Жамбас пен омыртқа деформациясының алдын-алу үшін ұсыныстар: 1. Дұрыс сөмке таңдау: Ортопедиялық арқасы бар, кең және жұмсақ иықбаулары бар рюкзактарды пайдалану. Сөмкені екі иыққа тендей асып жүру. 2. Төсек орнының дұрыстығы: Омыртқаға қолдау көрсететін ортопедиялық матрас пен орташа қаттылықтағы жастық қолдану. Тым жұмсақ немесе өте қатты төсекден аулақ болу. 3. Дұрыс дene қалпын сактау: Отыру кезінде арқаны түзу ұстау. Үстел мен орындықтың биіктігін баланың бойына сәйкес таңдау. Бұл ұсыныстарды сактау арқылы сколиоздың алдын алып, дұрыс дene қалпын қалыптастыруға болады.

Қорытындылай келе, гидрокинезотерапия суда түрлі жаттығулар жасау арқылы жүргізілетін, жамбас асимметриясы мен омыртқа жотасының қисауын оңалту үшін қолданылатын тиімді әдіс түрі болып табылады. Осы тақырып төнірегінде, оңалту тиімділігін анықтап, зерттеу жұмысын жүргізу үстіндеміз.

Әдебиеттер

- Проценко В.Н. Неврологические и ортопедические аспекты формирования сколиотической деформации позвоночного столба // Мануальная терапия. – 2002. – № 3. – С. 48-58.
- Неретина Е.В. Диагностика и консервативное лечение асимметрии таза у детей: автореф. дис. канд. мед. наук. – Иркутск, 2001. – 22 с.
- Becker B.E., Cole A.J. Aquatic rehabilitation // In: DeLisa J.A. et al. Physical medicine and rehabilitation. – Elsevier: Lippincott Williams & Wilkins, 2005. – Ch. 20. – P. 479-492.

Д. Айходжаева, А. Васильева

«Бизнес және сервис жоғары колледжі» КМҚК

Ғылыми жетекшісі – С.М. Дюсембекова, химия және биология пәні оқытушысы

МИКРОЖАСЫЛДАРДЫҢ ПАЙДАСЫ ЖӘНЕ ӨСІРУ АЛГОРИТМІ

Бұл мақалада микрожасылдардың пайдасы мен оны үй жағдайында өсіру алгоритмі айтылған. Микрожасылдар құрамында дәрумендерді сақтай отырып, балғында пайдалы өскіндер. Олар табиғи өнім. Микрожасыл – алғашқы екі шынайы жапырақ сатысында көкөніс немесе тамыр дақылдарының, сирек дәнді дақылдардың жас өскіндері. Мұндай микрожасылдарда дәрумендер мен микроэлементтердің мөлшері ондаған есе көп.

Микрожасылдардың негізгі түрлері:

- MONO – белгілі бір өсімдік түрінің микрожасылдары
- Арнайы тағамға арналған MULTI-MIX, бұл екі немесе үш түрлі өсімдік түрлерінің қоспасы
- Үйде микрожасыл өсіру технологиясы
- Өсірудің ең танымал әдісі – субстратта өсіру, өйткені үй бағандарының көпшілігі оны ең қисынды деп санайды. Кең контейнер қажет болады, дренажды тесіктер жасаудың қажеті жоқ.
- Егу алдында тұқымдарды бөлме температурасында 2-12 сағат бойы жібітініз (өсімдікке байланысты). Мысалы, су кресі үшін 15-20 минут жеткілікті. Бұршақ пен мөш бұршақтары 12-18 сағат бойы сіңірледі. Шард, күнбағыс, қызыла - 8-12 сағат.
- Таңдалған субстратты контейнердің түбіне қойып, тұқымдарды бетіне біркелкі таратыңыз;
- Бұріккіш бөтелкे арқылы тұқымдарды алғалдан тұру қажет;
- Контейнерді дақылдармен мөлдір қақпақпен жабыңыз - бұл шыны, пластик қақпақ, тамақ пленкасы, сөмке, банка болуы шарт;
- Өсіру кезінде тұқымдарды құніне 1-2 рет желдетіп, суару қажет. Бірақ ауаның жетіспеушілігімен және артық ылғалдылықпен тұқымдар көгеріп кетуі мүмкін екенін ескерген жөн;
- Тұқымдар өне бастағаннан кейін қақпақты алып, контейнерді жарық жерге (терезе төсөнішіне) қойыңыз. Қөштеттердің тікелей құн сөүлесінің әсеріне ұшырамауы маңызды, себебі бұл кішкентай өсімдіктерді құрғатуы мүмкін;
- Болашақта микрожасылдарды қалыпты мөлшерде суару керек және олар құрғаған кезде құніне 1-2 рет бұріккіш бөтелкемен ылғалдан тұру керек;
- Микрожасылдар өсірілетін дақылға байланысты 5-14 құнде тұтынуға дайын болады;
- Дайын өскіндерді қайшымен кесу арқылы тамаққа қолдана беруге болады;
- Микрожасылдарды контейнерде немесе қағаз сұлгімен тоңазытқышта 5 қунге дейін сақтауға болады;
- Микрожасылдарды әртүрлі субстраттарда өсіруге болады;
- Қағазда (мысалы, қағаз ас үй сұлгілері);
- Мақта немесе мақта жастықшаларында (материал таза, қажетті қалындықтың қабатында ыңғайлы орналастырылған, суды жақсы сініреді);
- Дәке, тоқыма емес майлықтар (дәкені бірнеше қабатқа бүктеп, ылғалдандырып, тұқыммен себу керек).

Егер күмәнді немесе өздігінен жиналған тұқымды қолданған жағдайда, оны алдын ала дезинфекциялау қажет: сода ерітіндісінде (200 мл-ге 1 г) немесе бор қышқылында (1 л-ге 0,2 г) бір құн бойы алдын ала салып қою керек. Өсіретін ыдыста да таза болуы керек.

Микрожасылдар кез келген басқа көкөніс және жасыл дақылдар сияқты тұтынылады: оларды салаттарға және басқа тағамдарға қосуға, жайғана жаңа піскен уақытында жеуеге немесе үйде жасыл смузи жасауға болады. Дайын ет, құс еті немесе теңіз өнімдері тағамдарын безендіру үшін микрожасылдар жиі қолданылады. Микрожасылдар негұрлым балғын болса, соғұрлым олар пайдалы болады. Термиялық өндеу немесе шын мәнінде кез келген басқа жағдайда дәрумен микрожасылдарға зиян келтіреді. Қайнатылған немесе қуырылған микрожасылдарда ешқандай дәрумен қалмайды. Сондай-ақ оны тұздауға, мұздатуға немесе басқа жолмен консервілеуге болмайды.

Қорытынды. Жұмысымды қорытындылай келе, мен қарапайым, таныс тұқымдардан ағзаға пайдалы дәрумендер алуға болатынын білдім. Ол өте тез өседі: жас өсімдіктерді 3-тен 7 күннен кейін жинауға болады. Негізінде оны пісірудің қажеті жоқ, оны салаттарға пайдалану керек .Ол витамин тапшылығын жақсы жеңеді, ас қорыту процесіне оң әсер етеді және жақсы сінеді. Бұл табиғи және экологиялық таза тағам. Микрояссылдарды өсіру – қызықты және өте пайдалы іс-әрекет.

Әдебиеттер

1. Микрозелень: энцикл./ пер. с англ. Н. Ледневой. – М.:АСТ: Астрель, 2001.
2. Я познаю мир. Живая природа от А до Я: энцикл./ Е.Д. Васильева, О.В. Волцит, В.В. Иваницкий и др. – М.: АСТ: Астрель, 2007г.
3. Белоус А.В., Мурашев С.В. Микрозелень – продукт питания для людей с современным ритмом жизни // Вестник студенческого общества – СПб: Издательство: Санкт-Петербургский государственный аграрный университет (Санкт-Петербург). – 2018. – Т.9. – №1. – С. 234-236.
4. Иванова М.И., Литнецкий А., Литнецкая О. и др. Микрозелень и сеянцы – новые категории органической овощной продукции // Новые и нетрадиционные их использования. – М: Издательство Федеральное государственное бюджетное научное учреждение «Федеральный научный центр овощеводства». – 2016. – №12. – С. 406-415

Интернет – ресурс

1. Онлайн портал «Fertilizer Daily» – статья «Польза микрозелени. Какую выбрать для выращивания в домашних условиях?» [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://www.fertilizerdaily.ru/20200508-vyrashhivanie-mikrozeleni-v-domashnih-usloviyah-kak-biznes-ideya/>
2. Онлайн портал GREENPORTAL – статья «Технология выращивания микрозелени в домашних условиях» [Электронный ресурс] – Режим доступа:https://greenportal.pro/healthy_food/mikrozelen-chto-eto-i-chem-ona-polezna/
3. Проект «Ботаничка.ru» – статья «Микрозелень – что это такое и с чем её едят?» [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://www.botanichka.ru/article/mikrozelen-chto-eto-takoe-i-s-chem-eyat/>
4. Сайт компании «Гавриш. Профессиональные семена» – статья «Как выращивать микрозелень: рекомендации для овощеводов» [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://gavrishprof.ru/info/publications/kak-vyrashchivat-mikrozelen-rekomendacii-dlya-ovoshchevodov>.

Р. Серікқызы, Е. Құмарбек

Ғылыми жетекшісі – **Д.Б. Музапарова**, жаратылыштану пәндері оқытушысы, педагогика ғылымының магистрі

ҚАРАГАЙ ШАЙЫРЫНЫҢ ЕМДІК ҚАСИЕТИ

Зерттеу өзектілігі: Бұл жоба табиғи өнімдер мен баламалы медицинаға қызығушылықтың артуы, сондай-ақ спорттық қажеттіліктер тұрғысынан өзекті. Қарағай шайыры – бактерицидтік қасиеттері бар бірегей табиғи өнім. Біз оның медицинадан спортқа дейінгі қолдану салаларын, тарихи және заманауи аспектілерін зерттейміз. Сонымен қатар, қарағай шайырының жараларды емдеудегі және аурулардың алдын алудағы тиімділігіне эксперименттік зерттеулер жүргізіп, әртурлі рецептер мен технологияларды талдаймыз. Зерттеу мақсаты: қарағай шайырының емдік қасиеттерін зерттеу.

Мәселе: Қарағай шайырын заманауи қолдану және оның денсаулыққа пайдасы туралы толық ақпараттың болмауы.

Зерттеу мақсаты: Қарағай шайырының және оның

Қосымшаларының әртүрлі салалардағы қасиеттерін зерттеу.

Зерттеу міндеттері:

1. Қарағай шайырының химиялық құрамы мен пайдалы қасиеттерін зерттеу.

2. Қарағай шайырының медицинада және күнделікті өмірде қолданылуын зерттеу.

3. Шайырдың бактерицидтік қасиеттері бойынша эксперименттік зерттеулер жүргізу.

Ресурстар: материалдық: қарағай шайыры, зерттеу жабдықтары;

Өнім: Зерттеу нәтижелері туралы есеп, әртүрлі салаларда қарағай шайырын қолдану бойынша ұсыныстары бар буклет.

Практикалық маңызы: жиналған материалдар мен алынған нәтижелер салауатты өмір салтын насиҳаттау мақсатында пайдаланылады.

Қарағай – керемет ағаш.

Абай облысының өсімдіктері өте әдемі және алуан түрлі: мұнда бүкіл

Ресейге белгілі көптеген өсімдіктер өседі. Олардың көшілілігі емдік қасиеттерге ие. Қарағай ағашы Абай облысының Бесқарағай ауданында кең таралған ең танымал және таңғажайып дәрілік өсімдіктердің бірі.

Адам денсаулығын сақтау – өзекті мәселе. Кейбір аурулардың алдын алу және емдеу үшін табиғи шөптен жасалған дәрілерді қолдану пайдалы. Біздің жұмысымыздың өзектілігі – сұық тиу мен вирустық аурулардың алдын алу үшін қарағайдың емдік қасиеттерін ұсыну. Қарағай – мәңгі жасыл қылқан жапырақты ағаш, құмды топырақта өскенді ұнатады. Ол кең таралуы мен қолжетімділігіне байланысты медицинада жиі қолданылады. Ағаштың барлық бөліктері (шайыр, инелер, бүршіктер) және оның туындылары (шайыр, скрипидар, канифоль) емдеуде пайдаланылады.

Менің зерттеулерімнің нәтижелері

Мен керемет қарағайларға бай ауылда тұрамын. Олардың жіңішке, алтын діндеріне қарап, шайырдың ісі бар таза ауамен тыныс алу өте керемет. Адамдар өздерін жақсы сезінеді. Кәдімгі қарағай-білктігі 50 м-ге дейін қылқан жапырақты ағаш. Қабығы қызыл-қоңыр, жарылған, тәжі кең, инелер жұптасқан, қатты. Қарағайға жарық өте қажет. Дәрілік зат ретінде қарағай инелері өте ұзақ уақыт бойы қолданылған. Инелер бірлескен ауруларға, сұық тиуге пайдалы. Қарағай инелерінен паста жасалады, ол күйіктер мен жарапарды емдейді. Қарағай-мәңгі жасыл өсімдік. Эрі қарай, мен қарағай инелерінде С витаминінің бар-жоғын тәжірибе арқылы тексеруге қызығушылық таныттым.

Ерітіндіде мен инелерді сүртіп, дәке арқылы сыйып, шырын алдым. Йодтың бір тамшысына зерттелетін ерітінді қостым. Тұсі кек түске өзгерді. Бұл С витаминінің болуын раставиды.

Қарағай шайыры денсаулыққа пайдалы.

Қарағай шайыры тірі өсімдіктерден жиналады және «шайыр» деп аталады. Қарағай шайыры сағыздың орнына бұрыннан қолданылған. Оның құрамында көптеген дәрумендер, биологиялық белсенді заттар, эфир майлары болғандықтан, ол дәрумендердің жетіспеушілігімен байланысты аурулармен, сондай-ақ ауыз қуысы мен тاماқтың қабыну процестерімен күресуде қолданылған.

Шайыр негізіндегі сағызды өзініз жасай аласыз. Мұны істеу үшін ағаш қабығының бетінен тұтқыр шайырды (елдегі төсөніш) жинап, оны қант ұнтағымен араластырып, сағыз кеуіп кетпес үшін фольгага орау керек болды. Дәріханадан қарағай шайырын сатып алғып, оны қызыл иек пен тісті нығайтатын құрал ретінде шайнаңыз. Скрипидар шайырдан алғынады, ол сұық тиу үшін қолданылады. Қарағай косметологияда танымал, өйткені қарағай ағаштарының эфир майларына негізделген препараттар шашты нығайтады, теріні белсенді қалпына келтіруге, оны жасартуға және қайызғақтан арылуға көмектеседі.

Қарағайдың емдік қасиеттері. Қарағай – керемет табиғи дәрігер.

Қарағай ежелден сұық тиуді емдеу, микробтардан қорғау және қызыл иек ауруларын жеңілдету үшін қолданылған. Қарағайлар орманның ауасы мұрынның ағуы, бронхит және тіпті туберкулезді емдеуге көмектеседі. Оның ісі есте сақтау қабілетін жақсартып, депрессияны жеңілдетеді.

Қарағай ауаны зиянды бактериялардан тазартады: жапырақты орманмен салыстырғанда, қарағайлар орманның ауасында бактериялар 10 есе аз. Дәрілік мақсатта бүршіктері, инелері, тозаны, шайыры қолданылады.

Қарағайдың қасиеттері:

- Қақырық тұсіретін, диуретиктік әсері – бронхит, өкпе қабынуын емдеуге көмектеседі.
- Анальгетикалық қасиеті – жарақаттарға таза шайырды қолдануға болады.
- Бактерияға қарсы әсері – шайыр тұтіні бөлмелер мен ыдыстарды залалсыздандыруға пайдаланылады.

- Эфир майлары – қан айналымын жақсартып, қысымды реттейді.

Шайырдың емдік қасиеттері

Қарағай шайыры – табиғи емдеуші құрал, оны әртүрлі ауруларды емдеуде тиімді қолдануға болады. Қарағай шайыры ежелден емдік қасиеттерімен танымал. Оны “өсімдіктердің тірі қаны” деп атайды, өйткені ағаш өзін-өзі емдеу үшін жарақаттанған жерлерден емдік сұйықтық бөледі. Шайыр қышқылдары мен эфир майлары күшті бактерицидтік әсерге ие, сондықтан тері ауруларын емдеуге және жараларды дезинфекциялауға қолданылады. Шайырдан алынатын скрипидар антисептикалық қасиетке ие, бұлшықет пен қабыну ауруларын емдеуге арналған жақпа майларда қолданылады. Халықтық медицинада шайырды ішкі және сыртқы қолданады.

Қарағайдың емдік қасиеттері:

- Бұтақ үгінділері – бел мен буын ауруларын женілдетеді.
- Өркен қайнатпалары – тыныс алу жолдары ауруларын емдейді.
- Шайыр – тері ауруларын емдеуге арналған (Вишневский жақпасына кіреді).
- Белсендірліген көмір – улану кезінде қолданылады.

Танымал рецепттер:

1. Қарағай бүршігінен бал – бүршіктер суға қайнатылып, қант қосылады.
2. Қарағай инесі джемі – инелерді ұнтақтап, қайнатады.
3. Қарағай тозаңынан бал – тозаң ара балымен араластырылады.
4. Шайыр балы – ерітілген шайырға прополис пен өсімдік майы қосылады.

Корытынды. Гипотеза расталды. Қарағай көптеген аурулардың дәрігері ғана емес, құрылышта музикалық аспаптарға арналған материал ретінде қолданылады. Қарағай туралы көптеген мақал-мәтеддер, өлеңдер, суреттер салынды. Гипотеза расталды. Қарағай-көптеген аурулардың дәрігері. Қарағай С дәруменіне бай. Қарағай инелерді біртіндеп өзгертеуді, инелер жұп болып орналасады.

Әдебиеттер

1. Атлас – «Жерден аспанға» анықтаушы А.А. Плещаков.
2. Әлімбаева П.К. Айналамыздағы дәрі-дәрмектер.
3. Дәрілік өсімдіктердің атласы: yandex.ru/video
4. Липин П.В. Солтүстіктің дәрілік өсімдіктері: халықтық медицинада және күнделікті өмірде қолдану.
5. Мартыненко В.А. Тайга дәріханасы.

A.Б. Сейтказина

«№45 жалпы орты білім беретін» КММ, Абай облысы, Семей қ.,
Фылыми жетекшілері – Е.Ж. Асылбаева, А.Т. Джолдыбаева, биология пәнінің мұғалімі

МЕКТЕП ҮЛЕСКІСІН КӨГАЛДАНДЫРУДА КАЛИФОРНИЯЛЫҚ ҚЫЗЫЛ ҚҰРТТЫ (ШЫЛАУШЫН) ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ТАБИҒИ БИОТЫҢАЙТҚЫШ (БИОГУМУС) ӨНДІРУ

Кіріспе: Бұл зерттеу жұмысында кәдімгі қарағай өсімдігінің пайдасын оқушыларға түсіндіру. Мектепті көгалдандыру мақсатында экологиялық жағынан тиімді ағаштарды егу және калифорниялық қызыл құртты (шылаушын) пайдалана отырып биологиялық тыңайтқыш (биогумус) алу.

Түйін сөздер: қарағай өсімдігі, көгалдандыру, қарағай бүрі, тұқым, табигат, биогумус, калифорниялық қызыл құрт (шылаушын).

Калифорниялық қызыл құрт – үй жануары сияқты зияны жоқ жәндік. Оны өсірудің еш қындығы жоқ, мұнымен арнайы жәшіктерді немесе ені 1-2 метр болатын, бүйір қабыргалары мен түбі бар науаларды қолданып, бау-бақша участкесінде айналысуға болады. Тамақты көп талғамайды. Бұл шылаушындар қарапайым құрт сияқты емес, ұзақ өмір сүреді. Олар қарапайым шылаушын сияқты топыраққа кіріп, қашып кетпейді, азық берген жерде өмір сүре береді.

Биогумус – органикалық тыңайтқыш, ауыл шаруашылық қалдықтары шылаушын және басқа да микроғзалармен (санырауқұлақтар, бактериялар, актиномицедтер, жәндіктер, буынаяқтылар) өндөледі. Биогумус өте пайдалы органикалық тыңайтқыш болғандықтан, оған деген сұраныс та жоғары. Биогумус топырактың құнарын, құрылымы мен физикалық қасиеттерін жақсартады. Биогумуспен тыңайтылған топыракты бірнеше жыл қолдануға болады. Бұл шаруа калифорниялық қызыл шылаушындар арқылы көнді өндөу, биогумус (қара топырак) деп аталады [3, 5].

Зерттеу жұмысының мақсаты: мектеп жаңында эстетикалық және экологиялық тартымды кеңістік құру, еңбекқорлықты, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру және практикалық-бағдарлы оқыту қағидатын жүзеге асыру мақсатында жасыл желеңтер (қарағай) мен гүлдер есебінен мектепке іргелес – аумақтағы экологиялық жағдайды жақсарту. Алға қойған мақсатқа жету барысында алдымызға бірнеше міндеттер қойылды:

1. «Семей орманы» резервтарының туризм, экологиялық ағарту және ғылым бөлімімен қәдімгі қарағай өсімдігін қолдан өсіру, көшет дайындау;

2. Мектеп ауласын көгалдандыруда таза биотыңайтқыш негізінде калифорниялық қызыл құрт (шылаушын) пайдалана отырып, биогумус өндіру.

3. Мектептің ішкі бөлме гүлдері және үлкесідегі (раушанғул, шырайгүл, барқытшөп, нарғызгүл) және т.б гүлдерді өсіруде топырактың құнарлылығын арттыруды табиғи биотыңайтқыш (биогумус) пайдалану.

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Көгалдандыру адамның және мектептің өмірінде маңызды рөлін атқарады. Адамды тек өзі туралы ғана емес, қоршаған әлем туралы да ойлауға үйрету онай емес, өсіреле бұл мәселе жасөспірімдер үшін өзекті. Өсемдік, экологиялық жағынан тиімді, қарағай өсімдігін мектеп ауласына көгалдандыруға қолдану және оны қорғау [3, 5].

Материалдар мен әдістер. Қарағай тұқымы, калифорниялық қызыл шылаушын, сиырдың киғы, қара топырак, көшеткө арналған ұяшық, ағаш жәшік.

Нәтижелер және оларды талқылау. № 45 Жалпы орта білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесінде қарағай көшеттерін отырғызу жұмыстары Семей орманы» резервтарының туризм, экологиялық ағарту және ғылым бөлімімен 2023 жылы жүргізілген болатын. Оқушылар мектеп зертханасында 500 түп шырайгүл, 1000 түп бархытшөп, 100 түп үлпек (цинния), 200 түп цинерария отырғызылды.

2024 жылдың қантар айынан бастап мектеп зертханасында оқушыларымыз мектеп ауласын көгалдандыру мақсатында алғашқы 80 қарағай тұқымы отырғызылды. Бұл зерттеу жұмысында қарағай көшетін қолдан өсірудің қарапайым әдісін дәріптеу және оқушыларды табиғатты аялауға үйрету. Өзіміз күнделікті өмір сүріп, ауасымен демалып тыныстап жүрген ауланың экологиялық жағдайын жақсарту көзделіп отыр. Өздері өсіріп отырған қарағай көшеттеріне және аула, бөлме өсімдіктеріне биотыңайтқыш ретінде калифорниялық қызыл құрт (шылаушын) өсіруді қолға алды.

Сурет 1.



Сол жақтағы суретте қарағай тұқымын арнайы ұяшықтарға егу барысы



Оң жақтағы суретте ұяшықтарға топырақтарды қатынастарына сәйкес араластыру жұмысы

Жоғарыдағы суретте оқушылар Семей орманы» резервтарының туризм, экологиялық ағарту және ғылым бөлімінен алғынған қарағай тұқымдарын № 45 Жалпы орта білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі биология кабинетінің зертханасында егу жұмысы жүргізілуде. Мектеп ауласын көгалдандыруда раушан гүлі 30 түп отырғызылды.

Қорытынды. № 45 Жалпы орта білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі биология кабинетінің зертханасында мектеп ауласын көгалдандыру мақсатында Семей орманы» резервтарының туризм, экологиялық ағарту және ғылым бөлімімен қарагай тұқымы әкелінді және 80 қарагай тұқымды отырғызылды. Сонымен қатар мектеп үлескісінің топырағын құнарландыру үшін калифорниялық қызыл құрт (шылаушын) өсіріліп, табиги биотыңайтқыш (биогумус) алу жұмыстары жүргізілуде.

Әдебиеттер

1. Ахметжанова А.И., Гурр Р.В. Ресурсы лекарственных растений в некоторых районах Центрального Казахстана. В сб.: Морфологические и экологические особенности растительного мира Центрального Казахстана. – Караганда, 1986. – С. 21-29.
2. Қожабеков М., Қожабекова Г. Дәрілік өсімдіктер. – Алматы: Қазақстан, 1982. – С. 3-5.
3. Флора Казахстана. Т.1. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1956. – С. 354.
4. Флора Казахстана. Т.2. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1958. – С. 290.
5. Флора Казахстана. Т.3. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1960. – С. 458.
6. Флора Казахстана. Т.4. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1961. – С. 545.
7. Флора Казахстана. Т.5. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1961. – С. 515.
8. Колесов. Посадка сосны на песчаных почвах. Харьков, 1893; 2-е изд., 1900.
9. Правдин Л.Ф. Сосна обыкновенная. Изменчивость, внутривидовая систематика и селекция. – М.: Наука, 1964. – 190 с.
10. Тимофеев В.П. Старейший опыт географических культур сосны обыкновенной // Лесное хозяйство. – № 8. – 1974. – С. 35-39.
11. Туллус Х.Х. Продолжительность жизни хвои сосны обыкновенной в Эстонии // Лесоведение. – 1991. – № 4. – С. 89-92.
12. Новицкая Г. Сосны для малого сада // Цветоводство. – № 1. – 2008. – С. 48-52.

В.А. Сергачев

КГКП «Высший колледж ИТ и новых технологий» области Абай
Научный руководитель – А.С. Балықбаева, преподаватель химии и биологии

РОЛЬ ВИТАМИНОВ В ЖИЗНЕНДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЧЕЛОВЕКА

Цель: выяснить, что такое витамины, для чего они нужны человеку, как они влияют на здоровье человека. Эта тема актуальна, так как витамины поддерживают здоровье человека.

Витамины – это группа низкомолекулярных веществ различной химической природы, обладающих выраженной биологической активностью и необходимых для роста, развития и размножения организма [1].

Восполнить недостаток витаминов в пищевом рационе помогут различные препараты, которые в большом количестве выпускает современная фармацевтическая промышленность. Важно употреблять их в точном соответствии с дозировкой, указанной на упаковке или в инструкции [2].

Вместе с преподавателем провели анкетирование по выявлению недостатка витаминов среди студентов 1-го курса.

Анализ результатов тестирования (анкетирования). Если на большинство вопросов студент ответил отрицательно, следовательно, по этому витамину или микроэлементу у него проблем нет. А если на большинство вопросов студент ответил положительно, то у студента выявился недостаток витаминов и минералов в организме.

Роль витаминов особенно важна при приеме антибиотиков, разрушающих бактериальный фон кишечника. Витамины выполняют защитную функцию и регулируют жизнедеятельность организма. Они не имеют никакой питательной ценности, но без них обмен веществ невозможен. Кроме этого, они способствуют повышению работоспособности и тонусу, а также они улучшают самочувствие [3].

Таблица 1 – Анкетирование по выявлению недостатка витаминов среди студентов 1-го курса

Тест на обеспеченность						
кальцием	калием	железом	витамином А	витамином Д	витаминами группы В	витамином С
у 32% студентов есть недостаток этого витамина	у 24% студентов есть недостаток этого витамина	у 22% студентов есть недостаток этого витамина	у 17% студентов есть недостаток этого витамина	у 34% студентов есть недостаток этого витамина	у 42% студентов есть недостаток этого витамина	у 9% студентов есть недостаток этого витамина
у 68% студентов этого витамина достаточно	у 76% студентов этого витамина достаточно	у 78% студентов этого витамина достаточно	у 83% студентов этого витамина достаточно	у 66% студентов этого витамина достаточно	у 58% студентов этого витамина достаточно	у 91% студентов этого витамина достаточно

Литература

- Березов Т.Т. Биологическая химия: Учебник / Т.Т. Березов, Б.Ф. Коровкин. – М.: Медицина, 2000. – 704 с.
- http://www.vit-amin.ru/
- Малахов Г.П. Витамины и минералы в повседневном питании: Лечебно-профилактическое значение продуктов питания; Овощные и фруктовые соки; Витамины; Минералы Рецепты здоровья. – Генеша, Сталкер, АСТ, 2006. – 256 с.

А. Тилегенқызы, Н. Райхан

«№45 жалпы орты білім беретін» КММ, Семей қ., Абай облысы
Ғылыми жетекшілері – Е.Ж. Асылбаева, Ж.Ә. Чакибаева

САПАЛЫ КОЛЛАГЕНДІ ТАЛШЫҚТАР – САУ ТЕРІНІҢ НЕГІЗІ

Коллаген – бұл организмдегі ең көп кездесетін белок. Ол негізгі құрылымдық компонент болып табылады, әсіресе тері, шеміршек, сүйек, бұлшықет, сіңір және қан тамырларында.

Коллаген тіндерге беріктік, серпімділік және тұрақтылық береді, соның арқасында ағзаның құрылымы мен формасы сакталады. Коллаген терінің серпімділігін және ылғалдылығын қамтамасыз етеді, жастықты сақтауға көмектеседі. Коллаген – ағзаның құрылымын және функционалдығын сақтаудағы негізгі компонент, сондықтан оның тапшылығын болдырмау үшін дұрыс тамақтану мен өмір салтына көніл бөлу маңызды [1, 3].

Коллаген ақуыздың құрылышынан материалы болып табылатын 19 амин қышқылынан жасалған», – дейді біртұтас диетолог Джениффер Ханвей. «Диеталарымызға ақуызға бай тағамдарды қосу бізге коллаген жасау үшін қажетті шикізат береді. Органикалық тауық еті, шөппен қоректенетін сиыр еті және жабайы лосось сияқты жануарлардың жоғары сапалы белоктарын таңдаңыз» [7, 8].

Зерттеу жұмысының мақсаты: Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – сапалы коллагенді талшықтардың сау терідегі рөлін, құрылымын және маңыздылығын зерттеу. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылады:

Коллагеннің терідегі рөлін анықтау: Коллагеннің терінің беріктігі, серпімділігі және ылғалдылығына әсерін талдау.

– Сапалы коллаген көздерін зерттеу: Сүйек сорпасы сияқты табиги өнімдерден коллагенді алу әдістерін қарастыру.

– Сау терінің қолдау бойынша ұсыныстар жасау: Коллагеннің тиімді көздері мен оны пайдалану әдістері туралы ақпарат жинақтау.

– Зерттеу жұмысы сау терінің сақтау мен жақсарту үшін коллагеннің маңыздылығын көрсетуге, сондай-ақ тері күтімі стратегияларын дамытуға көмектеседі.

Материалдар мен әдістер. Сиыр сүйектері, су, дәмдеуіштер мен көкөністер.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы: Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы сау тері мен жалпы денсаулықты жақсарту мақсатында коллагенниң рөлін тереңірек түсінуге бағытталған.

Сүйек сорпасы арқылы коллаген алу әдісі халықтық медицинада кеңінен қолданылатыны белгілі. Бұл зерттеу сүйек сорпасын сауықтыру құралы ретінде ғылыми негіздеме беруге көмектеседі.

Зерттеу нәтижелері коллагенниң тері денсаулығына әсерін көрсетіп, тері құтімі өнімдерін жасау үшін жаңа әдістерді ұсынуға мүмкіндік береді.

Зерттеу коллагенниң буындар мен жұмсақ тіндердегі рөлін анықтап, бұл ақпаратты реабилитация мен профилактикалық шаралар үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Зерттеу коллагенниң тамақтану арқылы алынуын насиҳаттай отырып, адамдарды денсаулығына жауапкершілікпен қарауға шақырады. Осылайша, зерттеу тәжірибелік маңыздылығы тері денсаулығын жақсарту, халықтың денсаулығын нығайту, сондай-ақ тері құтіміне арналған тиімді стратегияларды дамытуға бағытталған.

Коллаген – терінің негізгі құрылымдық ақуызы болып табылады, оның сапасы мен мөлшері терінің серпімділігі мен тығыздығына тікелей әсер етеді. Зерттеу жұмысы барысында сиыр сүйек сорпасының химиялық құрамын ескере отырып сүйек сорпасын дайындағы, қолдандық.

Дұрыс тамақтану, белсенді өмір салты мен тиімді косметикалық процедураларды біріктіру арқылы коллаген синтезін қолдап, тері мен буындардың денсаулығын сақтауға болады.

Сапалы коллагенді өндіру мен сақтау әдістері оның тиімділігін арттырып, денсаулыққа пайdasын қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер

1. Пожарская Л.С., Либерман С.Г., Горбатов В.М. Кровь убойных животных и ее переработка. 2-е изд. – М.: Пищевая промышленность, 1971. – С. 17-24.
2. Рыжкина С.Г. Обработка субпродуктов и их использование на предприятиях мясной промышленности / Мясная промышленность. Обзорная информация – М.: ЦНИИ-ТЭИ мясомолпром, 1986. – С. 24.
3. Суханов Б.П. Гигиеническая оценка новых безотходных и малоотходных технологий переработки мяса. – Рукопись Департамента в АгроНИИТЭИ мясомолпроме 10.10.86 г. – №473. – ММ.)
4. Стекольников Л.И., Горбатов В.М. Современные способы тендеризации мяса / Мясная промышленность. Обзорная информация. – М., ЦНИИТЭИ Мясомолпром, 1984. – С. 34.
5. Патент 2285786, Франция A23L 1/31. Бюл.ИЗР 1986. вып. 4, №4.
6. Рогов И.А. Технология мяса и мясопродуктов. – М.: Агропромиздат, 1988. – С. 576.
7. Василевская Л.С. Научные теории питания – основа здорового образа жизни // Материалы IV Всероссийской конференции «Здоровое питание: воспитание, образование, реклама». – М., 2001. – С. 35.
8. Антонов С. Жаңа бес жылдықта ет индустриясы «СССР ет индустриясы». – Алматы, 1996. – Б. 126-134.

№ 2 СЕКЦИЯ: ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ (ГЕОГРАФИЯ, ХИМИЯ, ЭКОЛОГИЯ)

СЕКЦИЯ № 2: ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ (ГЕОГРАФИЯ, ХИМИЯ, ЭКОЛОГИЯ)

Т.С. Сайлаубаева

«Шәкәрім атындағы көбейінді №5 гимназия» КММ

Ғылыми жетекшілері: А.Б. Нугманова, М.А. Советқалиева биология пәні мұғалімдері

АБАЙ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҚОҚЫСТЫ ҚАЛДЫҚСЫЗ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫ

Экологиялық кодекске сәйкес Абай облысында қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының үш жылдық жобасы әзірленді. Облыстағы ерекше қорғалатын табиғи ауماқтың жалпы ауданы 847,7 мың гектар. Қоршаған ортаны қорғаудың 2024-2025 жылдарға арналған жоспары құрылды. Бұл жоспарда Ертіс өзенінде Павлодар облысының шекарасына дейін су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу, Семей қаласында, Бородулиха, Бесқарағай, Үржар аудандарында және Аксуат жәнк басқа аудандарда полигондарды салу мен жаңғырту тәрізді біршама экологиялық мәселелер қамтылған. Өртеу зауыты – қазандықтарда немесе пештерде термиялық ыдырау арқылы өндірістік және қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өндеу технологиясын қолданатын кәсіпорын. Абай облысында 50-ден астам рұқсат етілмеген қоқыс орындары жойылды. Тағы да бір өзекті мәселе – рұқсат етілмеген полигондар санының өсуі. Космомониторинг 386 полигонды анықтады, оның 51-і жойылды, бұл 13% құрайды, бұл өте төмен көрсеткіш. Стихиялық полигондардың пайда болу себептерінің бірі – ҚТК заңдастырылған полигондарының болмауы. ҚТК-ны уақытша орналастырудың 170 объектісінің тек 5 немесе 2,9% экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкес келеді. Осыны ескере отырып, әкімдікке рұқсат етілмеген полигондарды жою жөніндегі жұмысты күшету, жана полигондарды салу, заңдастыру мәселелерін қару, сондай-ақ коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және бекіту ұснылды.

Тақырыптың өзектілігі:

Абай облысындағы рұқсат етілмеген қоқыс орындарын жойып, олардың толық өнделуіне жол ашыымыз керек. Абай облысын қоқыс аланына айналуынан сақтап қалу үшін қандай жағдайлар қарастыра аламыз соған көңіл аударуымыз керек. Абай облысында осыған дейін болмаған қоқыс өндеу зауытының құрылу мүмкіндігін жасау ойымызда бар.

Абай облысында қоқысты қалдықсыз өндіретін зауытың макетін жасау, оның пайдасын зерттеу. Қоқыстың қоршаган ортага тигізетін зияның зерттеу, себеп-салдарын анықтау. Бүгінгі күнде зауыттың жоқтығынан қоқыстың орналасатын жерін анықтай отыра, жою мақсатында шешу жолын ұсну.

Материалдар мен әдістер:

Қоқыс – еліміздің дамуына кесір. Қазіргі кезде бәрімізді қатты алаңдатып отырған жағдай – табиғатымыздың тікелей адамның іс-әрекетінен ластанып, бұзылуы. Қалдықтарды кәдеге жарату проблемасы оны шешудің тиімді жолдары бар екенине қарамастан, әлемдегі ең өткір мәселелердің бірі болды және болып қала береді.

Әдебиеттер

1. https://www.instagram.com/p/CxpOkxitNT_/?igsh=MTJrZjZjM2ozNGt1Yg==
2. <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay/press/news/details/456836?lang=kk>
3. <https://baq.kz/abay-oblysynyn-ekologiyalyq-zhagdayyn-zhaqsartu-boyynsha-ne-istelip-zhatyr-296360/>
4. <https://dknews.kz/kz/kazak-tilindegi-makalalar/263689-ekologiya-ministri-abay-oblysynyn-turyndarymen>
5. <https://green.reo.ru/articles/tpost/e02ruac9v1-otkrivaet-vtoroe-dihanie-kak-rabotaet-mu?amp=true>
6. «Жас алаш» газеті 2004ж
7. «Экология және қоршаган ортаны қорғау» Асқарова Ұ.Б

Н. Даuletқызы

Абай облысы білім басқармасының Аягөз ауданы білім бөлімінің
«№1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Фылыми жетекші: **Ж.Е. Нургалиева**, география пәні мұғалімі

АУА ҮЛҒАЛДЫЛЫҒЫН ӨЛШЕЙТІН РОБОТ

Біздің мектепте көгалдандыру жұмысы жақсы жолға қойылған. Мектеп залдарында және пән кабинеттерінде түрлі бөлме ғұлдарі көз тартарлық. Ол өсімдіктердің негізгі географиялық ортасы, ылғалды тропиктік орманды белдеулері. Осындай өсімдіктерді өсіру барысында, алдымен олар қандай географиялық ортада өскенін анықтап алғып, сосын жағдай жасау қажет. Осындай зерттеу жасай отырып, өсімдіктерге керекті ылғалды тропиктік ауамен қамтамасыз етуді шештік. Мен, жетекшім және информатика пәні мұғалімдерінің көмегімен жаңадан құрылғы ойлап таптық. Ол, «Ауа ылғалдылышын өлшейтін робот». Енді бұл жұмысты жүзеге асыру бізге оңай болған жоқ, әбден ізденіп бағдарламашы агалардың көмегіне жүргіндік.«Arduino» платформасын оқып, нұсқаулығымен таныстық. Енді электроника жағына көніл бөлейік, Бұл жердеarduino уно микроконтроллерін қолданамыз және DF плеер мп 3 құрылғысын дайындаимыз мини флешкасымен, оған дауыспен айтатын аудиофайлдарды жазамыз. Arduino Uno – бұл ATmega328 микроконтроллеріне (деректер парагы) негізделген құрылғы [4]. Arduino Uno R2 тақтасында микробағдарламаны жаңарту процесін жөнілдету үшін резистор қосылады, ол 8U2 микроконтроллерінің HWB сывығын жерге тартады.

Сымдары бар DHT21 жоғары дәлдіктегі климаттық сенсор Arduino негізіндегі жобаларда қоршаған ортаның температурасы мен ылғалдылышын өлшеу үшін қолданылады. Сымдар схемасы DHT22-ге ұқсас.DHT21 сенсорында оны шаңнан, кірден және жаңбырдан қорғайтын корпусы бар, бұл оны көшеде пайдалануға мүмкіндік береді. Осылай ақыры жеңіске жеттік, құрылғымызды жасап шығарып, сынақтан өткіздік. Бұл роботымыз ауаның температурасы мен ылғалдылышын бақылап отырады. Температура өскен сайын робот өз дауысымен хабарлап отырады. Негізі температура жоғарылаған сайын ауа ылғалдылышы төмендейді. Адам ағзасына да өсімдіктерге де қажет ауа ылғалдылышы 40-60 % болу керек екен. Егер ауа ылғалдылышы 35% болғанда Робот ауа ылғалдылыш аппаратын іске қосады.Бұл жағдайдың барлығын LCD 1602 дисплейінен бақылап отырамыз. Робот ауа ылғалдылышы туралы біршама мәліметтер айтады [2].

«Саламатсыздарма! Мен ауаның температура мен ылғалдылышты өлшеуді бақылауды автоматтандырылған Робот. Мениң мақсатым: Температура өзгерген сайын хабарлаймын, ауа ылғалдылышы 35 проценттен төмендегенде ауа ылғалдауыш аппаратын іске қосамын. Өсімдік өзін жайлы сезінуі үшін ауа ылғалдылышы 40-60% шамасында болуы керек. Ауа ылғалдылышы қалыптан тыс төмендеп кеткенде өсімдік ылғалдан айрыла бастайды.

1. Температура 25 градустан жоғарылады
2. Температура 30 градустан жоғарылады
3. Температура 35 градустан жоғарылады
4. Температура 40 градустан жоғарылады

Бұл жердеarduino уно микроконтроллерге DF player mini модулімізді жалғастырдық. DF player mini модулімізден дыбыс шығаратын колонкаға жалғанады. Салмақты көрсетіп түратын 1602 дисплейге жалғанады [1, 3].

Міне осы құрылғыны пайдалану, барлық өсімдіктердің жақсы жайқалып өсуіне себін тигізері сөзсіз дегім келеді.

Әдебиеттер

1. Сафина Л.К., Петров Е.П. Жасыл өсімдік. – Алматы: Қайнар, 1992.
2. [http://el.kz/kz/news/archive/қазақстандағы-робототехника\]](http://el.kz/kz/news/archive/қазақстандағы-робототехника])
3. [https://www.zakon.kz/4816508-tarazda-robototekhnika-o1179u.html\]](https://www.zakon.kz/4816508-tarazda-robototekhnika-o1179u.html)
4. <http://bilimainasy.kz/?p=13974>

А.М. Қабдулмаратова
Абай облысы, Аягөз ауданы «№10 қазақ мектеп-гимназиясы»
Ғылыми жетекшісі – Н.К. Жұмадилова, биология пәнінің мұғалімі

ЭКО АСФАЛЬТ

Қазіргі кезде пластик қалдықтарының жиналуы жаһандық экологиялық мәселеге айналды. Пластиктің табиги ыдырау мерзімі өте ұзақ болғандықтан, оны қайта өндіру – экологияны сақтаудың маңызды шешімдерінің бірі. Бұл ғылыми жобаның маңытасы – экоасфальт өндірісінің экологиялық және экономикалық тиімділігін зерттеу, сондай-ақ жол жөндеу процесін автоматтандыру үшін робототехника элементтерін қолдану. Қазақстанда жыл сайын мындаған тонна пластик қоқысқа тасталады, ал еліміздегі жолдардың сапасы мен ұзақ мерзімділігі мәселесі өзектілігін жойған жок. Дәстүрлі асфальт орташа есеппен 5 жылға ғана жарамды болса, құрамына пластик қосылған экоасфальт 12 жылдан 40 жылға дейін шыдамды келеді. Бұл әдіс қоқыс мөлшерін азайтып қана қоймай, жол құрылышының шығындарын да төмендетеді.

Экоасфальт өндіру процесі дәстүрлі әдіске ұксас, бірақ оның құрамына арнайы дайындалған пластик қалдықтары қосылады. Мұндай асфальттың басты артықшылықтары – оның беріктігі, экологиялық тазалығы және экономикалық тиімділігі. Зерттеулер көрсеткендегі, 1 тонна дәстүрлі асфальт өндіру 60515 теңге болса, экоасфальт 42000 теңге тұрады. Сонымен қатар, пластик негізіндегі жолдар жылуға төзімді, жылдам төсөлдегі және техникалық қызмет көрсету шығындарын айтартықтай азайтады. Бұл технологияны Нидерланд, Үндістан және Ресей мемлекеттері сәтті қолдануда.

Жоба аясында жол жөндеу процесін оңтайландыру үшін екі түрлі автономды робот үлгісі ұсынылды. А-робот жол жабындысын зерттеп, зақымданған жерлерді анықтайды, ал В-робот Bluetooth арқылы А-робот жіберген сигналды қабылдап, жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Бұл жүйе жөндеу уақытын қысқартып, адам ресурстарын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Қорытынды: экоасфальт технологиясын енгізу арқылы еліміздегі жол сапасын арттырып, қоқыс мәселесін шешуге, сондай-ақ жол жөндеу шығындарын азайтуға болады. Бұл технологияның тиімділігі дәлелденгендей, оны Қазақстанда кеңінен қолдану маңызды. Осыған байланысты пластик қалдықтарын қайта өндіру зауыттарын кебейтіп, экоасфальт өндірісін мемлекеттік деңгейде дамыту ұсынылады. Экоасфальт – экологиялық тұрақтылық пен экономикалық тиімділікті ұштастыратын болашақтың шешімі.

Әдебиеттер

1. Әліпбекова А.А. Отандық битумдар және «ЭКО-Шина» ЖШС резина ұнтағымен модифицирленген полимерлі-битумды тұтастырыштардың физика-механикалық сипаттамаларын зерттеу // М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, 2022. Бұл диссертацияда резина ұнтағын пайдаланып, полимерлі-битумды тұтастырыштардың қасиеттері зерттелген. – С. 4-7.
2. Исаева А.С. Асфальт-бетон қоспаларының құрылымы мен қасиеттерін қалыптастырудың битум сыйымдылығының рөлі // Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, 2024. Бұл жұмыста асфальт-бетон қоспаларының құрылымы мен қасиеттерін зерттеу қарастырылған. – С. 98-105.
3. Бораанбаева А.Н. Шикі мұнайды асфальт пен мелтонға бөлуге арналған қоспалар және олардың техникалық сипаттамалары // Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, 2023. Бұл диссертацияда асфальт өнімділігін өзгерту үшін қолданылатын қоспалар зерттелген. – С. 85-87.
4. Котлярский Э.В. Асфальт-бетон қоспаларының құрылымы мен қасиеттерін қалыптастырудың битум сыйымдылығының рөлі / Бұл мақалада асфальт-бетон қоспаларының құрылымы мен қасиеттерін қалыптастырудың битум сыйымдылығының рөлі талқыланған. – С. 12-17.
5. Mustafaeva B.U. Асфальтталған жолдардың экологиялық аспектілері / Бұл диссертацияда асфальтталған жолдардың экологиялық аспектілері зерттелген. – С. 47-51.

Н.Б. Бағзорова

Абай облысы білім басқармасының Бородулиха ауданы білім бөлімінің

«Камышенка орта мектебі» КММ

Ғылыми жетекшісі – **К.С. Капановна**, география пәнінің мұғалімі

СЕМЕЙ ОРМАНЫНДАФЫ АЛАПАТ ӘРТ

Мен өз зерттеу жобамың тақырыбын «Семей орманындағы алапат әрт» деп таңдау себебім, мені экология мен табиғатты қорғау мәселелеріне қызығамын және де оны басқа жандармен бөліскім келеді.

Бұл тақырыпты таңдау мақсатым: 2023 жылдың 8 маусымында орын алған әрт жайлы мағұлмат беру, оның қауіпі мен алдын алу, шешу жолдарын ұсыну.

Міндеттері:

- 1) Әрт пайда болу себептерін анықтау;
- 2) Оның адамға, жануарларға, табиғатқа деген қауіпін зерттеу;
- 3) Алдын алу шараларын ұсыну;
- 4) Шешу жолдарын ұсыну;

Тақырыптың өзектілігі: Семей орманы табиғаттың ең негізгі бөліктерінің бірі. Жалпы ауданы 1,5 миллион гектардан үлкен. Орманымыз көптеген жануарлар мен өсімдіктердің тіршілік ету ортасы. Ағаштар көмірқышқыл газын сіңіреді де, оттегіні бөліп шығарып, зиянды заттардан тазартады. Әлеуметтік те маңызы бар. Мысалы, біздің Камышенка ауылының көп тұрғындары орманда қызмет етеді. Орманның тарихи және мәдени құндылығы бар екенін де ұмытпаймыз.

Мәлімет: Алапат әрт 2023 жылы 8 маусымда екі рет наизағайдың жерге тұсу әсерінен, Батпаев орманшылығының 66 кварталында, Семейден 25 шақырым жерде орын алған деседі. «Семей орманы» резерватының техникалары білік құм төбелерге жете алмаған. Соның әсерінен қызыл жалынды бірден тоқтату мүмкін болмаған. Бірнеше елді-мекен тұрғындары қауіпсіз жерлерге көшірілді. 11 маусымда елбасымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев әрт орын алып жатқан жерге келіп, тікүшакпен арапап көрген.

Қауіпі: Қызыл жалынның алып келген қатері де аз емес. Қызметкерлер арасынан 8 маусымнан бері 14 адам хабарсыз кеткен. 9 маусымда алғашынан 3 адам мәйіті, кейін 11 адам мәйіті табылған. Тұтін адам денсаулығына да әсер етеді. Мысалы: дұрыс тыныс алмау, көз аурулары, өкпе аурулары т.б. Тұрғындар өз үйлерінен айырылды. Жануарлар өз өмір сүру ортасынан айырылды. Кейбір жануарлар өрттен қашып үлгермеген. Орман ағаштарының 60 мың гектардан астамы өртеніп кетті. Орманды қалпына келтіруге аз дегенде 50 жыл уақыт кетеді. Бұл көміртегі балансына әсер етеді. Өсімдіктер жанып кеткендіктен, жаңбыр топырақты шайып жіберіп, шөлейттенуге алып келуі ғажап емес.

Алдын алу жолдары: Адам факторын бақылау. Мысалы, қоқыстарды жинау әсіресе шыны ыдыстарды, ашық от жақпау. Қураған өсімдіктерден орманды тазарту жұмысын жүргізу. Техникаларды көбейту керек. Дрондарды пайдаланып ормандардағы жайттарды қадағалау.

Шешу жолдары: Орманды топырақ эрозиясынан және орман эрозиясынан құтқару үшін бұталар мен шөптер отырғызу. Жануарларды қорғау керек. Қазіргі таңда орманда қайта орнына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Қортынды: Егер халық болып, жұмылып жұмыс жасасақ бұл мәселені шешу онай болады деп ойлаймын. Ағаштар үнсіз ғана жылауда, күл олардың соңғы сөздері...

Әдебиеттер

1. «Жаңа уақыт» газеті. – №24 (25). – 16 маусым 2023 ж.

Н. Бейбітқызы

Семей қаласының «№38 жалпы орта білім беретін мектеп лицейі» КММ
Ғылыми жетекшісі – Г.К. Ақажанова, химия-биология пәні мұғалімі

ҚОРШАГАН ОРТАНЫҢ ТАЗАЛЫҒЫН САҚТАУДА ХИМИЯНЫҢ РӨЛІ

Қоршаган ортанды тазалығы – адамзаттың денсаулығы мен табиғи ресурстардың тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі. Қазіргі заманда өнеркәсіптің дамуы, қалалардың өсуі және тұрмыстық қалдықтардың көбеюі қоршаган ортаға үлкен әсер етуде. Бұл мәселелерді шешуде химия ғылымының рөлі өте зор.

1. Қоршаган ортанды қорғаудағы химиялық әдістер:

Химия ғылымы қоршаган ортанды тазалығын сақтауға түрлі жолдармен ықпал етеді.

Олардың ішінде:

Су тазарту технологиялары – Химиялық реагенттерді қолдану арқылы өндірістік және тұрмыстық сулардағы зиянды заттарды бейтараптандыру және тазалау процестері жүзеге асырылады. Мысалы, коагуляция, флотация, сорбция әдістері арқылы ауыр металдар мен органикалық ластаушыларды жоюға болады.

Ауаны тазарту әдістері – Атмосфераға тарайтын зиянды газдарды сүзгілеу, каталитикалық конверторлар көмегімен бейтараптандыру және озон қабатын қорғау үшін зиянды химиялық қосылыстарды қолдануды азайту.

Топырақты тазарту – Биохимиялық және физика-химиялық әдістер арқылы топырақты мұнай өнімдерінен, ауыр металдардан, пестицидтерден тазарту.

2. Экологиялық таза химиялық өнімдерді әзірлеу

Қазіргі таңда қоршаган ортаға зиян келтірмейтін жасыл химия саласы дамып келеді. Оның негізгі бағыттары:

Биоыйдырайтын полимерлерді жасау – Пластик қалдықтарының қоршаган ортада ыдырамау мәселесін шешу үшін табиғи шикізаттардан жасалған биоыйдырайтын материалдарды қолдану.

Зиянсыз химиялық тыңайтқыштар мен пестицидтер – Ауыл шаруашылығында топырақтың құнарлылығын сақтайтын және экожүйеге қауіп төндірмейтін тыңайтқыштар мен зиянкестерге қарсы заттарды пайдалану.

Энергияны үнемдейтін химиялық технологиялар – Өндіріс орындарында экологиялық таза шикізатты пайдалану және қалдықсыз өндеу процестерін енгізу.

Қорытынды

Қоршаган ортанды тазалығын сақтау – әрбір адамның және қоғамның жауапкершілігі. Химия ғылымының жетістіктері қоршаган ортанды қорғауда үлкен рөл атқарады. Химиялық әдістер арқылы ауаны, суды, топырақты тазарту, экологиялық таза өнімдер шығару және қалдықтарды өндеу – табиғатты сақтаудың басты жолдары болып табылады. Соңдықтан жасыл технологияларды дамыту мен экологиялық қауіпсіз химиялық заттарды қолдану біздің болашағымыздың кепілі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Бейсенова Ә., Самақова А., Есполов Т., Шилдебаев Ж. Экология және табиғатты тімді пайдалану. – Алматы, 2004.
2. Жатқанбаев Ж.Ж. Экология негіздери. – Алматы, 2003.
3. Общая экология / Под редакцией А.С. Степановских. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2000.
4. Денисов В.В., Гутенев В.В., Луганская И.А. Экология. – Москва, 2006.
5. Новиков Ю.В. Экология, окружающая среда и человек. Учебное пособие. – М., 1998.
6. Одум Ю. Экология в 2-х томах. – М.:Мир, 1986.
7. Бродский А.К. Краткий курс общей экологии. – С-П., 1996.
8. Тарасов А.О. Экология и охрана природы. – М., 1990.
9. Панин М.С. Экология Казахстана. – 2004.
10. Қазақстан Республикасының экологическаялық кодексі, 9 қантар 2007 ж.

И.К. Жумаханова, С.Р. Хайрутдинова

КГУ «Средняя общеобразовательная школа № 12», г. Семей
Научные руководители: **О.Б. Журавкина**, учитель биологии,
О.Б. Малышкина, учитель химии

РАЗУМНАЯ АЛЬТЕРНАТИВА СОВРЕМЕННЫМ ПОЛИМЕРАМ

Сегодня учёные и экологи много говорят о том, что пришло время переходить от пластика к биоразлагаемым альтернативам. Кроме загрязнения планеты непосредственно пластиковыми отходами, негативным образом оказывается на окружающей среде и производство пластика. Ядовитые химикаты, содержащиеся в пластмассе, попадают в продукты питания, напитки, океанские и грунтовые воды. И всё же способы избавиться от опасного пластика есть. Это упаковка из биоразлагающегося материала [1].

Актуальность проекта: загрязнение окружающей среды является одной из проблем, решение которой уже имеется, но многие не понимают для чего это нужно, и не думают о том, что рано или поздно экологическая катастрофа затронет каждого человека на земле.

Цель проекта: рассмотреть биопластик, как один из вариантов решения проблемы загрязнения окружающей среды. Получить в школьной химической лаборатории биопластики из натуральных компонентов и изучить их свойства.

Практическая значимость: загрязнение окружающей среды в век новых технологий актуальна как никогда. Материалы данной работы могут представлять интерес для общественности, а также могут быть использованы в образовательном процессе при изучении курса химии и биологии.

Практической частью нашей работы было изготовление биопластика в лабораторных условиях и изучение его свойств.

Рецепт изготовления биопластика «Уксусный»

1 ст. ложка (10 г) крахмала

4 ст. ложки (60 мл) воды

1 ч. ложка (5 мл) уксуса

1 ч. ложка (5 мл) глицерина

Все ингредиенты смешиваются и варятся при постоянном помешивании до запустения. Смесь охлаждается и формуется [2].

В ходе работы над проектом были изучены: история возникновения биопластика, Современные технологии производства биопластика в промышленных масштабах, удалось получить биопластик на основе природного полимера – крахмала. в лабораторных условиях. Изготовленные изделия из крахмала (в случае их утилизации), быстро разлагаются в почве под действием воды либо влаги.

Мы думаем, цель нашей работы достигнута. Экспериментальным путём доказано, что изделия из биоразлагаемых полимеров способны к разложению.

Мы считаем, что именно биоразлагаемость высокомолекулярных соединений и будет тем приоритетным направлением, которое позволяет исключить значительное число проблем загрязнения окружающей среды, возникающих при использовании бытовых товаров, а во многих случаях и продукции технического назначения из синтетических полимеров.

Литературы

1. Официальный сайт Европейской ассоциации биопластиков. <http://en.europeanbioplastics.org/technology/materials/materials>
2. Особенности и технология производства биопластиков <https://polimerinfo.com/kompozitnye-materialy/bioplastiki.html>

Н. Дарханқызы, Ж.Ж. Мынбаева

Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№11 ЖОББМ»КММ
Ғылыми жетекшісі – А.А.Тусупова, биология пәнінің мұғалімі

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ: ЛАСТАНУДЫҢ ӘСЕРІ МЕН ТАЗА ТАБИҒАТТЫҢ МАҢЫЗЫ

Қоршаған ортаны қорғау – бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі. Өндірістің дамуы, урбанизация және халықтың көбеюі табиғатка үлкен жүк. Адамзат өркениетінің қоршаған ортаға әсері жылдан жылға артып келеді, бұл климаттың өзгеруін, биологиялық әртүрліліктің жоғалуын және табиғи апартарды одан әрі тудыруды. Осыған байланысты қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты аялаудың маңызы күн санап артып келеді.

Қоршаған ортаның ластануының салдарын бірнеше негізгі пункттерге топтастыруға болады. Біріншіден, ауаның ластануы өндірістік ағынды сулар мен көліктердің пайдаланылған газдарының әсерінен ауа сапасының нашарлауын білдіреді. Дәлірек айтқанда, көмірқышқыл газы мен метанның шамадан тыс бөлінуі жаһандық жылынудың негізгі себептерінің бірі болып табылады. Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, соңғы ғасырда Жердің орташа температурасы $1,1^{\circ}\text{C}$ -қа көтеріліп, мұздықтардың еріп, теніз деңгейінің көтерілуіне себеп болған [1].

Қазір әлемдік экожүйе жердің ғаламдық маңызды мәселелері – ауа температурасының жоғарылауы, тірі ағзалардың көптеген түрлерінің жойылуы, ауаның, судың және жердің ластануы болып отыр. Осыған орай БҰҰ-ның Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы аясында: «Жер ғаламшарын, яғни биосфераны және оның ең құнды компоненттерін сақтай отырып, сіз өзіңізге қамқорлық жасайсыз. Ауа қажет болса, ағаштарды сақтаңыз. Ауыз су қажет болса, су бассейндерін таза ұстаныз. Есінізде болсын, жердегі игіліктерді ұтымды пайдалану керек. Табиғатты аялаңыз, қоршаған ортаны бүлінуден сақтаңыз!» деген ұран көтерді.

Екіншіден, су ресурстарының ластануы да басты мәселе. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың қалдықтары мен ауылшаруашылық қалдықтары өзендер мен көлдерге түсіп, экожүйеге үлкен зиян келтіреді. Мысалы, БҰҰ мәліметтері бойынша дүние жүзіндегі өзендердің 80%-ы тұрмыстық және өндірістік қалдықтардың барлық түрлерімен ластанған. Бұл судағы тіршіліктің жойылып кетуіне және адамдар арасында тұтынуға арналған таза судың жетіспеушілігіне әкеледі [2].

Үшіншіден, топырақтың ластануы ауыл шаруашылығына және табиғи өсімдіктердің сақталуына да кері әсер етеді. Пестицидтер мен химиялық тыңайтқыштарды шамадан тыс қолдану топырақты стерильді етеді, нәтижесінде ауылшаруашылық өнімдерінің сапасын төмендетеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау үйімінің мәліметтері бойынша, жыл сайын 12 миллион гектарға жуық ауыл шаруашылығы жерлері ластану салдарынан жарамсыз болып қалады [3].

Таза табиғатты сақтау болашақ ұрпақ үшін өте қажет. Табиғат тепе-тендігінің бұзылмауы үшін әркімнің ролі бар. Кейбір шараларға қайта өндеу мәдениетін енгізу, пластикті пайдалануды азайту және таза көлік құралдарын пайдалану кіреді. Сондай-ақ ел жасыл экономика мен табиғи орта заннамасын қүшешту арқылы тұрақты даму қағидаттарын өзектілендіруі қажет.

Корыта айтқанда, қоршаған ортаны қорғау тек экологиялық мәселе емес, сонымен бірге бүкіл адамзаттың денсаулығы мен әл-ауқатына тікелей әсер ететін маңызды аспект. Табиғатты сақтай отырып, біз өз болашақымызды да сақтаймыз. Барлық азаматтардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және экологиялық тұрақты өмір салтын қалыптастыру қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етудің маңызды қадамдарының бірі болып табылады. Табиғатты қорғау – біздің ортақ міндетіміз.

Әдебиеттер

1. Бейсенова Ә, Шілдебаев Ж. Экология. – Алматы, 2002.
2. Сағымбаев F. Экология негіздері. Оқулық. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 2000.
3. Упішев Е. Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау. Оқулық. – Алматы, 2006.

Б.М. Мукашев

Семей қаласы, «Электротехника колледжі» КМКК

Ғылыми жектекшілері: **Ш.Ә. Шынарбек**, арнайы пәндер оқытушысы

А.Б. Саньязова, математика пәнінің оқытушысы

ЖАСЫЛ ЭНЕРГИЯ

Жоба мақсаты: Экономикалық, экологиялық және энергетикалық жағынан тиімді болып табылатын, биоэнергетиканы өндіретін, биогаз қондырғыларын энергия тапшылығы байқалатын, мал шаруашылығымен айналысадын ауылдарға (қыстауларға, жайлауларға) орнату.

Биогаз қондырғысы немесе биореактор биогаз өндіреді. Биогаз – қатты және сұйық күйдегі органикалық қалдықтардың метандық ашуы кезінде түзілетін жанғыш газ. Биогаздың негізгі шикізат көзі: ірі қара, жылқы, қой-ешкінің көні және құс санлактары болып табылады. Ол отын есебінде қолданылады. Органикалық қалдықтардың ашып, ыдырау процесі кезінде түзілетін көмірқышқыл газы атмосфераға сіңіп, оның молаюына әсерін тигізеді [1, 34].

Шикізаттың бұл көзі тегін және таусымайтын болып табылады. Оның құрамында 55-65% метан және 35-45% көмір қышқыл газы болады. «Жасыл энергия» жобасы ARDUINO UNO платасының көмегімен ауа температурасын, ылғылдылығын және газының деңгейін бақылау үшін арнайы құрылды. Мәліметтер компьютер экранына немесе LCD дисплей арқылы шығарылды. Осы жобаны жүзеге асыру барысында қажетті құрал-жабдықтарды алғып, оларды бір-біріне байланыстыруды.

Жұмыстың барысы төмендегідей:

- Қажетті құрал-жабдықтарды жинаудық (биомасса жинау орны, арнайы ыдыс, түтікшелер, кран, резервуар (резина);
- Ауыл тұрғынының бірінен ірі қара малдың шымын және зәрін жинап алдық, арнайы ыдысқа салдық. Ідис бескітулі қүйде химия зертханасына алынды;
- Компьютерде ARDUINO UNO программасымен қажетті датчиктер арқылы LCD дисплей экранына газдың деңгейлік мөлшері мен температурасы және ылғалдылық туралы мәлімет көрсетілді.

Қолжетімді биогаз өнімі алынды. Дайын биомассадан метан (табиғи газ) газ алынды. Алынған газ арнайы резервуарға жиналды. Газдан бөлінетін сұйықтық концентранты арнайы ыдысқа жинақталады. Қолданысқа берілетін газды кран арқылы пайдаланушы қолдана алады.

Процесті қадағалау мақсатында биомасса жинақтайтын орынға ауа температурасын, ылғылдылығын және резервуарда метан газдың деңгейін анықтайтын орнатылған датчиктер арқылы мәліметті компьютер экранына немесе Led дисплейге шығарылады. Егер резервуарда жинақталған газдың деңгейі мөлшерден тым асып кеткен жағдайда светодиодты шам арқылы бізге белгі беріледі. Нәтижесі бойынша сынақ іске асырылды.

Ұсынылып отырған жобадағы биогаз қондырғысының көмегімен энергияға жұмсалатын шығындарды айтарлықтай қысқартуға ғана емес, сонымен қатар ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыруға, қосымша пайда алуға нақты мүмкіндік пайда болады. Бірқатар кәсіпорындар үшін биогаз алу тек энергетикалық проблеманы ғана емес, сонымен қатар экологиялық және экономикалық мәселені ішінәра шешуге мүмкіндік береді. Бұл мәселе әсіресе ауыл тұрғындары үшін өзекті, мұнда көптеген органикалық қалдықтар бар.

Ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыруға, қосымша пайда алуға нақты мүмкіндік пайда болады. Бірқатар кәсіпорындар үшін биогаз алу тек энергетикалық проблеманы ғана емес, сонымен қатар экологиялық және экономикалық мәселені ішінәра шешуге мүмкіндік береді. Бұл мәселе әсіресе ауыл тұрғындары үшін өзекті, мұнда көптеген органикалық қалдықтар бар.

Қол жетімді биогаз бүгінгі күні өзекті және органикалық қалдықтарды өндеу процесі экономика үшін де, тұтастай алғанда ғылыми ілгерілеу үшін де үлкен практикалық құндылыққа ие.

Қорытынды. «Жасыл энергия» жобасын іске асыру арқылы қоршаған ортаны ластамайтын альтернативті энергия көздерінің, биогаз энергиясының артықшылықтарын көрсете білдік. Ауыл тұрғындарына биогазды алу әдістерін және биогазды энергия үнемдеудің басты қайнар көзі ретінде түсіндіріп, биогаз қондырғыларының маңыздылығын көрсетіп, қолданысқа енгізуге әрекеттер жасалды.

Е. Бекмұхамедова

Семей қаласының «№27 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Ғылыми жетекшісі – М.М. Тлеубердина, химия пәнінің мұғалімі

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНДАҒЫ АУЫЗ СУЫНЫҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Халықты сүмен қамтамасыз ету мәселесі су ресурстары мен сапалы ауыз су жетіспеушілігі жағдайында өте өзекті мәселе болып табылады. Дамыған елдерде ауыз судың тазалық дәрежесін бақылау, ағынды суды қайта тазарту және сүмен қамтамасыз ету жүйесін жобалау ұлттық экономиканы жоспарлаудың және қоғамдық денсаулық сақтау саласының өмірлік маңызы бар бөлігі болып табылады. Алайда ауыз сүмен қамтамасыз етудің гигиеналық мәселелеріне байланысты нашар эпидемиологиялық жағдай, ауыз су сапасына байланысты жұқпалы емес аурулар, алдын алу шараларының тиімділігі өте жеткіліксіз түрде зерттелген. Бұл факт болашақта сүмен қамтамасыз ету сапасын жақсарту және еліміздің нашар экологиялы аймақтарындағы халықтың денсаулығын сақтау маңыздылығын анықтайды [1].

Мен мектеп қабырғасында оқытылатын бағдарламадан судың адам денсаулығына әсерін оқып білгенмін. Адамның өзін жақсы сезінуі үшін ол таза және сапалы суды тұтынуы қажет. Сондықтан да мен осы қала тұрғыны ретінде өзімнің тетелес құрдастарым мен қоршаған ортама қандай судың пайдалы екендігін, таза ауыз судың құрамы қандай, оны үнемдеу жолдарын және денсаулықты сақтаудың амалдарын жеткізгім келеді.

Зерттеу объектісі ретінде Семей қаласының ауыз сұры таңдалды.

Жұмыс мақсаты: Семей қаласындағы ауыз судың химиялық құрамын және сапасын анықтау.

2.1 Судың сапалық құрамын және қасиеттерін зерттеу

Судың құрамын талдау үшін Семей қаласының бес орнынан су сынамалары алынды. № 1 – ұнғымақ, №2 – Бозтаева 40К (океан), №3 – Маметова 91 (комсомол кенті), №4 – 13 загородняя 43 (Мирный кенті), № 5 – №27 орта мектебі.

Кесте 1 – Судың органолептикалық қасиеттері

Көрсеткіш	Санитарлық норма	Зерттеу нәтижесі	
		Ұнғымақ	Құбыр сұры
Иісі (балл) 20 градус	2	1	0
Дәмі	2	1	1
Тұстілігі (мг/л)	20-35	9	9,0
Лайлылығы (мг/л)	2	0,5	0,32
МСЭК көрсеткішімен салыстырғанда Семей қаласындағы ауыз сұры нормага сәйкес			

2.2 Судың pH көрсеткіштерін анықтау.

Әмбебап индикатор қағазымен су сынамаларын тексердік.

Нәтижесі: Индикатор қағазының түсі сары-жасыл pH – 6,5-7 . МСЭС pH көрсеткіштері №1 – 7,4; №2 – 7,0, №3 – 7,44, №4-5 – 7,45.

Қорытынды: Ауыз судың pH көрсеткіші санитарлық нормаларға сәйкес.

2.3 Ауыз судағы катиондарды анықтау

Судың катиондық құрамын зерттегендегі Бозтаева көшесіндегі үй және 27 мектеп сынвамаларындағы судың құрамында аз мөлшерде темір катиондары табылды. МСЭС көрсеткіші бойынша бұл нормага сәйкес.

2.4 Аниондарды сапалық анықтау

Судың аниондық құрамын химиялық әдістермен зерттедім. Химиялық құрамын тексеру нәтижесін Семей қаласындағы ауыз сұры аниондық құрамы бойынша нормага сәйкес екенін анықтадым.

2.5 Су кермектілігін комплексонометрия әдісімен анықтау.

Нәтижесі: Әр су сынамасына титрлеу 3 рет қайталанды. Титрлеу нәтижесінде алынған көрсеткіштер мынадай:

Кесте 2 – Титрлеу нәтижесі

Сынама №	Жұмсалған Трилон Б көлемі	Жалпы кермектілік, мг*ЭКВ/л
№1	Орта көрсеткіш – 5,37	4
№2	Орта көрстекіш – 6,87	3,22
№3	Орта көрсеткіш – 7,03 мл	3,2
№4	Орта көрсеткіш – 7,2	3,3
№5	Орта көрсеткіш – 6,87 мл	3,22

Корытынды: Ұңғымақтан алынған су сынамасы – жұмсақ, ал су құбырынан алынған су – орташа көрмек, бірақ жұмсаққа жақын.

2.6 Тұрғындар арасында сауалнама өткізу

Ауыз судың сапасын және оның адам ағзасына әсерін анықтау үшін қала тұрғындары арасында сауалнама өткізілді.

Сауалнама мақсаты: Бозтаева 40 К тұрғындары және мектеп оқушылары арасында ауыз су мәселесі туралы және судың сапасы туралы хабардарлығын анықтау.

Сауалнамаға қатысқан 62 адам, оның ішінде 18 ересек адам және 44 оқушы.

Нәтижесі: Семей қаласындағы ауыз суының сапасы тұрғындарын қанағаттандырады. Көпшілігі тұрмыста және ішу үшін су құбырының суын қолданады. Тұрмыста суды тазарту жолдарын ересек адамдар біледі. 6-8 сынып оқушылары білмейді. Төмен сапалы ауыз судың зиянын біледі. Бірақ судың құрамын білетіндер аз. Сондықтан оқушылар арасында ауыз су мәселесін көтеріп іс-шаралар өткізу қажет.

Корытынды: Семей қаласындағы ауыз судың құрамын және сапасын анықтап келесі корытынды шығардық:

1. Қала жеткілікті мөлшерде тұщы ауыз сумен қамтамсыз етіледі.
2. Қаладағы ауыз судың органолептикалық қасиеттері санитарлық нормаларға сай келеді.
3. Судың қышқылдық-сілтілік тепе-тендігі нормаларға сәйкес.
4. Ауыз судың химиялық құрамы зерттелді, судың катиондық және аниондық құрамы санитарлық нормаларға сәйкес келеді, сондықтан оны ішуге және тұрмыста қолдануға болады.
5. Ауыз су құрамында органикалық заттар анықталған жок, су ішуге қауіпсіз.
6. Заарсыздандыру үшін суды хлорлайды, бірақ хлор судан көпке дейін шайылмайды, ауыз суды заарсыздандырудың жаңа жолын іздеу қажет.
7. Қала тұрғындары және оқушылар судың ластану жолдарымен және судағы болатын зиянды заттармен жартылай ғана таныс. 10-15 пайзызы сұрақтарға жауап берсе алмады, сондықтан тұрғындар сапасынан су зардаптары туралы мәліметтерді нашар біледі. Ал сапасынан су – ол аурулардың негізгі себебі.
8. Зерттеу нәтижесін және суды тексеру нәтижесін салыстырғанда су беретін мекеме ішуге және тұрмыстық мақсатқа қолдануға жарамды сумен қамтамасыз етеді.
9. Үй жағдайында суды тазартуды қажеттілігі туралы тұрғындар арасында ағарту жұмыс жүргізу.
10. Су құрамындағы заттар адам денсаулығына тигізетін зиянның зерттеу жасап, осы жұмысты жалғастыру қажет.

Әдебиеттер

1. Карагаева И.Т., Шайсултанов К.Ш., Исмаилова А.А. Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасынан бағасының езекті мәселелері // <http://info-health.kz/>
2. Аухадиева Қ. Су – өмір нәрі //Химия мектепте. – №4, – 2010. – С. 57-61.
3. Судың pH көрсеткіші <http://www.pitanieplus.ru/>
4. Из опыта Караваева В.В. <http://rak.flyboard.ru/topic747.html>
5. Нұрахметов Н.Н, Бекішев Қ., Заграничная Н.А. Химия 10 сынып. – Алматы: Мектеп, 2006.
6. Ауыз су бағдарламасы: <http://www.minagri.gov.kz/>
7. Лурье Ю.Ю. Аналитическая химия промышленных и сточных вод. – Москва: Химия, 1984. – С. 60-62.

Ю.И. Машенская
Учреждение «Технологический колледж города Семей»
Научный руководитель – А.К. Тлеубекова, учитель химии

ВЛИЯНИЕ ПЫЛЕВЫХ ВЫБРОСОВ ЦЕМЕНТНОГО ПРОИЗВОДСТВА НА ОРУЖАЮЩУЮ СРЕДУ ГОРОДА СЕМЕЙ

Атмосферный воздух является жизненно важным компонентом окружающей среды и неотъемлемой частью среды обитания, растений и животных. От качества атмосферного воздуха, являющегося главнейшим ресурсом всего живого на Земле, в значительной степени зависит здоровье населения любой страны.

Так как я являюсь жителем города Семей, меня, конечно же, интересует экология нашего региона. Поэтому изучение влияния пылевых выбросов цементного производства г. Семей на окружающую среду является очень важным, а тема доклада актуальной.

Цель исследования – изучение содержания свинца **Pb** в пылевых выбросах цементного производства г. Семей, а также в компонентах сырья, используемых при производстве цемента.

В качестве объектов исследования были отобраны пробы пыли цементного про Валовое содержание свинца в пылевых выбросах цементного производства, мг/кг, взятой с фильтров цементного завода.

Таблица 1 – Валовое содержание свинца в пылевых выбросах цементного производства

Пылевые выбросы	Содержание свинца, Pb
Проба пыли №1	335
Проба № 2	295
Проба № 3	330
Среднее содержание	320
Кларк в литосфере	16
Кларк в почве	10
ПДК (Клоке А, 1980)	100

Таким образом, данные таблицы показывают, что средне валовое содержание свинца, составляет 320 мг/кг, что превышает предельно допустимую концентрацию 3,2 раза и их кларк в почве (20 раз) и литосфере (в 32 раза).

Исходя из таблицы, можно сделать вывод, что так как содержание свинца в пыли значительно превышает ПДК, то соответственно пыль выбрасываемая цементным заводом, загрязняют окружающую среду и атмосферный воздух г. Семей.

Исходя из вышесказанного, можно сделать следующие выводы, что многие предприятия города не имеют проектов благоустройства и озеленения территории санитарно-защитных зон

Мероприятия, которые проводятся и направлены на снижение выбросов и общего воздействия на окружающую среду недостаточны при сегодняшних темпах развития экономики.

Т.С. Сайлаубаева
«Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназия» КММ
Ғылыми жетекшілері – А.Б. Нугманова, М.А. Советқалиева, биология пәні мұғалімдері

АБАЙ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҚОҚЫСТЫ ҚАЛДЫҚСЫЗ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫ

Экологиялық кодекске сәйкес Абай облысында қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ішшаралар жоспарының үш жылдық жобасы әзірленді. Облыстағы ерекше қорғалатын табиги аумақтың жалпы ауданы 847,7 мың гектар. Қоршаған ортаны қорғаудың 2024-2025 жылдарға арналған жоспары құрылды. Бұл жоспарда Ертіс өзенінде Павлодар облысының шекарасына дейін су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу, Семей қаласында, Бородуиха, Бесқарағай, Үржар аудандарында және Ақсуат жәнк басқа аудандарда полигондарды салу мен жаңғыруту тәрізді

біршама экологиялық мәселелер қамтылған. Өртеу зауыты – қазандықтарда немесе пештерде термиялық ыдырау арқылы өндірістік және қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өндеу технологиясын қолданатын кәсіпорын. Абай облысында 50-ден астам рұқсат етілмеген қоқыс орындары жойылды. Тағы да бір өзекті мәселе – рұқсат етілмеген полигондар санының өсуі. Космомониторинг 386 полигонды анықтады, оның 51-і жойылды, бұл 13% құрайды, бұл өте төмен көрсеткіш. Стихиялық полигондардың пайда болу себептерінің бірі – КТҚ заңдастырылған полигондарының болмауы. КТҚ-ны уақытша орналастырудың 170 объектісінің тек 5 немесе 2,9% экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкес келеді. Осыны ескере отырып, әкімдікке рұқсат етілмеген полигондарды жою жөніндегі жұмысты қүшету, жаңа полигондарды салу, заңдастыру мәселелерін қарау, сондай-ақ коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және бекіту ұсынылды.

Тақырыптың өзектілігі:

Абай облысындағы рұқсат етілмеген қоқыс орындарын жойып, олардың толық өнделуіне жол ашуымыз керек. Абай облысын қоқыс аланына айналуынан сақтап қалу үшін қандай жағдайлар қарастыра аламыз соған көңіл аударуымыз керек. Абай облысында осыған дейін болмаған қоқыс өндеу зауытының құрылу мүмкіндігін жасау ойымызда бар.

Бүгінгі күнде зауыттың жоқтығынан қоқыстың орналасатын жерін анықтай отыра, жою мақсатында шешу жолын ұсыну.

Материалдар мен әдістер:

Қоқыс – еліміздің дамуына кесір. Қазіргі кезде бәрімізді қатты алаңдатып отырған жағдай – табиғатымыздың тікелей адамның іс-әрекетінен ластанып, бұзылуы. Қалдықтарды кәдеге жарату проблемасы оны шешудің тиімді жолдары бар екенине қарамастан, әлемдегі ең өткір мәселелердің бірі болды және болып қала береді. Құн сайын сұрыптау желілеріне тонналап қалдықтар түседі және бұл процесс тұрақты және үздіксіз жүреді. Қалдықтар сұрыпталмай, одан қайта пайдалануға болатын материалдар шығарылмаса, полигондарда таудай қоқыс болады. Бірақ бұл нақты ақша, оны пайдалануға болады және қажет. Сұрыпталмаған қалдықтарды өндеу зауытына жеткізгеннен кейін олар сұрыптауға жіберіледі.

Үйіндіге лактырылатын қоқыстың тек 5-20%-ын ғана қайта өндеуге болатын материалдар, қалғаны полигонға жөнелтілуі мүмкін. Адамдар алдын ала бөлшекке бөлетін қалдықтардың жағдайы әлдеқайда жақсы. Олар тікелей қайта өндеуге барады: бұл жағдайда қайта өнделетін материалдардың 40-тан 80%-ға дейін жаңа заттарға айналуы мүмкін. Бұл да қоқысты бөлек жинаудың артықшылығының дәлелі. Айта кетсек, қоқыстарды жою жұмыстары жалғасын тауып жатыр және 2023 жылдың қазан айының соңына дейін аяқталады. Анықтама үшін: Биыл республикада 5 578 рұқсат етілмеген қоқыс орындары жойылды. Абай облысында 50-ден астам қоқыс орны жойылды, бұл өткен жылмен салыстырғанда екі есеге көп. Осыған байланысты қоқыстың пайда болуына жол бермеу шаралары жүргізіліп жатыр. Оның ішіне лицензиялау және хабарлау шарасы, қалдықтарды бөлек жинау, сұрыптау, айыппұл салу, шарасы кіреді.

Макетпен жұмыс:

Макетті ойластыру кезінде біз қоқысты қалдықсыз өндеу зауытын жасаудың нұсқаларың қарастырдық. Оның бірі, зауытты ашық түрде жасау болды. Макетте қоқыс өндеу зауытының кенвееры көрсетілген. Қоқысты оның үстіне сырттан жүктейді, ішінде ол қоқысты адамдар сұрыптайты, конвеердің үстінде қалған қоқыс отқа жағылады. Сұрыпталған қоқыс скрининг белбеуіне түседі. Магниттің көмегімен барлық металл заттар сол жерден жойылады, олар да қайта өнделеді.

Қорытындылар:

- 1) Қоқыс қоршаған ортанды ластайтынын, тірі ағзаларға зиянын тигізетінін анықтадық.
- 2) Зауыт жұмыс істегеннен кейін болатын өзгерістер:

Қалдықтарды қайта өндеу зауытын құру кезінде сіз жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан және, әрине, мемлекеттен субсидия ала аласыз. Өндіріс көп персоналды қажет етпейді, бұл жалақы шығындарын азайтады. Өндеу процесі энергия ресурстарының үлкен шығындарын қажет етпейді.

- 3) Мәселені шешуге жол беретін идеяны ұсындық.

Зауыттың макетін ұсындық. Қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірін талдадық.



Әдебиеттер

1. <https://www.instagram.com/p/CxpOkzitNT/?igsh=MTJrZjZjM2ozNGt1Yg>
2. <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay/press/news/details/456836?lang=kk>
3. <https://baq.kz/abay-oblysynyn-ekologiyalyq-zhagdayyn-zhaqsartu-boyyynsha-ne-istelip-zhatyr-296360/>
4. <https://dknews.kz/kz/kazak-tilindegi-makalalar/263689-ekologiya-ministri-abay-oblysynyn-turgydarymen>
5. <https://green.reo.ru/articles/tpost/e02ruac9v1-otkrivaet-vtoroe-dihanie-kak-rabotaet-mu?amp=true>
6. «Жас алаш» газеті 2004ж
7. «Экология және қоршаған ортаны қорғау» Асқарова Ұ.Б

Е.Е. Жайлауова

Абай облысы, Аягөз ауданы «№10 қазақ мектеп-гимназиясы»
Ғылыми жетекшісі – А.Б. Мырзаканова, физика пәнінің мұғалімі

ГИДРОПОНИКА ӘДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫН ЗЕРТТЕУ

Гидропоника – өсімдіктерді топырақсыз, қоректік ерітіндіде өсіру әдісі. Бұл әдіс өсімдіктерге қажетті минералдар мен элементтерді ерітінді арқылы жеткізеді. Дәстүрлі ауыл шаруашылығымен салыстырғанда, гидропоника суды 90%-та дейін үнемдейді және өсімдік өнімділігін 30-50%-та арттырады.

Гидропоника жүйесінің құрылымы:

1. Қоректік ерітіндісі бар резервуар – өсімдіктің өсуіне қажетті барлық заттарды қамтиды.
2. Тамырларды ұстаушы субстрат – өсімдіктің тамырын бекітіп, тірек қызметін атқарады.
3. Су айналым жүйесі – ерітіндіні өсімдікке үздіксіз жеткізіп тұрады.
4. Аэрация жүйесі – тамырды оттегімен қамтамасыз етеді.

Тиімділігі: Су және тыңайтқыштарды үнемдейді, жыл бойы өнім алуға мүмкіндік береді. Өнім сапасы жоғары, зиянкестерден қорғауды қажет етпейді.

Гидропониканың тиімділігі туралы негізгі тезистер:

1. Жоғары өнімділік – Өсімдіктерге қажетті қоректік заттар тікелей жеткізілетіндіктен, өнімділік дәстүрлі ауыл шаруашылығына қарағанда жоғары.
2. Жыл бойы өсіру мүмкіндігі – Климаттық жағдайларға тәуелсіз, кез келген маусымда өсімдік өсіруге мүмкіндік береді.
3. Суды үнемдеу – Дәстүрлі әдістермен салыстырғанда 80-90% аз су жұмсалады, өйткені су айналымы қайталанып қолданылады.
4. Топырақ қажет емес – Топырақтың сапасы мен құнарлылығына тәуелділік жоқ, сондықтан шөллейтті немесе урбанизацияланған аймақтарда қолдануға ынғайлы.
5. Экологиялық таза технология – Су мен тыңайтқыштардың тиімді пайдаланылуы қоршаған ортаға зиянды әсерді азайтады.

Қорытынды: Гидропоника – экологиялық таза, ресурстарды үнемдейтін және өнімділікті арттыратын заманауи технология. Бұл әдіс ауыл шаруашылығында болашақта кеңінен қолданылуы мүмкін.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік библиографиялық көрсеткіші, 2022. – С. 481, 719-730.
2. Кравцов Ю.С. Гидропоника для всех, 2010. – С. 89, 101-105.
3. Щербаков А.П. Основы гидропоники, 2008. – С. 97,102-107.

№ 3 СЕКЦИЯ: ҚАЗАҚ ТІЛІ, ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА

№ 3 СЕКЦИЯ: КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК, ЛИТЕРАТУРА И ЖУРНАЛИСТИКА

А.Б. Қапышов

Семей қаласының «№48 орта мектебі»

Қарағай шайыры – табиги емдеуші құрал, оны әртүрлі ауруларды емдеуде тиімді қолдануға болады. Қарағай шайыры ежелден емдік қасиеттерімен танымал. Оны «өсімдіктердің тірі қаны» деп атайды, өйткені ағаш өзін-өзі емдеу үшін жарақаттанған жерлерден емдік сұйықтық бөледі. Шайыр қышқылдары мен эфир майлары күшті бактерицидтік әсерге ие, сондықтан тері ауруларын емдеуге және жараларды дезинфекциялауға қолданылады. Шайырдан алынатын скипидар антисептикалық қасиетке ие, бұлшықет пен қабыну ауруларын емдеуге арналған жақпа майларда қолданылады. Халықтық медицинада шайырды ішкі және сыртқы қолданады.

Қарағайдың емдік қасиеттері:

- Бұтақ үгінділері – бел мен буын ауруларын жеңілдетеді.
- Өркен қайнатпалары – тыныс алу жолдары ауруларын емдейді.
- Шайыр – тері ауруларын емдеуге арналған (Вишневский жақпасына кіреді).
- Белсендірілген көмір – улану кезінде қолданылады.

Танымал рецепттер:

1. Қарағай бүршігінен бал – бүршіктер суға қайнатылып, қант қосылады.
2. Қарағай инесі джемі – инелерді ұнтақтап, қайнатады.
3. Қарағай тозаңынан бал – тозаң ара балымен араластырылады.
4. Шайыр балы – ерітілген шайырға прополис пен өсімдік майы қосылады.

Қорытынды. Гипотеза расталды. Қарағай көптеген аурулардың дәрігері ғана емес, құрылышта музыкалық аспаптарға арналған материал ретінде қолданылады. Қарағай туралы көптеген мақал-мәтеддер, өлеңдер, суреттер салынды. Гипотеза расталды. Қарағай-көптеген аурулардың дәрігері. Қарағай С дәруменіне бай. Қарағай инелерді біртіндеп өзгертерді, инелер жүп болып орналасады.

Әдебиеттер

1. Атлас – «Жерден аспанга» анықтаушы А.А. Плешаков.
2. Әлімбаева П.К. Айналамыздағы дәрі-дәрмектер.
3. Дәрілік өсімдіктердің атласы: yandex.ru/video
4. Липин П.В. Солтүстіктің дәрілік өсімдіктері: халықтық медицинада және күнделікті өмірде қолдану.
5. Мартыненко В.А. Тайга дәріханасы.

A.A. Садуова

Семей қаласының, «№11 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Ғылыми жетекшісі – **Б.Д. Орманбеков**, тарих пәні мұғалімі

ШӘКІР ӘБЕНОВ-ШЫҢҒЫСТАУДЫҢ ШЕЖИРЕЛІ АБЫЗЫ

Еліміздің тәуелсіздік алуы қоғамдық өмірде үлкен өзгерістерге жол ашты. Ең бастысы, туған Отанымыздың аңсаған тәуелсіздікке жетуі қазақ жүртшылығының ұлттық санасының құрт оянуына айрықша әсер етті. Соңғы жылдарда қазақтың із тарихын, мәдениетін, әдебиетін, өнерін білуге деген талап-тілегі, талпынысы арта түсті.

Қазақ халқына ұлттық рухани қазынасын империялық көзқарастан аршып бүрмасыз, бүкпесіз, еш бояусыз көрсетуде әдебиеттанушы ғалымдар қыруар еңбек етуде. Халықтың рухани дүниесіне, ғасырлар бойы жинақталған мәдени қазынасына Кеңестік заман кезінде ел-жүртттан жасырын ұсталып, үнемі қараланып келген Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жұсіпбек Аймауытов іспеттес әрқайсысы қазақ мәдени дамуындағы бірегей құбылыс болып табылатын алыштардың шығармашылық мұрасы бұл күндері халық игілігіне айналды. ұзақ ғасырлар бойы жасалған фольклордан бастап, қазақ әдебиетінің барлық тарихи кезеңдері жөнінде кешегі Кеңестік идеология ықпалымен айтылған ойлар, пікірлер қайта қаралып тарихи ақиқат аясында ғылыми дәйектілікпен сарапталуда.

Алайда қазақ әдебиетінің тарихында өзінің шешімін таппаған, өзіміз жете танып болмаған, басқаға да танытуымыз қажет мәселелер баршылық. Кеңес империясының жетпіс жылдан астам уақытқа созылған отаршылдық үстемдігінің нәтижесінде қазақ халқы бірнеше ауыр қызын кезеңді басынан кешірді. Кеңестік қатал биліктің қыспағынан тайсалмай халықтың ауыр тағдырын, елдің мұнын тұра айтқан қазақ әдебиетінің өкілдері үнемі құғындалып, түрмеге жабылды.

1950 жылдары қазақ әдебиетіне, қазақ ғылымына қарсы келген індет отызыншы жылдардағы содырлы, сойқанды кезеңнің занды жалғасы еді. Е. Бекмаханов, Қ. Жұмалиев, Е. Ісмайлұлов, Қ. Мұхаметхановтар түрмеге қамалса, Б. Кенжебаев, Т. Нұртазин, Ә. Мәметова, Ә. Қоңыратбаевтар жазықсыз құғын-сүргінге түсті, көптеген қалам иелері заңсыз жазаланды.

Міне, осындай саяси қысымды кеңес үкіметінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ басынан өткерген ақындарымыздың бірі – Шәкір Әбенов.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Ақындар өміrbаяны – әдебиет зерттеушілер үнемі көніл бөліп келе жатқан мәнді проблема екенін ескере отырып, өмірі мен шығармашылығы қүрделі, Шәкір Әбеновтың өмір тарихын обьективті түрде сарагалау маңызды болмақ. Ақынның жеке басындағы жайлардан оның өмір сүрген дәүірі, сол кезеңнің саяси әлеуметтік қайшылықтары, қоғамдық өмір өзгешеліктері көрінеді. Оның творчествосы өмір жолындағы мақсат, армандарымен толығып байығандығының қуәсі боламыз.

Шығармашылық тағдыры да шытырман ақын, сталиндік құғындаудың қаһарына ілігіп абақты азабын тартса да, ұстанған жолынан, өмірлік принциптерінен ауытқымаған. Оның ақындық мұратына, көркемдік-эстетикалық нысанасының мәнін танытатын ерекшеліктердің үлкені – шыншылдығы.

Оның өлеңдері заман шындығын көрсететін өмірдің өзінен туған қоспасыз таза шумақтар. Ол алғашқы колхоздастыру кезіндегі солақайлықтан бастап, кейінгі науқаншылдыққа дейінгі қоғамның көлеңкелі көріністерін сынады. Өлеңдерінің өзегінен халық тағдыры, өз бейнесі көрінеді. Ал, қаламынан туған қазақ елінің көмескі сұрлеуінен нақты тарихынан сыр шертетін "Қозы Көрпеш

– Баян сұлу", "Кейпін батыр", "Таңшебер-Жапал", "Тоқтамыс" пен халықтың басынан өткен толып жатқан әлеуметтік теңсіздікті, қоғамдық қайшылықтарды көрсететін "Ортақ арал", "Ана махаббаты", "Патша мен байғыз", "Қорқыт қобызы" атты әртүрлі аңызға құрылған поэмалары – қазақ халқының рухани мәдениетінің бір саласы, өткен өмір шежіресі, көне замандағы қылыштардың хикаясының деректі белгісі дәрежесінде қарастырылуы қажет. Сондай-ақ, қаламгер қазынасы бүгінгі ұрпағын тәуелсіздікке, бостандыққа, бірлікке, адамгершілікке, имандылыққа бағыттайтын ішкі қуаттың зор күшін аңғартады. Осындай аса бай мұра қалдырған Шәкір Әбенов сынды қаламгердің шығармашылығын зерттеу ғылыми актуальды арна екеніне ешкім де шек келтіре алмайды.

Ұлттық мұрага толық бұрылышп, оны ұрпақ тәрбиесіне пайдалануға баса назар аударған шақта өткен өмірден мол сыр шертетін Шәкір Әбеновтей ақынның ұлттық қорға қосқан ұлесін көрсетіп, әділ бағасын беру бүгінгі таңның мәселесі.

Біздің еңбегіміздің басты нысанасы – ақын шығармаларындағы заман көрінісі тарихи оқиғалар мен әр алуан аңыздар туралы көлемді туындыларының тақырыбын, тарихын және көркемдік сипатын ашу.

Шәкір Әбеновтың өміrbаяны және оның шығармалары бұған дейін жан-жақты зерттеліп, арнайы талдау жасалған жоқ. Оған Кеңес үкіметінің солақай саясатын, келеңсіз көріністерін жырлап істі болғаны үлкен кедергі болды. Қазақ ССР Жоғарғы Сотының 1961 жылғы 2 наурыздағы шешімімен толық ақталғаннан кейін ақын және оның жеке шығармалары жөнінде сын-пікірлер басталып /1/ ара-тұра зерттеу енбектерде, ғылыми мақалаларда аталаған өтіп /2/ 80,90 жасқа толған уақыттарында баспасөздерде ой-пікір айтқан мақалалар /3/ ақындардың айтқан арнау өлеңдері жарық қөрді. Бірақ ол туралы көлемді ғылыми енбектер жазылмады. Алайда осы енбектердің қай-қайсысы да ақынның тамаша, бағалы мұрасын таныстыруды, талдауда үлкен-үлкен ғылыми енбектер тудыруды белгілі дәрежеде қызмет атқарары сөзсіз. Халыққа ақынды, ақындық қуатын танытатын биік ұрдісті тамаша поэмалары туралы алғашқы сұбелі, ғылыми пікір айтышп, лайықты бағасын берген ғалым, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан республикасы ғылым академиясының корреспондент мүшесі Рымғали Нұрғалиев «Кең тынысты ақын» атты осы мақаласында күрделі де көлемді, қызықты да тартымды «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Кейпін батыр», «Таңшебер – Жапал» поэмалары туралы айттылған пікірлері Ш. Әбеновтың шығармаларын кейінгі зерттеушілерге бағыт шам іспеттес бағасымен де құнды. Жалпы Шәкір Әбенов поэзиясында фольклор мен жазба әдебиет дәстүрінің жақсы тоғысуын көруге болады.

Тіл байлығында, оқиғалық негізде фольклор қазынасынан алған дүниелер көп, ал пейзажда, диалогта, монологта, сюжет поэтикасында, идеялық терендікте классикалық жазба әдебиет дәстүрі барлығын айту дұрыс /4/ – деп ауыз әдебиеті нұсқаларын жете біліп, жазба әдебиет дәстүрі мен еркін байланыстырығанына да баса назар аударған.

Шәкір Әбеновты әдебиет зерттеуші ғалымдардың назарына іліктірген шоқтықты шығармасы – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» поэмасы.

Ақынның 1919 жылдан бастап шығарған уақыт саясатына үйлеспеген өлеңдері Семей қалалық ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивінде сақталған /12/. Архивтен алынған өлеңдерінің кейбірі осы жазылған жұмысқа арқау болады. 1936 жылдан бастап ақынның өлеңдері мен поэмалары республикалық, облыстық газет-журналдарда жариялана бастады.

Қазақ халқының әдебиет, өнер, мәдениет тарихында ерекше маңызы бар «Әдебиет және искусство» журналы Шәкір Әбеновтың еліне танылуына ықпалы ерекше. Оның алғашқы поэмалары, өлеңдерінің алғаш баспа бетінде көрінуі осы журналмен тығыз байланысты. 1937 жылы осы журналда «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» поэмасы /13/ басылса, 1938 жылы ақынның «Ұлы құрылым» /14/ өлеңі журналдың 12 номерінде жарыққа шықты. 1939 жылы «Кейпін батыр» /15/ поэмасының толық нұсқасы осы журналға жарияланды.

Шәкір Әбенов кеңестік кезеңде өмір сүріп, халық жауы атанишп, тағдыры талқыға түскеніне қарамастан қазақ әдебиетіне мол мұра қалдырған ерекше тұлға. Осы зерттеу еңбегімізде ақынның мұраларын әр қырынан зерттеп, шығармаларының сырын, сипатын, тарихтық белгісін, қоғамдық мәнін, көркемдік сипатын талдауға тырыстық.

Осы еңбегіміздің алғашқы тарауында шыншыл өлеңдері үшін аз тауқымет тартпаған өмірінің кейбір сэттері аңызға айналып бара жатқандықтан, Шәкір Әбеновтың өміrbаяны хатқа түсірілді.

Қаламгердің басынан өткізген жайларын оның тіршілік құрған уақыты, сол уақыттың саяси әлеуметтік қайшылықтары, қоғамдық өмірдің өзгешеліктері көрінеді. Ақынның өмірі туралы жазғанда мазмұнды деген сәттерге жете назар аударылып, өзінен кейінгі ұрпаққа тәлім боларлық құбылыстарға баса назар аударылды.

Шығармашылық жолының алғашқы кезеңдерінен бастап, XX ғасырдың басындағы елдің тәуелсіздік үшін құресін көріп, кең арнаға түсіп дамыған демократиялық идеяларын ұғынған Шәкір Әбеновтың өзіндік көзқарасы, мақсаты қалыптасты. Осы қалыптасқан бағыт-бағдарынан 70 жыл тоталитарлық жүйе кезінде талай құғын-сүргінді көрсе де ауытқымаған, табиғаты шыншыл әділет жолында жаңын берген қайсар ақын. Шәкірдің гуманистік, адамгершілік идеяларын өнер-білімді, адал еңбекті, әділеттілікті жақтауы, әділетсіздікті, зорлық-зомбылықты, қастықты әшкерелеуі оның озық ой-санасының жарқын көрінісі.

Шәкір Әбеновтың ақындық жолының ең үлкен саласы – поэмалары. Ақынның поэмаларын талдауға келгенде тақырыптық, мазмұндық, образдық, идеялық жақтары ашылып, оқиға суретtelіп отырған заман шындығы мен көркемдік сипатына да баса назар аударылды. Ақын поэмаларын тақырыптық және мазмұндық түрғыдан саралағанда тарихта болған оқиғалар мен адамдар туралы сыр шертегін және ертегі аңыздар негізінде жазылған шығармалар деп екіге бөлуге болады. Ақын поэмаларындағы айтылайын деген ой, алдындағы бөліміндегі өлеңдерінде дәлелденген ойларға тапқан жауабы іспеттес. Елдің, жердің, тілдің, салт-дәстүр мен тарихтың жойылып бара жатқандығынан соған қарсы қолданған шарасы. Кезінде Шәкірге бүгінгіден түніліп, өткенге көп қарайды, өткенді аңсайды, байшыл деген кінәлар да тағылғаны белгілі. Бұл пікірді ақынның озық ойын түсінбеген шала сауаттылар айтты. Шәкір бұл жерде үлкен ұстаздық роль атқарды. өз оқырмандарын, оқушыларын ұлттық негізде тәрбиелуеге ұмтылды. Бүгінгі егеменді ел болып отырған уақыттағы қолданысқа енген ұлттық идеологияны жарты ғасыр бұрын көтерген Шәкірдің озық ойлы, көреген ақын екендігіне ешкімнің дауы жоқ шығар.

Әдебиеттер

1. Ибраев М. Екі дастан // Ертіс.– 1963, 15 мамыр.
2. Қазақ Совет энциклопедиясы. – Алматы, 1973. – 2 т.– Б. 7.
3. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985.– 323 б.
4. Дүйсенбаев Ы. Қазақтың лиро-эпосы. – Алматы: Ғылым, 1973. – 23 б.
5. Жұмалиев Қ. ХVІІІ-ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиет. – Алматы: Мектеп, 1967. – 53 б.
6. Қазақ әдебиетінің тарихи. 1 том. екінші кітап. – Алматы: Қаз ССР ғылым академ.баспасы, 1964. – 696 б.
7. Нұргалиев Р. Арқау. – Алматы: Жазушы, 1991. – 238 б.
8. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 199 б.
9. Мәкенов Ә. Тарлан талант // Совхоз туы. – 1976, 24 қантар.
10. Нұргалиев Р. Кең тынысты ақын // Қазақ әдебиеті. – 1980 4 шілде.

А.В. Романченко

Педагогический колледж имени М.О. Ауэзова г. Семей

Научный руководитель – М.Б. Гельмендинова, преподаватель истории

БОЕВОЙ ПУТЬ ГЕРОЯ СОВЕТСКОГО СОЮЗА НИКОЛАЯ НИКОЛАЕВИЧА СИЛИНА

Август 1941 г. Война... Тысячи добровольцев из числа студенческой молодежи штурмуют военкоматы. Один из них Силин Н.Н., студент автодорожного техникума.

В августе 1941 г. Октябрьский райвоенкомат г. Семипалатинска призывает его в ряды Красной Армии и направляет на учебу в Алма-Атинское стрелково-пулеметное училище, на ускоренный курс, которое он заканчивает в декабре 1941 года с присвоением звания лейтенанта.

В январе 1942 года Н.Н. Силин направляется в г. Аягуз, где формируется 8-я стрелковая дивизия под командованием генерала И.И. Иванова, и получает назначение на должность командира стрелкового взвода 310-го стрелкового полка [1].

Боевое крещение Н.Н. Силин получил в апреле 1942 года, когда части 8-й стрелковой дивизии совершили 190-километровый марш по маршруту Новомосковск – ст. Узловая – Зубаревка – Животово – Лапотково – Плавск – Спешнево – Архангельское – Орлик [3].

В мае 1942 г. дивизия начала длительныеочные марши в условиях полного бездорожья, когда движение автотранспорта по грунтовым дорогам было невозможно, так как автотранспорт двигался по железной дороге, обозы и материальную часть артиллерии приходилось тянуть на руках, большие затруднения были с продовольствием. В ночь на 15 мая 1942 г. было уничтожено боевое охранение противника и дивизия приступила к подготовке наступления в направлении на Корсунь-Ливное. Это было первое боевое соприкосновение с противником и личный состав дивизии, не имевший опыта боев, показал себя исключительно хорошо. За эти бои первая группа бойцов и командиров была награждена правительственные наградами. Николай Николаевич Силин получил свою первую награду – медаль «За боевые заслуги», как записано в документе: «За организацию поиска и взятие «языка», Н.Н. Силину досрочно присваивается звание старшего лейтенанта. Первое ранение, он получил при наступлении на с. Жерновка Орловской области. После лечения Николай Николаевич вернулся в свой 310-й СП и был назначен командиром стрелковой штурмовой роты, в составе которой принимал участие в организации прорыва и взятии станции и города Касторное Курской области, за что был удостоен ордена «Красной Звезды».

24 июля 1943 года 8-я стрелковая дивизия в составе войск Центрального фронта перешла в решительное наступление. Части дивизии уже в первые сутки продвинулись на 10 км, в последующие двое суток враг был отброшен на 17 километров. Освобождено было 14 населенных пунктов, перерезана железнодорожная линия Орел-Курск. Н.Н. Силин был назначен командиром батальона 310-го стрелкового полка, в составе которого участвовал во взятии города Кролин и наступательных боях, до занятия дивизией обороны на Курской дуге, западнее города Малоархангельска и станции Поныри. За эту операцию он был награжден орденом «Красная Звезда» [1].

В сентябре 1943 года, используя подручные средства, части 8-й стрелковой дивизии, в том числе и батальон Н.Н. Силина, входивший в состав 151-го стрелкового полка, форсировал водные преграды – реки Десну, Припять [2]. За организацию форсирования батальоном реки Десна и удержание плацдарма, Н.Н. Силин был, на основании Приказа Центрального фронта № 163/н от 4/X-1943 года, награжден орденом Александра Невского.

27 сентября 1943 года дивизия начала выдвижение к крупнейшей водной преграде – Днепру. Батальону Н.Н. Силина предстояло на подручных средствах переправиться на противоположный берег и обеспечить переправу главных сил полка. Переправа началась с наступлением темноты. Были пущены в дело лодки, плоты, но фашисты открыли огонь и передовые отряды дивизии понесли первые потери. Однако под огнем противника Силин сумел собрать на берегу более ста человек и установить три станковых пулемета. Затем, перемещаясь, мелкими группами, они выдвинулись вперед, тесня фашистов, углубляя плацдарм. К утру 151-й стрелковый полк переправился на правый берег. За проявленный героизм при форсировании Днепра Указом Президиума Верховного Совета СССР от 16 октября 1943 года командиру батальона 151-ого полка Н.Н. Силину было присвоено звание Героя Советского Союза [2].

Литература

1. Силина Э.Н. Всегда в строю. – Семипалатинск, 2005.
2. Герои Советского Союза – семипалатинцы. – Семипалатинск, 2004.
3. Стрельцов М.С. Великая Отечественная война: хронология и события. – М., 1999.

А. Узгельдинова

Семей қаласының «М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»

Ғылыми жетекшісі – Г.К. Қасымжанова, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы

«ШАР АЙМАҒЫНЫҢ КИЕЛІ ОРНЫ – «ҚЫЗ БЕЙІТІ»

Зерттеудің өзектілігі: Шар қаласы – Абай облысының аймағында орналасқан тарихи, мәдени және рухани орталықтардың бірі. Шар қаласындағы «Қыз бейіті» – қазақ халқының тарихы мен мәдениетінен айшықты орын алатын киелі жерлердің бірі. Бұл ескерткіш, әсіресе, Шар өңірі мен оның айналасындағы тұрғындардың рухани өмірінде ерекше орынға ие. «Қыз бейіті» туралы аңыздар мен тарихты зерттеу арқылы, бұл жердің мәдени, діни және тарихи маңыздылығын ашуға

мүмкіндік бар. Жобаның өзектілігі осы киелі орынды зерттеу арқылы, Шар қаласы өнірінің кереметі – халық арасында «Қыз бейіті» (Бибі Мамажайқызы бейіті) деп аталып кеткен тарихи-мәдени орынның қасиеттілігін зерделуде. Мен үшін «Қыз бейітінің» тарихы туралы, киелі орынның қасиетін анықтау және оны қазіргі үрпаққа насихаттау өзекті тақырып болып табылады.

Мәселесі: Киелі орындардың ішінде «Қыз бейіті» сияқты ескерткіштердің тарихи және мәдени маңызы толық зерттелмеген. Әрбір киелі жердің өзіндік ақыздары мен тарихы бар, бірақ бұл ақпарат көбіне халық арасында ғана сақталған. «Қыз бейіті» туралы нақты деректер мен оның тарихи контексті әлі күнге дейін толық анықталмаған. Бұл ғылыми жобаның негізгі мәселесі – осы киелі орынды тереңірек зерттеу арқылы оның тарихы мен мәнін ашу, сондай-ақ қазақ халқының рухани мұрасын сақтау және зерттеу.

Зерттеу жұмысынан мақсаты: Шар қаласындағы «Қыз бейіті» ескерткішінің тарихын, мәдени және діни маңыздылығын зерттеу, оны қазіргі қоғамға таныту.

Міндеттері:

1. «Қыз бейіті» туралы тарихи деректер мен ақыздарды жинақтау.

2. Бұл киелі жердің халық үшін қандай рухани мәні бар екенін анықтау.

3. «Қыз бейіті» ескерткішінің құрылымын, орналасқан жерін және оның сақталу жағдайын зерттеу.

4. Қазіргі қоғамда «Қыз бейітінің» маңыздылығын, казіргі таңдағы дәріптелу жолын айқындау және оны халық арасында насихаттау.

Семей қаласынан Шар қаласына қарай автомобиль жолымен бет алған жолда өткен ғасыр басында ескі шымнан тұрғызылған зират тұрған. Халық бұл зиратты «Қыз бейіті» деп атап кеткен. Бірақ оның неліктен «Қыз бейіті» деп аталатыны, неліктен қасиетті, неге «Әулие қыз» дейтіні, қыздың елі, руы қайсысы екенін жүргізгендерінде бермейді. Әлі күнге дейін Қыз бейітіне барып, өздерінің жандарына, денсаулықтарына дауа, шипа іздеушілер көп. Бұл қарастырылып отырған мекен менің туған өлкем Суықбұлақ кентінен 7-8 шақырым жерде орналасқан. Жалпы Суықбұлақ жерінде ауыз толтырып айтатын зерттеулер жетерлік. Соның бірі, өлкенің кереметі, тарихи-мәдени нысаны – «Қыз бейіті» (Бибі Мамажайқызы бейіті).

ХХ ғасырдың басында қазіргі Қоңырбиқ ауылдық округіне қарасты жерде Мамажай деген молда өмір сүрген. Ескіше көп оқыған ол, араб тілін жетік білген және ел арасында сыйлы беделді адам болыпты. Оның беделінің артуына Бибі атты қызының дүниеге келуі де себеп болса керек. Бибі Мамажайдың (ел арасында кейде Баяман деп те аталады) орта жасқа келгенінде дүниеге келсе керек. Жаңа туған қыз бала ширақ, адамға тесіле қарауымен, ерте сөйлеуімен, араб тілін білуімен ерекшеленді. Бұл айырмашылық нәрестенің үш айға толған кезінен байқалған екен [1].

Бибі Мамажайқызы, «Әулие қыз», ХХ ғасырдың басында дүниеге келіп, көріпкелдігімен танымал болды. Бибі Мамажайқызы кейбір деректерде 1900 жылы, кейбір деректерде 1904 жылы дүниеге келіп 1913 жылы дүниеден озған екен. 1900 жылы дүниеге келгені туралы ауданымызға белгілі тарихшы Керейбаев Қайыртай ағамыз өзінің «Қазыналы Қалба» деген кітаптагы мақаласында баяндайды. Ал 1904 жылы деген нұсқаны Қоңырбиқ ауылының тарихшысы, жасы үлкен ақсақал Гибраш ата беріп отыр. Хронологиялық талдауға сүйенсек, Бибі Мамажайқызына әулиелік бесінші атасы Қонақайдың шапағаты, қасиеті қонса керек. Қонақай XYII ғасырдың аяғында дүниеге келген, 1763 жылы қайтыс болған бүкіл қазаққа танымал батыр, би, әрі әулие атанған. Үш жүздің басын қосып біріктіруде аса ықпал жасаған Абылай ханның алғашқы ұстазы, соғыс өнерін үйретуші Қонақай болған. Қонақайды Қожа Ахмет Яссави кесенесіне алған барғанда, сондағы көп жасаған текті үлкендер «Орта жүздегі жалғыз әулие» деген екен [2]. Бибі қыздың әулиелік қасиетін кішкентайынан шыр етіп жерге түскеннен белгілі болған. Мамажай (Баяман) бір күні үйде қызымен жалғыз қалған. Қыз бесікте үйіктап жатады. Күні бойы мал соңыда жүрген ол біраз тыныс алайын десе, бала жылап, мазасын ала береді. Бесікте жатқан қызын тербетсе де, уана қоймайды. Мамажай енді кейіп: «Ой, жағың қарысқыр, жағың қарыссын», – деп бесікті қаттырақ тербете бастайды. Сол-ақ екен жылап жатқан қызы жылағанын тоқтата қойып, ашық, анық сәби дауыспен: «Сенің жағың қарыссын, Мамажай» – дейді. Бұл жағдай екі рет қайталағанады. Молда қатты шошып қалады, білетін дүғаларының берін оқып, әулие-әмбіелерге жалбарынып, қызын аршамен аластан, ұшықтап әуре болады [3]. Бұл мәліметтерге қарасақ, Бибі қыз құйрығын басып отырғаннан бастап тілі шығып, сөйлей бастаған.

Шар қаласында тұратын халық емшісі шипалы қолымен талайдың ықыласына бөлөніп жүрген Бибі әулиенің ұрпағы – Шәмшия Шаяхметқызы бір қолжазбасында былай деп жазған: «Ең алдымен Әулие қыздың көріпкел, әулиелігін танығандар: 1. Сейіт молда 2. Қари Наурызбай молда Арыстанбайұлы, Қытайда өткен ғасыр басында өмір сүрген Есен хазрет». Кейінгі жылдары Әулие қызы туралы мол мағлұматтар жинаған Ержан Сағындықов [4].

Қыз бейіті туралы «Қазыналы Қалба» деген кітапта Қайыртай Керейбаев деген ауданымыздың мықты тарихи ағамыз да жазған екен. Қалай болса да Найманның Бура тарапынан Қондыбай руынан шыққан қыздың әулиелік қасиеттері болғаны шындық. Содан болар жүрт зират басына әдейі барып, тәуәп етеді. Сырқаты барлар деніне саулық, еміне шипа берсін десе, өтіп бара жатқан жолаушылар жолымыз болсын деп алдында тізерлеп құран оқып, Әулие қыздың шапағаты арқылы Алладан тілек тілейді.

Жермен жексен бола жаздаған Әулие қыздың бейіті Шәмшия Шаяхметқызының қолдауымен 2004 жылы қалпына келтіріліп, жаңғыртылады.

Зерттеу нәтижесінде «Қыз бейіті» ескерткішінің тарихи контексті анықталады, сондай-ақ оның аңыздары мен мәдени маңызы ашылады. Бұл жұмыс қазақ халқының рухани мұрасын тереңірек танып, киелі орындардың мәдени және діни маңыздылығын жастарға жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеу барысында киелі орынның қазіргі жағдайы мен оны сақтау мәселелері талқыланады. Нәтижесінде, Шар қаласындағы «Қыз бейіті» сияқты киелі орындардың қорғауға алынуы және болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдыру жолдары ұсынылады [5].

Қорытындылай келе, бұл ғылыми жоба Шар қаласындағы «Қыз бейіті» сияқты киелі орындарды зерттеу мен сақтау, сондай-ақ олардың қазақ халқының тарихы мен мәдениетіндегі орны туралы түсінік қалыптастырудың маңыздылығын көрсетеді. Өткенді ұмытпау, оны болашақ ұрпаққа жеткізу, үнемі жаңғыртып отыру кейінгі ұрпақтың міндеті. Расымен тарихта иғілікті істер, ерекше оқиғалар, зерттеп отырған Бибі Мамажайқызы сияқты тұлғалар бейнелері мәңгі қалады. Әулие қызы бейіті бір ғасырға жуық уақыт таянған соң, ұрпақтар үшін қайта жаңғыртылды.

Әдебиеттер

1. Жаисанов Ә. Әулие қызы төңірегінде не деуге болады? / «Ертіс өнірі» газеті. – 2006 ж. 29 қараша, 10 б.
2. Найман Х. Қазақ ру тайпаларының тарихы. 3 кітап. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы. – 430 б.
3. Сағындықов Е. Қонақай. – «Алматы» баспасы, 1996. – Б. 11, 13, 25.
4. «Шар тынысы» газеті. – 2004 ж., қазан. – 8 б.
5. Интернет көзінен: https://alashainasy.kz/din_islam/aulieler-alem

СЕКЦИЯ № 7: ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЕ НАУКИ

Е.Б. Мұрсәлімов

Семей қаласының «№23 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Ғылыми жетекшілері – **Ж.С. Малгеждарова, Ж.Д. Серикказыевна**

АВТОМАТТЫ АУА ТАЗАРТҚЫШ – ҮЛГАЛДАНДЫРҒЫШ

Қыс мезгілінің басталуымен және жылдыту маусымының басталуымен біздің пәтерлердегі ауа өте құрғақ болады. Біздің әл-ауқатымыз ылғалдылық деңгейіне тікелей байланысты. Шамадан тыс құрғақ ауа біздің шырышты қабығымызды құргатады (көз, тыныс алу жолдары, мұрын-жұтқыншаш) және иммунитеттің төмендеуіне, шаршауға, терінің нашарлауына экелуі мүмкін. Атмосфералық ауада әрқашан ауа ылғалдылығымен сипатталатын су буы болады [1].

Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы бұл аудағы су буының қанықтылығына қаншалықты жақын немесе алыс екенін көрсететін шама. Пайызынан көрсетіледі. Судың булану жылдамдығы температураға, бетінің ауданына және желдің болуына тікелей пропорционалды. Пәтердегі ылғалдылықтың стандартты нормасы 30-60%, ал орташа деңгей – 45% – ең онтайлы [2]. Үлғалдылық деңгейі бөлменің сыртындағы ылғал концентрациясына байланысты. Қыста бұл айырмашылық жылдыту жұмысына байланысты маңызды. Бөлменің өзі аудағы ылғалдың жетіспеушілігінен "зардап шегеді". Сонымен, құрғақ аудада паркет, Жиһаз және басқа ағаш беттері тез жоғалады. Жарықтар пайда болуы мүмкін, заттар "кебеді" [3]. Осындай мәселені шешу үшін ауаны тазартқыш-ылғалдандағышты қолдан және автоматты реттегіш түрінде дайындауга болады. Біз ауаны тазартқыш-ылғалдандағышты STEM-құралдарының көмегімен жаңаша моделін жасаймыз. Бөлменің ішін істендіру үшін әртүрлі Эфир майын қолдануға болады. Ол үшін Ультро дыбыстық бүріккішті пайдаланамыз. Оның басын 24 ВТ тоққа қосуға болады. Немесе батарейкаларды пайдаланамыз. Бағдарламаны басқару үшін ардуино заттарын пайдаланамыз. Ол үшін Arduino Nano бағдарламасын пайдаланамыз. Өз колымызбен автоматты ауаны тазартқыш-ылғалдандағышты жасау үшін қажет заттар: пластикалық ыдыс, ылғалдандағыш датчик, желдеткіш, ұлкен шприц, робот-конструктор, 220 В батареялар, диодты шамдар және, спирт, су, т.б.

Біз келесідей жасаймыз:

- ✓ пластикалық ыдысты бір жағынан шамамен 10 см-ден 4-5 см-ге дейінгі тесікті кесеміз;
- ✓ ұлкен шприцті кесіп, бу шығатын тұтікше жасаймыз;
- ✓ ішіне батареяға жалған ылғалдандағыш датчикті орналастырамыз,
- ✓ бекіткіш болттарды пайдаланып, оны робот-конструкторға таспаның көмегімен шыны тұтікшені жоғары қаратып бекітеміз;
- ✓ пластикалық ыдысқа су мен спирт құйып, буланған кезде оған үнемі қайтадан құйып отырымыз.
- ✓ Arduino Nano бағдарламасын датчикке орнатамыз.

Нәтижесінде төмендегі суреттегідей автоматты ауаны тазартқыш-ылғалдандағыштың құрастырудық.



Сурет 1 – Автоматты ауаны тазартқыш-ылғалдандағыш

Адамдардың денсаулығын сақтау үшін зерттеу жұмысы барысында көрсетілген өз қолымызбен жасалған автоматты ауаны тазартқыш-ылғалданырғыштың модели бөлмедегі ылғалдылықтың қалыпты деңгейде ұстап тұруына ықпал етеді. Алдағы уақытта зерттеу жобасының практикалық моделі күнделікті өмірде қолданысқа ие болады деген ойдамын.

Әдебиеттер

1. Баланчевадзе В.И., Барановский А.И. и др. Энергетика сегодня и завтра. – М.: Энергоатмиздат, 1990. – 344 с.
2. Более чем достаточно. Оптимистический взгляд на будущее энергии мира / Под ред. Р. Кларка. – М.: Энергоатмиздат, 2004. – 215 с.
3. Тұяқбаев С., Насохова Ш., Кронгарт Б., Кем В., Загайнова В. Физика – 7 сынып оқулығы. – Алматы: Мектеп, 2007.

М.Е. Серікқажы

Семей қаласының «№26 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Ғылыми жетекшісі – Р.Г. Мусалиева, физика пәнінің мұғалімі

МЕНИҢ СЫНЫБЫМДАҒЫ ЕҢ ҚУАТТЫ БАЛА

Белгілі бір жұмысты әртүрлі механизмдер әртүрлі уақытта орындауы мүмкін. Мысалы, соғылып жатқан ғимараттың тоғызынышы қабатына жүз кірпішті көтеру үшін адамға 5 сағаттан артық уақыт қажет болады. Ал көтергіш кранға 10 минут жеткілікті. Дүние жүзіндегі зауыттарда көптеген тапсырмаларды машиналар орындаиды. Мысалы, егер біз мың банка коланы қақпақтармен жабуымыз керек болса, құрылғы мұны бірнеше минут ішінде жасайды. Адам үшін бұл тапсырма әлдекайда ұзағырақ болар еді. Машина мен адам әртүрлі уақыт аралығында бірдей жұмысты орындаиды еken, бірақ жұмысты атқару шапшандықтары, яғни қуаттары әр түрлі [4]. Атабабаларымыз амандық сұрасқан кезде, үлкен адамдардан «Күйлі-қуаттысыз ба?» деп хал сұрап отыруында да адамның қуатын білудің маңызды екендігі көрінеді. Қуатты адам жақсы жұмыс жасайды. Мені ең күшті, ең жылдам, ең епті, икемді, яғни ең қуатты адамды қалай анықтауға болады деген сұрақ қатты қызықтырыды. Әмбебап дамыған адам бар ма? Осы сұрақтарға жауап іздең, мен өзімнің сынныбымдағы оқушылардың қуат деңгейлерін анықтағым келді. Осы мақсатта сынныбымдағы оқушылардың жұмыс істеу қабілетін, қуатын анықтау үшін әртүрлі жаттығуларды жасау уақыттарын анықтай отырып, «Мениң сынныбымдағы ең қуатты бала» тақырыбында зерттеу жұмыстарын жүргіздім. **Тақырыптың өзектілігі:** «Дені сау, қуатты адам-табиғаттың ең қымбат жемісі»-деп жазушы, философ Томас Карлейль айтқандай, адам денсаулығының қандай деңгейде екенін анықтай алатын көрсеткіштердің бірі-оның күш-қуаты. Дені сау үрпак-қогамның қуатты күші [5]. **Зерттеудің мақсаты:** физиканың адам өміріндегі байланысын, үйлесімділігін көрсету, физика зандарын түрмиста қолданып, қуат формуласын пайдаланып, сынныбымдағы ең «қуатты» оқушыны анықтау. **Зерттеу әдістері:** жинақтау, бақылау, эксперимент жасау, есептеу, қорытынды жасау. Ең қуатты баланы анықтау үшін сынныбымдағы 8 оқушымен практикалық жұмыс жүргіздім.

№1 практикалық жұмыс «Биіктікке секіру кезіндегі орташа қуатты есептеу» [2].

№2 практикалық жұмыс «Баспалдақпен көтерілу кезіндегі орташа қуатты есептеу» [6].

№3 практикалық жұмыс «Отырып-тұру жаттығу кезіндегі орташа қуатты анықтау» [5].

Қорытынды: Әр оқушының қуат көрсеткіштерін салыстыру

Формула арқылы механикалық жұмысты және әр оқушының орташа қуатын есептедім. Есептеу нәтижесін кестеге жаздым. Үш көрсеткіш бойынша есептеулердің бір кестеге келтірдім. 9-сыныптың ең қуатты оқушысы-№8 оқушы. **Зерттеу жұмысының нәтижесі:** Эксперимент жүргізу арқылы 9 “А” сынныбындағы ең қуатты оқушыны анықтадық. Жұмысты жазу барысында жинаған материалды мектеп үйірмесінің сабактарында, сабакқа қосымша материал ретінде пайдалануға болады. Мұның бәрі мектеп оқушыларын қызықтырып, оқуға деген қызығушылықтарын арттырады. Сыныптағы әр оқушының жұмыс істеу қабілеті мен қуатын зерттесек, физика пәнін теренірек түсініп, жоғары нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Кесте 1 – Куат көрсеткіштерін салыстыру

№	Оқушы аты	Жолақтан секіру N, Вт	Баспалдақпен көтерілу; N, Вт	Отырып-тұру; N, Вт	Орташа қуат	Орын
1	Оқушы 1	56,38	212,13	188,16	152,22	
2	Оқушы 2	95,44	278,17	193,30	188,97	
3	Оқушы 3	70,24	329,23	212,69	204,05	
4	Оқушы 4	97,80	523,85	280,71	300,77	2
5	Оқушы 5	63,66	368,48	263,89	232,01	
6	Оқушы 6	111,80	383,88	185,56	227,08	
7	Оқушы 7	86,02	460,37	309,03	285,14	3
8	Оқушы 8	161,05	501,27	287,20	316,5	1

Әдебиеттер

1. Алексеева М.Н. Физика – юным. – М.: Просвещение, 1980.
2. Бутырский Г.А. Экспериментальные задачи по физике 7-9 класс. – М: Просвещение, 2000.
3. Блудов М.И. Беседы по физике. Ч.II. Учебное пособие для учащихся. – М.: Просвещение, 1985.
4. Богданов К.Ю. Физические качества человека. – М.: Наука, 2005
5. <https://skysmart.ru/articles/physics/mehanicheskaya-rabota>
6. https://vk.com/wall-207345762_11. Физика в экспериментах.
7. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Сизиф>

М.З. Мырзаханова

Семей қаласының «М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледж» КМҚҚ
Ғылыми жетекшісі – А.К. Ахметова, математика пәнінің мұғалімі

МАТЕМАТИКАДАН СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫС ЖӘНЕ ОНЫ ӨТКІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ

Өзектілігі: Математикадан сынаптан тыс жұмыс – оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және логикалық ойлаудың жетілдіруге бағытталған маңызды педагогикалық процесс. Оның өзектілігі келесі факторлармен анықталады:

Қызығушылықты арттыру: Сыныптан тыс шаралар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятып, олардың математикаға оң көзқарасын қалыптастырады.

Дарынды балаларды колдау: Олимпиадалар, математикалық үйрмелер, зияткерлік ойындар арқылы қабілетті оқушыларды анықтап, оларды дамытуға мүмкіндік береді.

Практикалық маңыздылығы: Теориялық білімді өмірмен байланыстырып, математиканы құнделікті өмірде қолдануға үйретеді.

Жаңа әдістерді енгізу: Интерактивті әдістер, STEAM білім беру, ойын технологиялары сияқты заманауи тәсілдерді қолдануға жол ашады [1].

Мақсаты: оқушылардың логикалық және аналитикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, математикалық мәселелерді шешу дағдыларын жетілдіру.

Міндеттері:

1. Оқушылардың логикалық ойлауды дамыту – математикалық есептер мен тапсырмалар арқылы оқушылардың ойлау жүйесін қалыптастыру.

2. Шығармашылық дағдыларын арттыру – оқушыларды жаңаша ойлауга, жаңа шешімдер табуға ынталандыру.

3. Математикалық білімдерді тереңдешту – оқушыларға математиканың негізгі тұжырымдарын түсіндіру және оларды қолдану дағдыларын дамыту.

4. Проблемаларды шешу дағдыларын жетілдіру – нақты өмірлік жағдайларға негізделген тапсырмалар арқылы оқушылардың мәселелерді шешу қабілетін дамыту.

5. Оқушылардың қызығушылығын арттыру – математиканы қызықты, қолжетімді етіп ұсыну арқылы пәнге деген қызығушылықты ояту.

Сыныптан тыс жұмыс дегеніміз – бұл оқу бағдарламасынан тыс уақытта үйымдастырылатын, оқушылардың білімін тереңдетуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және пәнге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған іс-шаралар жиынтығы [3].

Сыныптан тыс жұмыстың негізгі ерекшеліктері: Оқушылардың қызығушылығына негізделген ерікті қатыс, сабактан тыс уақытта (түстен кейін, демалыс күндері) өткізуі.

Сыныптан тыс жұмыстың түрлері:

1. Пәндік үйімелер – белгілі бір пән бойынша тереңдетілген білім беру (мысалы, «Математикалық логика», «Жас физик» т.б.).

2. Зияткерлік ойындар мен жарыстар – викториналар, брейн-рингтер, математикалық КВН т.б.

3. Олимпиадалар мен байқаулар – пәндік, ғылыми және шығармашылық сайыстар.

4. Экскурсиялар мен тәжірибелік жұмыстар – музей, зертхана, өндіріс орындарына бару.

5. Жобалық және зерттеу жұмыстары – ғылыми конференциялар, шығармашылық жобалар.

6. Әдеби-шығармашылық іс-шаралар – дебаттар, сахналық қойылымдар, кітап оқу марафондары [2].

Сыныптан тыс жұмыстарды өткізу әдістері: Математикалық олимпиадалар:

Оқушылардың логикалық ойлауды дамытуға арналған жарыстар, зияткерлік ойындар: «Математикалық КВН», «Брейн-ринг», «Танграм» сияқты ойындар арқылы оқушылардың қызығушылығын ояту т.б.



Сурет 1 – Оқушылардың логикалық ойлауды дамытуға арналған жарыстар, зияткерлік ойындар

Қорытынды. Сыныптан тыс жұмыс – оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететін маңызды білім беру элементі. Ол оқу процесін қызықты әрі тиімді етуге көмектеседі. Математикадан сыныптан тыс жұмыстар баланың ақыл-оыйн дамытуға, ой өрісін кеңейтүге, шығармашылық қабілеттін дамытуға септігін тигізеді.

Әдебиеттер

- Ибрағимов Р. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі мен технологиясы. – 2018. – № 3 (29). – Б. 146-148.
- Кабакаева Ж.Н., Кыдырешева Г.О. Математиканы саралап оқыту. – 2024. – Б. 20-23.
- Қараев Ж.А. Математикадан сыныптан тыс жұмыстар. – Алматы, 2001.

Д.Б. Махатова

Семей қаласының «№48 ЖОББМ» КММ

Ғылыми жетекшісі – **Г.Б. Қакимова**, математика пәні мұғалімі

МАТЕМАТИКА ӨМІРДЕ: ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЕСЕПТЕУ

Қысқаша мазмұны: Жұмыс «Математика шынымен жөндеу жұмыстарында маңызды рөл атқара ма?» деген сұраққа жауап береді. Алдымен, балалар бөлмесінде косметикалық жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қажетті математикалық есептеулер беріледі. Пәтерді жөндеу – бұл жағымды іс, бірақ сонымен бірге қын іс, өйткені ол үлкен материалдық инвестицияларды және математикалық есептеулерді қажет етеді. Менің тақырыбымның өзектілігі мынада: көптеген

адамдар жөндеуге дейін шығындарды есептемейді және бәрін «көзбен» жасайды, ал қателіктер орын алған кезде олар өздерін емес, кез келген адамды, сатушыларды, кеңесшілерді кінәлайды. Пәтеріміздегі, үйімізді жөндеу жұмыстары кезінде мұны болдырмау үшін мен математикалық есептеулерді дұрыс жасау керек деп шештім. Мен жөндеу жұмыстарын жасаудағы математиканың рөлін зерттей бастадым.

Жұмыс мақсаты: Құрылыштағы, жөндеу жұмыстарын жасағандағы математиканың рөлін анықтау, жөндеу жұмыстарында есептеулерді тиімді пайдалану жолдарын анықтау. Құрылыш материалдарының қажетті мөлшерін сатып алу үшін жөндеу жұмыстарын орындау кезінде есептеулер жүргізуі үйрену.

1. Бөлмені жөндеу кезінде қандай экологиялық таза материалдарды қолдануға болатынын білу.

2. Жөндеуде қандай математикалық есептеулер қажет екенін қарастыру.

3. Жөндеуге арналған материалдардың құнын есептеу.

Гипотеза: Зерттеу мынада: егер сіз бөлменің барлық өлшемдерін дәл есептесеңіз, сіз құрылыш материалының белгілі бір мөлшерін сатып ала аласыз, осылайша отбасылық бюджетті үнемдей аласыз.

Кезеңдері: жобаны жоспарлау, есептеу-зерттеу жұмыстары, жобаны рәсімдеу.

Зерттеудің рәсімі: Есептеу, шығындарды анықтау. Зерттеу жұмысы бойынша жұмыс.

Эксперименттің әдістемесі:

1. Кітап, журналдардан мағұлматтар жинастырылды.
2. Интернеттен мағлұматтар жинақталды.
3. Математикалық формуаларды пайдаланып, есептеулер жүргізілді.

Жоспар. Кіріспе бөлім: 1.1. Құрылыштағы математика. Негізгі бөлім: 2.1. Элементар математика әдісі арқылы құрылыш элементтерінің, құрылымдарының, құрылымдарының көлемдерін есептеу. Денелердің көлемдерін табуда кәсіби есептерді шығару жолдарын үйрету.

2.2 Практикалық есептеулер. Қорытынды бөлім.

Орындалған есептеу жұмыстары:

1. Бөлмені жөндеуге байланысты жобаны жоспарлау, таңдалған жоба тақырыбының маңыздылығын зерттеуге арналған сауалнама.
2. Жөндеу шығындарының математикалық есептеулерін жасау.
3. Материалдың мөлшерін есептеу: Қабырғалардың жалпы ауданын есептеу керек: Алдыңғы қабырға ауданы (есікке қарама-карсы): $4,5 * 2,46 = 11,07 \text{ м}^2$. Алдыңғы және артқы қабырғалары бірдей болғандықтан, олардың біріктірілген ауданы: $2 * 11,07 = 22,14 \text{ м}^2$. Әрбір бүйір қабырғаның есептелген ауданы: $4,7 * 2,46 = 11,56 \text{ м}^2$, екі бүйір қабырғасының ауданы: $2 * 11,56 = 23,12 \text{ м}^2$. Бөлменің алдыңғы қабырғасында және бір бүйір қабырғасында 3 терезе, екіншісінде есік бар. 1 терезенің ауданы: $1,07 * 0,7 = 0,75 \text{ м}^2$; 3 терезенің ауданы: $0,75 * 3 = 2,25 \text{ м}^2$. Есіктің ауданы: $1,85 * 0,85 = 1,57 \text{ м}^2$. Қабырғалардың жалпы ауданы терезелер мен есіктер аудандарының қосындысын шегергендеңі барлық 4 қабырға аудандарының қосындысына тең: $(22,14 + 23,12) - (2,25 + 1,57) = 45,26 - 3,82 = 41,44 \text{ м}^2$. Орам өлшемі: 1,06 x 10 м. Бір орамдағы түсқағаздың ауданы $1,06 * 10 = 10,6 \text{ м}^2$. Орамдар санын анықтау, желім мөлшерін есептеу, плиткаларды есептеу.

Кесте 1 – Орамдар санын анықтау, желім мөлшерін есептеу, плиткаларды есептеу

Атауы	Саны	Багасы	Құны
Ламинат	8 орам	1 ор. – 8000 тг.	64000 тг.
Еденге арналған плинтус	9 шт	1 шт. – 1500 тг.	13500 тг.
Түсқағаз	4 орам	1 орам – 14000 тг.	56000 тг.
Түсқағазға арналған желім	2 қорап	1 қорап – 2900 тг.	5800 тг.
Төбеге арналған плитка	22 м ²	1 м ² – 1300 тг.	28600 тг.
«Мастер Клей универсальный» мөлдір желімі	1 л	1 л – 1600 тг.	1600 тг.
Төбеге арналған плинтус	9 шт	1 шт – 1000 тг.	9000 тг.
Барлығы: 178500 тенге			

Жұмыстың нәтижесі және қорытындысы: Жұмыстың нәтижесі бойынша бір бөлмені жөндеуге кететін шығындарды есептеу арқылы, бұдан да көлемді есептеулерді жасағанда математикалық есептеулерді қолдануда шығындарды азайтуға болатыны дәлелденді. Атапаналарымның менің бөлмеме бөлген ақшалары толық жетті және нәтижесінде ақша үнемделді.

Әдебиеттер

1. Бурдайный М.А. Строительство дома. – М.: ООО «ТД «Издательство Мир книги», 2007.
2. Саматов Н.М. Строительная математика. – 1975.
3. Интернет ресурстар.

М.С. Есенова

Семей қаласы, «М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК
Ғылыми жетекшісі – Г.А. Мавлитаева, математика пәннің оқытушысы

STEAM ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША САБАҚТАРДЫ ТИІМДІ ЖОСПАРЛАУ

Тақырыбының өзектілігі: Білім беру парадигмасының өзгеруіне байланысты білімді STEAM жағдайында шығармашылықпен қолдана біletін бастауыш сыйып оқушы тұлғасын тәрбиелеу өзекті әрі зерттеуді қажет ететін зерттеулердің бірі болып табылады. Себебі, интеграцияланған білім нәтижесінде шығармашылық іс-әрекеті дамыған адам қоғамды өзгертуге және өз қызметінің субъектісіне айналуға қабілетті тұлға болып табылады.

Болжамы: Егер STEAM технологиялары сабак жоспарына жүйелі түрде енгізілсе, онда оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, оку нәтижелері жақсарады, өйткені STEAM білім беру оқушылардың шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін дамытады.

Мақсаты: STEAM технологиялары негізінде сабактарды тиімді жоспарлау әдістерін анықтау және оку үрдісіне енгізуіндегі зерттеу.

Зерттеу мақсатына орай мынадай негізгі міндеттер қойылды:

1. STEAM технологияларының білім беру жүйесіндегі рөлі мен маңыздылығын анықтау;

2. Сабактарды тиімді жоспарлау тәсілдерін зерттеу;

3. STEAM технологияларын пайдалану арқылы оқушылардың оку үрдісіндегі нәтижелерін талдау.

STEAM – бұл интеграциялық білім беру тәсілі, оның атауы ағылшын тіліндегі бес сөздің алғашкы әріптерінен құралған: S – Science (ғылым), T – Technology (технология), E – Engineering (инженерия), A – Art (өнер), M – Mathematics (математика).

STEAM – пәнаралық оқытуға негізделген тәсіл, ол оқушылардың шығармашылық және зерттеу қабілеттерін, сонымен бірге сыйни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл технология дәстүрлі пәндерді оқытуды бір-бірімен байланыстырып, нақты өмірдегі мәселелерді шешуге арналған кешенді дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

STEAM – бұл Science (ғылым), Technology (Технология), Engineering (Инженерия), Art (Өнер) және Mathematics (Математика) пәндерін біріктіріп интеграциялық білім беру тәсілі. Бұл модель оқушылардың зерттеу, шығармашылық және сыйни ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған.

STEAM білім беру тұжырымдамасының басты идеясы – пәнаралық байланысты жүзеге асыру арқылы оқушылардың теориялық білімін практикалық өмірде қолдану мүмкіндігін дамыту.

STEAM технологиялары білім беру жүйесінде заманауи талаптарға сай оқыту процесін ұйымдастырудың тиімді тәсілі ретінде маңызды орын алады. Бұл әдіс пәнаралық байланысты нығайтып, оқушылардың ғылыми және шығармашылық әлеуетін дамытуды қөздейді. Зерттеу барысында STEAM технологияларын сабак жоспарына жүйелі түрде енгізу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оку нәтижелерін жақсартатыны анықталды.

STEAM тәсілі арқылы оқушылар нақты өмірлік мәселелерді шешуге бағытталған білім мен дағдыларды менгереді. Бұл олардың сыйни ойлау, зерттеу, шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін дамытады. Сонымен қатар, интеграциялық оқыту оқушылардың теориялық білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік беріп, олардың оку үрдісіне деген ынтасын күштейтеді.

Зерттеу нәтижесінде сабактарды тиімді жоспарлау үшін STEAM технологияларын кешенді түрде қолданудың маңыздылығы айқындалды. Болашақта STEAM технологияларын қолдануды көңейту және оны білім беру жүйесіне тереңірек енгізу оқыту тиімділігін арттырып, жаңа буынның инновациялық ойлау қабілетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Әдебиеттер

1. Баймұхамбетов Х., Әлімбаев Ә.М. Жаңартылған білім мазмұны бойынша сабак жоспарлау. – Алматы: «Атамұра», 2020.
2. Қарғұлов Қ.Қ. Жаратылыстану пәндерін оқыту әдістемесі. – Алматы: «Мектеп», 2015.
3. Сидоренко В. Технологии интегрированного обучения: STEM и STEAM. – Алматы: Республикалық ғылыми-әдістемелік баспасы, 2021.
4. Әлімжанова А.А. Білім беру жүйесіндегі цифрлық технологиялар. – Алматы: «Ұлағат», 2020.
5. Герасимов А.Г. STEM и STEAM: Практическое руководство для педагогов. – Москва: Издательство «Академия», 2018.

А.Б. Аманғазина

Абай облысы, Аягөз ауданы «№10 қазақ мектеп-гимназиясы»
Ғылыми жетекшісі – **А.Б. Мырзаканова**, физика пәнінің мұғалімі

БОЛАШАҚТАҒЫ СПУТНИК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Зерттеудің мақсаты: Заманға сай жаңа техниканы пайдаланып, спутниктердің жұмысын женілдету және ақпарат алу уақытын ұнемдеу. Ұшу жылдамдығын экологияға залалсыз жолдармен арттыру.

Зерттеудің өзектілігі: Аспан денелерін зерттеуге үлкен үлес қосады. Экологиялық таза.

Зерттеу барысы: Зерттеу кезеңдері 3 бөлімнен тұрады.

Зерттеу гипотезасы: Планета аралық байланысты женілдетеді және қоршаған ортаға улы газ таратпайды. Зерттеу жылдамдығы.

Ұсынысым:

1. Жаңа Қазақстанға «Жаңа жол» спутниктерді алмастыруға болатын арзан және де сенімді спутник негізінде енгізу. Дамыған озық елдермен бірге басқа планеталарды зерттеу.
2. Улы газдармен ластауды тоқтату. Галактиканың ластануының алдын алу.
3. Фарыш саласындағы үлкен инвесторларды тиімді және озық әдістермен жаңа Қазақстанға тарту.
4. Байқоңырды толықтай игеруге жаңа Қазақстанға ат салысу.
5. Экономикамыздан үлкен шығын шығармай, экологияға үлкен үлес қосу.

Әдебиеттер

1. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Механика / Жалпы редакциясын баскарған Ә.Ф.Д., профессор Е. Арын. – Павлодар: «ЭКО» ФӨФ, 2007. – 291 б. ISBN [9965-08-234-0]
2. Биология: Жалпы білім беретін мектептің, 9-сыныбына арналған оқулық, 2-басылымы, өндөлген / М. Гильманов, А. Соловьев, Л. Әбшенова. – Алматы: Атамұра, 2009. ISBN [9965-34-927-4]
3. Экология (оқулық). – Алматы, 2008 – ISBN [9965-32-223-6]
4. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Геология. – Алматы: «Мектеп» баспасы», 2003. ISBN 5-7667-8188-1 ISBN [9965-16-512-2]
5. Мұнай және газ геологиясы танымдық және кәсіптік-технологиялық терминдерінің түсіндірме сөздігі. Анықтамалық басылым. – Алматы, 2003. ISBN [9965-472-27-0]
6. Дайыrbеков О.Д., Алтынбеков Б.Е., Торғауытов Б.К., Кенесариеv У.И., Хайдарова Т.С. Аурудың алдын алу және сақтандыру бойынша орысша-қазақша терминологиялық сөздік. – Шымкент: «Ғасыр-Ш», 2005. ISBN [9965-752-06-0]

Ж. Рахатова

Семей қаласының «№32 ЖОБМ» КММ

Ғылыми жетекшісі – **Г.К. Азимбаева, Л.З. Сыгаева**, физика пәнінің мұғалімдері

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТИН МЕКТЕПТЕРДЕ ФИЗИКА ПӘNІН ТҮСІНУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Бұғінгі таңда жалпы орта білім беретін мектептерде оқылатын физиканың алдында түрған құрделі және жауапты міндettі орындау үшін және принциптерді іс жүзінде асыру үшін, әр түлі әдістерді қолданылады. Жеке алынған физика сабактары кездейсоқ оқига емес, созылып жатқан сабактар қосағының белгілі бір буыны. Физика сабағында тақырыпты айтқанда, оқу материалдары жүйелі түрде мазмұндалады. Мазмұндан айту тәжірибе демонстрациясымен, кестелердің, компьютердің, модельдердің жәрдемі арқылы иллюстрациялаумен, өрнектерді қорытып шығарумен, қорытындыларды қысқаша жазумен, схема түрінде сурет салумен, есеп шығарумен қатар жүреді. Мен физика мұғалімінің басшылығымен тақырыпты тыңдалап қана қоймай өзімде әрекет жасауға тырысамын. Бұл менің физиканы қызығып оқуыма, өз бетіммен жұмыс істеуімे көмектеседі.

Түсіндіріп айтудың көркем, анық, түсінікті болуы – міне, осылар оқушының сөзінің айрықша қасиеті болу керек. Бұл қасиеттерге мына жолдар арқылы жетеді: біріншіден, оқылатын материалдың мазмұнын жете біліп, қарастырылатын проблеманың мәнін толық қамтуы керек, екіншіден жасына сәйкес қойып отырған проблеманы ойдағыдай шешудің жолдарын дұрыс тауып, мысалдарды, тәжірибелерді, иллюстрацияларды дұрыс іріктең ала білу керек; үшіншіден сөйлеу техникамыз жақсы болу керек.

Оқу процесінде оқушылар физикалық механизмдердің демонстрациясын жасаумен тығыз байланыста болады. Эңгімелесу кезинде физика мұғалімі түрлі ұғымдарды олардың білімімен, дағдысымен толығырақ танысуға, теріс, жалған түсініктерді, пікірлерді сейілтүге, ғылыми білімнің системасын жасауға мүмкіншілік береді. Сондай-ақ әңгімелесу арқылы оқу материалдарын қаншалықты ұққандығы, олардың алған теориялық білімін практикада қаншалықты қолдана білетіндігін анықтауға мүмкіншілік береді.

Физика сабактарында қолданылатын әңгімелесудің бірнеше түрі болады: өтілген материалды пысықтау мақсатымен жүргізілетін әңгімелесу; жаңа тақырыпты бұрын өтілген тақырыптармен байланыстыру мақсатымен жүргізілетін әңгімелесу; жаңа материалды түсіндіру мақсатымен жүргізілетін әңгімелесу және лабораториялық жұмыс орындау. Оқушылар тек тыңдалап қарап қана отырмай өздері де әрекет жасап отыруын қамтамасыз ететін болу керек. Үздік оқушылардың белсенділігін олардың физиканы кызығып оқуына жағдай жасалуы керек. Физика сабакының маңызды құрамының бірі оқушылардың өз бетімен істейтін жұмысы болып табылады. Мұнда негізгі орынды оқушылардың өз бетімен орындастырылған физикалық эксперимент алады.

Корытындылай келе біз мұғалімнің түсіндіргенін тыңдаймыз, демонстрацияланған құбылыстарды бақылаймыз және бұлармен қатар өзіміз эксперимент жасаймыз, өлшеміз, сыйзамыз, жазамыз, оқымыз және орындаімьыз. Осындағы әдістер арқылы теренде жатқан ойымызды дамытып, жауабымызды жекелей, жүппен, топ арқылы сын түрғысынан бағалауға қалыптасамыз.

Әдебиеттер

1. Жанабаев З.Ж., Ильясов Н.И., Тынтаева Ш.Б. Физиканы оқыту теориясы және әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: ТОО «Полиграфия сервис и К», 2006. – Б. 169.
2. Серкебаев С.К., Серкебаева Г.С. Физика оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері: Оқу құралы. – Алматы, 2022. – Б. 210.
3. Тілеулесова К.Б. Орта мектепте физика пәнін оқыту сапасын арттырудың маңызы. – Математика және физика. – №1, – 2022. – 33-32 б.

Е.Ә. Абдиева

Семей қаласы білім бөлімінің «№19 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Ғылыми жетекшілері – **Ж.Т. Жамалбаева, С.А. Жұмабаева**, математика пәнінің мұғалімдері

ШӘКӘРІМ ЖҰМБАҒЫНДАҒЫ МАТЕМАТИКА

Математика тікелей Шәкәрімнің өлеңдерінде аса көп қолданылмаса да, оның шығармаларында белгілі бір логикалық құрылымдар мен ойлау тәсілдеріне назар аударатын тұстар бар. Мысалы:

1. Шәкәрімнің өлеңдерінде математика мен ғылымның абстрактілі ойлау және дәлелдермен байланысы байқалады.

2. Кейбір өлеңдерінде Шәкәрім метафора ретінде сандар мен геометриялық фигуналарды қолданған. Мысалы, ол "үштік" немесе "төрттік" сияқты сандарды жиі қолдануы мүмкін. Бұл, әрине, сандардың тек физикалық мәндерін емес, олардың адам өміріндегі философиялық мәнін көрсетеді.

3. Өлеңдерінде сан мен өлшем, үйлесімділік, пропорция сияқты ұғымдар қарастырылады. Бұл ұғымдар көбінесе адамның өмірін, ақыл-ойын және дүниетанымын бейнелеу үшін қолданылады.

Шәкәрім атамыздың сегіз жұмбағы бар. Соның ішінде математикаға лайықталған төрт жұмбағына талдау жасаймыз.

1-жұмбағы: Бірде емес, тамам санның бірінде емес

Не үлкен, не кішкене бірі де емес
Ғылым тапқан сипаттың бірі онда жоқ.
Бұл жұмбақ өлі де емес, тірі де емес.

Тапсырма: Өрнектердің мәніне сәйкес жұмбақтың жауабына жетеді.

a) $(47,52-7,2):6-5,72$

ә) $(16,3+21,5):14-2,7$

Жауабы: Бар-1, жоқ – 0

2- жұмбағы: Тамам сөзді сөйлейді сөйле десе ,

Етінен ет кесемін сөйлемесе

Айт демесе айтпайтұғын жауабы жоқ.

Сүйгенімді сөйлеттім әлденеше

Жауабы: Қарындаш

3-жұмбағы: Тоғыз(ана) жиылып бір толғатқан

Бірін-бірі буаз ғып жуандатқан

Тоғызының киімі тоғыз түрлі

Келген кісі сияқты әр тарараптан.

Жауабы:Математикадағы цифrlар

Тапсырма:Дөңгелектер бойынша жай бөлшек жазындар, оларды ондық бөлшекке айналдыр.

$1\text{-бүтін } 1/2=0,5 \quad 1/4=0,25 \quad 1/8=0,125$

«Квадрат теңдеу» тақырыбында мақал – мәтелдер, даналық сөздер жүргізуге болады. Яғни, екі сан есім квадрат теңдеудің түбірі, яғни Виет теоремасына кері теоремасы бойынша квадрат теңдеу құру керек.

$1.x^2 - 11x + 10 = 0 / x_1 = 1; x_2 = 10.$ Бір тал кессен, (он тал ек). $2.x^2 - 8x + 7 = 0 / x_1 = 1; x_2 = 7.$ Жеті рет өлшеп (бір рет кес). $3.x^2 - 9x + 8 = 0 / x_1 = 1; x_2 = 8$ Жігіт сегіз қырлы (бір сырлы). $4.x^2 - 1001x + 1000 = 0 / D = 998001 x_1 = 1; x_2 = 1000.$ Білімді мынды жығады (білекті бірді жығады).

Халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, асыл мұраларымызды дәріпте, біліммен ұштастыруға болады. Еліміздің тұғырын берік ұстап, дамытуға үлес қосу – мақсатымыз!

Әдебиеттер

1. Ұлттық құндылықтар негізінде білім берудің педагогикалық аспектілері, 2021.

2. Фаламтор беттерінен.

№ 8 СЕКЦИЯ: ИНФОРМАТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

СЕКЦИЯ № 8: ИНФОРМАТИКА И ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

Т.А. Аманбаев

«Электротехника колледжі» КМҚК

Ғылыми жектекшілері: Ш.Ә. Шынарбек., арнайы пәндер оқытушысы

В.М. Кантарбаева, арнайы пәндер оқытушысы

ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫ: ҚОЛ ЕҢБЕГІНЕҢ ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕРГЕ ҚӨШУ

Жоба мақсаты. Семей қаласының аумағындағы электр желілер кешеніне, энергетикалық нысандарға цифрлық трансформациялауды жүргізу.

Жобаның экологиялық негіздемесі. Экологиялық жағынан қоршаған ортаға көп зиян келтірмейді. Айта кететін жағдай ПВХ материалынан жасалған QR кодты жарамдылық мерзімі аяқталғаннан кейін арнайы белгіленген жерге өткізу керек. Себебі пластиктің екі жұз жылға жуық уақытта ыдырайтындығы белгілі. ПВХ материалы жерге түскенде ұсақ бөлшектерге ажырайды да, өзінен қоршаған ортаға химиялық заттарды бөле бастайды. QR кодтың жарамдылық мерзімі 5 жыл.

Жобаның экономикалық негіздемесі. Жобамызды іске асыруда қанша қаржат жұмысалатыны есептелінді. Есептеу жұмыстарын жүргізу үшін «Біріккен ЭнергоСервистік Компаниясы» АҚ-на қарасты Семей қаласында орналасқан Пригород аудандық электр желісі (АЭЖ) таңдалынып алынды.

Электр желілік кешенін цифрлық трансформациялау бағдарламасы шеңберінде энергия объектілері, электр қондырығылары, электр желілері туралы ақпаратты QR-кодтау бойынша жоба ұсынылады.

Жобамыздағы QR-кодтың мөлшері 5x5 см етіп алынды. Бағдарламаны смартфонға жүктеп алуға қолайлы. Яғни, қалта телефонындағы App Store, Play Маркеттен «QR-код» қосымшасын жүктеп алып қолдануға мүмкіндік бар.

Электр қондырығыларының, электр желілерінің техникалық сипаттамалары, паспорты, қосылу схемалары, өндірістік нұсқаулықтар және өзге де нормативтік күжаттары туралы ақпараттарды бағдарламаға енгіземіз. Осы жобада қолданылған негізі бағдарлама STOR деп аталады. Бұл бағдарлама өте күрделі функцияларымен жабдықталған. Жобада динамикалық кодтау түрі қолданылды.

Бағдарламаның артықшылығы жабыстырылған QR-кодты ауыстырмай-ақ, STOR бағдарламасына кіріп, енгізілген мәліметтерге түзету жасауға болады. Электр желілеріне, қондырығыларына жасалатын тексеру жұмыстарын енгізіп отыруга өте тиімді.

Ұсынылып отырған жоба кәсіпорын үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Жоба арқылы келесі мәселелерді шешуге болады:

– Қарапайым механизм (QR-кодтау) арқылы қызметкерлердің уақытын үнемдеу және жұмыстарын жөндейту;

– Кәсіпорынның жоспарлы – сактық жұмыстарын жасау кезінде қаржат шығыны айтарлықтай азайады (электр желелілерін және электр қондырығыларын нөмірлеу, атауын жазу жұмыстары жасалмайды);

– QR-кодтың көмегімен электр объектілері жайлы ақпаратты және жүктеуге арналған сілтемені де енгізуге мүмкіндік бар;

– Кәсіпорынды таныстырудың жақсы әдісі болып табылады.

QR-коды бар тақтайшалар электр желілеріне, қосалқы станцияларға, трансформаторлық қосалқы станцияға, қондырығыларға орналастырылды. Мобильді құрылғымен сканерлеп, сілтемеге өтеміз. QR-кодқа электр қондырығыларының паспорты, принципалдық сыйбасы енгізілген. Күрделі және ағымдағы жөндеу туралы мәліметтер, ақаулары, закымдануы және болған авариялар туралы мәліметтерді, мерзімін, жауапты тұлғаны енгізетін арнайы кесте STOR бағдарламасында жасалған. Осы бағдарлама арқылы соңғы мәліметтерді енгізіп отырамыз.

Қорытынды. «Біріккен ЭнергоСервистік Компаниясы» АҚ-мен бірігіп Семей қаласының аумағындағы электр жүйелеріне цифрлық трансформациялауды енгізу жұмыстары бірігіп атқарылуда. Зерттеу жұмыстары өз нәтижесін беруде. Цифрландыру кәсіпорындар үшін маңызды нәрсе екенін айтқымыз келеді. Бұл уақыт өте келе энергетика мен өнеркәсіптің көп бөлігін қамтитын маңызды процесс.

А.Д. Болатов

Абай облысы білім басқармасы Аягөз ауданы бойынша білім бөлімнінің

«Қалалық көпбейінді қазақ мектеп – гимназиясы» КММ

Ғылыми жетекшісі – **С.К. Сарсембекова**, информатика пәнінің мұғалімі.

GLIDE ОҚУ ПЛАТФОРМАСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ЖИ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН EDUTIME МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың білім сапасын арттыру және олардың емтиханға дайындық деңгейін жақсарту маңызды мәселе болып табылады. Осы бағытта «Glide оқу платформасы» және «Жасанды интеллект (ЖИ) негізінде жасалған EduTime мобиЛЬді қосымшасы» оқу процесін жөнілдетуге және тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл қосымша оқушылардың емтихан пәндерін менгеруін барынша онай әрі тиімді етіп үйымдастыруды мақсат етеді.

EduTime мобиЛЬді қосымшасының мақсаты:

EduTime мобиЛЬді қосымшасы – 9 және 11 сынып оқушыларына арналған арнайы құрал, олардың емтиханға дайындығын жетілдіру үшін жасалған. Қосымша ЖИ негізінде жұмыс істейді, бұл өз кезегінде оқушылардың оқу үрдісін онтайланыруды, олардың білімін бағалауды, уақытты тиімді пайдалануға және тестілеу арқылы білімін тереңдетуге мүмкіндік береді.

EduTime қосымшасының ерекшеліктері:

1. **Жасанды интеллектпен жұмыс:** оқушының оқу үлгерімін және тапсырмаларды орындау деңгейін автоматты түрде талдайды.

2. **Динамикалық тапсырмалар мен тесттер:** емтихан пәндеріне қатысты әр түрлі типтегі тапсырмалар мен тесттер ұсынады.

3. **Уақытты тиімді басқару:** уақытты дұрыс пайдалану үшін арнайы уақытты жоспарлаудың функцияларын ұсынады. өздерінің оқу кестелерін жасап, мақсатқа жетуге тырысады.

4. **Жеке ұсыныстар мен кері байланыс:** өз нәтижелерін талдай отырып, оны дамыту үшін қажетті ұсыныстар мен кері байланыс береді.

5. **МобиЛЬді қолжетімділік:** смартфондар мен планшеттерде қолжетімді, кез келген уақытта және кез келген жерде оқуға мүмкіндік береді.

6. **Тақырыптық және тақырыптаралық интеграция:** әр түрлі пәндер арасындағы байланыстарды көрсетіп, білімді тереңірек игеруге мүмкіндік береді.

EduTime қосымшасының артықшылықтары:

1. **Тиімді дайындық:** оқушылардың жеке қажеттіліктері мен деңгейіне сәйкес бейімделіп, оларға ең тиімді дайындықты ұсынады.

2. **Өзіндік бақылау:** оқушыларға өз білімін бақылау мүмкіндігін береді, нәтижесінде өз кемшіліктерін дер кезінде анықтап, оларды түзетуге мүмкіндік алады.

3. **Интерактивтілік:** ЖИ технологиясының арқасында қосымша оқушыларды тек тестілеумен шектемей, интерактивті оқу бағдарламалары мен тапсырмаларды ұсынады.

4. **Жаңартылған контент:** барлық оқу материалдарды үздіксіз жаңартып, жаңа оқу әдістемелерін енгізеді, бұл оқушыларға ең заманауи білім алуға мүмкіндік береді.

5. **Жалпы қолжетімділік:** барлық оқушылар үшін тең қолжетімділік қамтамасыз етілген.

Қорытынды.

EduTime мобиЛЬді қосымшасы – білім беру саласындағы заманауи инновациялық шешімдердің бірі. Оқушыларға тек дайындықты жақсартуға ғана емес, сонымен бірге жеке даму мен оқу үрдісіне жауапкершілікпен қарауды да үйретеді. Оқушылардың білім сапасын арттырып, оқу процесін тиімді әрі заманауи деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Ахметов А.Қ. Инновациялық білім беру технологиялары. – Алматы: Қазақ университеті, 2023.
2. Әбдімәлікұлы Ж. Жасанды интеллект және оның білім беру саласындағы қолданысы. – Астана: Елорда баспасы, 2022.
3. Григорьева Н.В. Жаңа білім беру құралдары мен платформалар. – Мәскеу: Просвещение, 2020.
4. Томпсон М. Цифрлық білім беру және мобиЛЬДІ қосымшалар. – Лондон: Routledge, 2020.
5. Университеттер мен мектептердегі оқу үрдісін цифрландыру: теория мен тәжірибе // Еуропалық білім беру журналы. – 2023. – №45(2). – С. 12-25.

А.Б. Булатова

КГУ «СОШ №32», г. Семей

Научные руководители – **Г.А. Жакыпова**, учитель информатики,
С.О. Урузбаев, учитель информатики

НЕЙРОСЕТИ ДЛЯ СОЗДАНИЯ 3D-МОДЕЛЕЙ

Трехмерное моделирование является одной из ключевых технологий в современном мире, применяемых в таких областях, как дизайн, архитектура, медицина, наука и видеоигры. 3D-модели используются для создания объектов, сцен и целых виртуальных миров. Традиционный процесс их создания требует значительных знаний, времени и использования специализированного программного обеспечения, которое может быть сложным и сложным для начинающих.

С развитием технологий и процесса искусственного интеллекта (ИИ) началось меняться. Нейросети, особенно генеративно-состязательные сети (GAN), начали требоваться для автоматизации и ускорения этого процесса. Нейросети могут обучаться на огромных наборах данных, таких как изображения или 3D-объекты, и на их основе создавать новые качественные модели, которые автоматически создаются вручную. Это открывает новые возможности

Целью данного проекта является исследование современных нейросетевых технологий, внедренных для создания 3D-моделей, а также проведение практического эксперимента с использованием программы **Polycam**, которая использует методы ИИ для реконструкции трехмерных объектов на основе фотографий. **Polycam** сочетает в себе удобный интерфейс и современные алгоритмы фотограмметрии, что делает их доступными для создания реалистичных 3D-объектов, с помощью обычной камеры мобильного устройства.

Задачи проекта

1. Рассмотреть принципы работы нейросетей и их применение в 3D-моделировании.
2. Провести исследование существующих методов создания 3D-моделей с помощью нейросетей.
3. Сравнить традиционные методы 3D-моделирования и нейросетевые подходы.
4. Создать или использовать существующую нейросетевую модель для генерации простых 3D-объектов.
5. Проанализировать результаты и сделать выводы о целесообразности применения нейросетей в данной области.

Традиционные методы 3D-моделирования требуют значительных временных и человеческих ресурсов. Нейросети могут упростить этот процесс, например, автоматически восстанавливая 3D-объекты по 2D-изображениям или упрощая сложные модели. В будущем это может найти применение в индустрии дизайна, архитектуры, создания игр и анимации.

Введение также включает краткий обзор существующих программ и методов, которые уже активно применяются для генерации 3D-моделей. Мы рассмотрим, как эти технологии работают, какие преимущества они дают и в каких областях они наиболее востребованы. Кроме того, проект будет обсуждать возможные перспективы дальнейшего развития нейросетей в сфере 3D-моделирования, включая создание более сложных объектов, автоматизированное проектирование и разработку целых виртуальных миров со значительным развитием усилий со стороны человека.

Таким образом, данный проект направлен на изучение того, как нейросети могут не только упростить процесс 3D-моделирования, но и значительно расширить его возможности, сделав его более доступным.



Рисунок 1 – 3D-объект (цветок Толстянка), созданный с помощью программы Polycam

Литературы

1. Смит Джон. Искусственный интеллект и 3D-моделирование.
2. Джейн Доу. Нейронные сети в графическом дизайне.
3. Polycam: Полное руководство по фотограмметрии, <https://www.polycam.com>.

А.Б. Назарбекова

Семей қаласының «М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМКҚ студенті

Ғылыми жетекші – А.Б. Сентаева, жаратылыстану ғылымдарының магистрі,
педагог-зерттеуші, информатика пәнінің мұғалімі

MULTATOR ҚЫСҚА АНИМАЦИЯЛАНГАН БЕЙНЕЛЕРДІ ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы Жолдауда «Қазақстан жасанды интеллектінің кеңінен қолданатын және цифрлық технологияларды дамытып жатқан елге айналуға тиіс» деген болатын. Бұл тұжырым бүгінгі білім беру саласының басты бағытына айналып отыр. Өйткені қазіргі заман білім беруді цифрландыруды талап етеді. Соның ішінде окушылардың информатика пәніне қызығушылығын арттырып, оқу процесін тиімділеу үшін мультимедиялық технологияларды қолдану өзекті болып табылады.

Мультфильм – (лат. *mult*, лат. *Iplacatio* – көбейту, ағылш. *Film* – таспа) – көптеген суреттерден және солардың қимыл әрекетінен құралатын үздік туындылардан тұратын фильм [3, 43].

Білім берудің тиімді әдістерінің бірі – оқытуда анимациялық бейнематериалдарды қолдану болып табылады. Сондықтан анимациялық бейнематериалдарды окушыларды оқыту процесінде қолданудан жеке тұлғаның цифрлық сауаттылығын қалыптастыру мәселелері алға қойылады [2, 282].

Бастауыш мектеп жасындағы балалар өте сезімтал, көп нәрсеге қызығушылық танытады, олар барлық бастамаларға оңай жауап береді, шын жүректен жанашырылған танытады. Олардың көпшілігі мультфильмдер мен анимацияларды көргенді ұнатады, сондықтан бұл оқу бейнесін жасау анимацияны жасауға бағытталған. Анимациялық бейнелерді қолдану бастауыш сынып окушыларының «Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша білімін көтеру үшін тиімді [2, 283-286].

Мультфильмдер баланың дамуына оң әсер етіп, танымдық, тілдік дағдыларын жақсартады, шығармашылық ойлауды дамытады және көңіл-күйіне жағымды ықпал етеді. Олар басқа мәдениеттермен таныстырып, мейірімділікке тәрбиелейді.

Дегенмен, кейбір мультфильмдер зорлық-зомбылық немесе дәрекі тіл қолдануы мүмкін. Ұзақ уақыт мультфильм көру баланың физикалық белсенделілігін азайтып, теріс рөлдік модельдерге әсер етуі ықтимал. Сондықтан, ата-аналар баланың жас ерекшелігіне сай, тәрбиелік мәні бар мультфильмдер көрсетіп, мінез-құлқын дұрыс қалыптастыруы керек [3, 44].

Өзінің туған сәтінен бастап ЖИ ақпараттармен және кибернетикамен, когнитивті ғылымдармен, логика мен математикамен, лингвистика мен психологиямен, биологиямен және медицинамен өзара әрекеттесетін пәнаралық бағыт ретінде дамиды [1, 15].

Vidu AI - бұл жасанды интеллектті пайдаланып, сапалы бейнероликтерді автоматты түрде жасайтын озық платформа. Бұл құрал бейнемонтаж процесін жеңілдетіп, пайдаланушыларға маркетинг, білім беру және әлеуметтік желілер сияқты әртүрлі мақсаттарға арналған бейнемазмұнды оңай жасауға мүмкіндік береді.

Іс-тәжірибе бөлімі



<https://youtu.be/yuoVDuWaBf4?si=LogzMKLyzvVI1hGU>,

https://youtube.com/shorts/5YPpWh-33Vk?si=rOpujgTt1_IZLiHr

Қорытындылай келе, қазіргі білім беру жүйесінде мультфильмдер тек ойын-сауық емес, тиімді оқыту құралы ретінде танылуда. Олар балалардың қызығушылығын арттырып, күрделі ақпаратты түсінуге және есте сақтауга көмектеседі. Әсіресе цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект қолдану бұл құралдың мүмкіндіктерін көнектіде түсінгенде.

Әдебиеттер

1. Жасанды интеллект: қазіргі заманғы теория және тәжірибе / Artificial Intelligence: Modern Theory and Practice: оку құралы / М.Ф. Баймұхамедов, А.М. Баймұхамедова, С.Н. Боранбаев, 1 бөлім. – Алматы: «Бастау», 2020. – 15 б.
2. Ибашова А., Сулейменова Л. Ақпараттық білім беру ортасында анимациялық бейнелерді қолданудың тиімділігі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №2 (124). – Б. 282-286.
3. Назарбекова А. Multator қыска анимациялық бейнелерді жасау // Математика Физика Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. – 2024. – №4. – Б. 43-44.

A.Ш. Сарқытбаева

Абай облысы білім басқармасының Бородулиха ауданы білім бөлімінің

«Камышенка орта мектебі» КММ

Ғылыми жетекші – А.С. Жолдобалинова, информатика пәнінің мұғалімі

ЛОГОТИП – ТАБЫСТЫЛЫҚҚА, ТАНЫМДЫЛЫҚҚА ЖОЛ

Мен өзімнің зерттеу жобамның тақырыбын "Логотип табыстылыққа, танымдылыққа жол" деп таңдау себебім, қазіргі заман талабына сай, цифрлық сауаттылықтың жоғарылауы және әр салада компьютерлік сауаттылықтың көп сұраныста болуын байқадым [1].

Менің жобамның басты мақсаты: «Логотип арқылы шағын бизнесі дамытуға, танымалдылыққа әкелуге, сапалы тауарға логотип жасау арқылы танымал болуға көмектесу». Логотиптердің түрлерін ажыратып, Inkscape бағдарламасы арқылы логотип жасап үйрену.

Зерттеу жұмыстың міндеттері:

1. Логотиптің барлық ережелерін, қыр-сырларын зерттеп, ізденіс жұмысын жасап, логотип түрлерінің ерекшелігін білу.
2. Логотип туралы жинаған ақпаратпен оқушыларды таныстыру.
3. Дайын болған логотипті жан-жақты тарату, сол бүйімға жарнама жасау.
4. Нәтежені зерделеу, логотипті әрі қарай дамыта білу.

Зерттеудің өзектілігі: Біз сынып оқушыларымен алдыңғы жылды ин форматика пәнінен «Компьютерлік графика» тарауында расторлық және векторлық кесінділер туралы қызықты ақпаратпен таныс болдық. Сол кезде векторлық кесінділерді құру маған қатты ұнаған болатын.

Векторлық кескін – бұл нүктелер, сызықтар, шеңберлер, төртбұрыштар және басқа да геометриялық примитивтерді пайдаланып, компьютерлік графикаға кескінді өрнектеу. Векторлық кесінділерді Inkscape бағдарламасы арқылы жасаған болатынбыз. Осы орайда мен алдағы уақытта кесінділерді пайдалана отырып, логотип шығаруды ойластырдым [2].

Мен логотип жасауда көп ойланым, алдағы мақсатым өзім жасап шықкан логотибім барлықтарына танымал болуы. Логотип арқылы берілген заттың табысты болуына көмектесу болатын. Біздің ауылда торт жасап, оны сатуды өз хоббиына айналдырған Жанна апайыма логотип жасап беруді ұсындым. Жанна Касымжановна мен ұсынған идеяға қызығушылық танытып, келісімін берді.



Сөйтіп логотипті таңдаған тұтынушының Instagram әлеуметтік желісі арқылы статистика өткізуін шештім. Келесі қадам, әлеуметтік желіде қанша адамдардың Vipechka_torty_pirogi парақшасына тіркелгенін бақыладым.

Логотип таңдалып болғаннан кейін, біз оны принтерден шығарып, әр тортқа берілген тапсырысқа сол логотипті торттың қорабына жапсырып отырдық. Сатып алынған торттардың сапасы мен сыртқы безендірілуі сай келіп отырды [3, 4].

Зерттеу нәтежесінде әлеуметтік желіде шағын бизнестің танымал болатынына көз жеткіздік. Эрі біздің паракшамызға тіркелгендердің саны артатынына мүмкіндік зор.

Қорытындылай келе Instagram әлеуметтік желіде Vipechka_torty_pirogi паракшасында тіркелгендердің саны 23% көбейгенін байқадым. Логотип жасау арқылы шағын бизнесті танымалдылыққа әкелуге болатынына көз жеткіздім. Болашақта мен логотип жасауды өз хоббиіме айналдыратынныма сенімім зор.

Әдебиеттер

1. Мұхамбетжанова С.Т. Компьютерлік дизайн. – Алматы, 2017.
2. Балапанов Н., Бөрібаев Б. Информатикадан 30 сабак. – Алматы, 2013.
3. Смирнова И.Е. Web-дизайн бастамасы. – Санкт-Петербург, 2013.
4. Миронов Д. Компьютерная графика в дизайне. – СПб.: Питер, 2014.

Айтбек Мирас

Назарбаев Интеллектуальная школа физико-математического направления г. Семей

Научные руководители: Г.К. Бекжанова, учитель НИШ ФМН г. Семей,

Н.С. Данияров, учитель КГУ «СОШ №9» г. Семей

МАШИННОЕ ОБУЧЕНИЕ ПРОГНОЗИРОВАНИЯ ПОГОДЫ

Аннотация. В данной работе проведена попытка применить искусственный интеллект для решения одной из насущных проблем – прогнозирование погоды. Для сбора информации, необходимой для машинного обучения, была собрана установка мониторинга погоды на базе Arduino, написана программа для удобного визуального интерфейса, продумана схема хранения и обработки информации, и, наконец, написаны программы для предсказания температуры воздуха с использованием искусственного интеллекта.

Ключевые слова: машинное обучение, искусственный интеллект, Arduino, Python, прогноз погоды.

В школьном обучении существует проблема применения знаний, полученных на уроках, в повседневной жизни. Использование функциональной грамотности является залогом успешности в

будущем. Поэтому в данной работе попытались совместить робототехнику, программирование, технологию, математику, географию. Идея состояла в том, чтобы изготовить прибор для наблюдения за погодой, записать эти данные в компьютер, и, на их основе, спрогнозировать сначала температуру воздуха, а затем уже и другие параметры.

На первом этапе для мониторинга погоды была собрана установка на базе Arduino. Измеряли температуру воздуха и относительную влажность, атмосферное давление, ультрафиолетовый индекс, освещенность, количество осадков, скорость ветра (анемометр) и его направление. Периодически данные по bluetooth отправлялись на сервер.

На сервере специально написанное приложение на языке Python с оконным интерфейсом принимало сведения, выводило их на монитор, и записывало в базу данных. Кроме этого, числовые данные о температуре воздуха записывались в текстовый файл, для того чтобы их использовать в дальнейшем.

На заключительном этапе значения температуры за несколько дней обрабатывались при обучении нейросети для предсказания следующих значений. Сначала использовалась самая простая модель – линейная регрессия, затем применили рекуррентную нейронную сеть RNN и LSTM (без использования и с применением библиотеки Tensorflow). Полученные результаты показали, что прогноз в последнем случае более точный, он учитывает тенденцию изменения.

В качестве развития проекта планируется спрогнозировать остальные параметры погоды, ведь на самом деле она зависит и от влажности воздуха, атмосферного давления, количества осадков. В настоящее время подобные нейросети успешно применяются. Например, Google представила модель GraphCast, которая как раз и предсказывает погоду, опираясь на цифровой исторический архив метеорологических сведений практически за весь XX век. Традиционный прогноз осуществляется на основе данных метеорологических служб и анализа синоптических карт мира, строятся математические модели атмосферы – все это требует громадных вычислительных ресурсов суперкомпьютеров.

В качестве вывода можно отметить, что машинное обучение открывает новые горизонты в области прогнозирования погоды, предоставляя инструменты для обработки огромных объемов данных и выявления сложных закономерностей. Благодаря использованию рассмотренных алгоритмов, таких как нейронные сети и методы регрессии, стало возможным повышение точности прогнозов, ускорение обработки данных и улучшение понимания климатических процессов.

СЕКЦИЯ № 9: ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

Ж.Е. Менғалиева

«№26 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ, Семей қ.
Ғылыми жетекшісі – Г.С. Арпабаева, педагог-психолог

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ АДАМДАРҒА ҮКПАЛ ЕТУ ӨНЕРІ

Біздің өміріміздің негізгі бөлігі – ол қарым-қатынас орнату. Қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз – тұлғаның адамгершілік сана-сезімін, іс-әрекетін қалыптастырып, құндылық бағдарын айқындастын процесс. Мәдени қарым-қатынасты қалыптастырудың негізгі аспектілеріне адамгершілік, этикалық норма, моральдық ізгілендіру жатады. Адамдар арасындаға қарым-қатынас мәдениеті жоғары болған сайын сол мемлекеттің де рухани иммунитеті мықты болады. «Даналық ойдан дән ізде» айдармен қарым-қатынас өнері туралы бірнеше зерттеу жұмыстары мен тұжырымдамаларға токталсақ. Көп адаммен байланыста болудың артықшылығын әлеуметтану ғылымы да дәлелдеген. Роберд Уолдингердің жиырма миллион рет қаралған «Жақсы өмір сүру үшін не керек?» атты дәрісінде әлеуметтанушы ғажайып қорытындыға келеді. Америка ғалымдары 75 жыл бойы 724 адамның өмірін бақылаған екен. Бала қүндерінен жыл сайын олардың жұмысы, денсаулығы, тұрмысы, отбасы т.б. жайында ақпарат тіркеп отырған. Кедейлеу және ауқаттырақ аудандардан шыққан 724 адамның ішінде бірнеше президент, Нобель сыйлығының иегері, бизнесмен, Голливуд жұлдызы және басқа да түрлі адамдар бар екен. Бұл адамзат тарихындағы ең үлкен және ұзақ әлеуметтік зерттеу болып табылады. Сонда олардың жасаған қорытындысы бойынша, адамдарды бақытты қылатын ақша емес, атақ та емес, билік те емес екен. Адамды бақытты қылатын адамдармен қарым-қатынас сапасы екен. Яғни, әлеуметтік өмірі неғұрлым онды болса сол адамның денсаулығы да мықты келеді, ұзақ жасайды екен. «Әлеуметтік капитал» деген ұғым бар. Яғни адамның байлығы ол қандай және қаншама адамды танитындығымен өлшенеді. Мысалы неғұрлым көп адамды білген сайын жаңа идеялар, жаңа мүмкіндіктер болатыны анық. Кейт Ферации «ақыл, талант деген ұғымдардың ешқайсысы жақсы коммуникациялық қабілеттерсіз адам жеңіске септесе алмайды» дейді. Қарым-қатынас туралы Авраам Линкольн «Адамның кереметі басқалармен тіл табыса білуінде» десе, Венаның атақты психологі Альфред Адлер «Сіз үшін өмір қандай болуы керек?» деген кітабында «Жора жолдасымен, туган туысымен тіл табыса білмеген адам өмірде көп қындық көреді, қасындағыларды да мезі етеді. Ондай адамдар беймаза, қырсық болып келеді, ортасында да сүйкімі болмайды», -деп жазған.

Адамдармен тіл табысып, олардың жүргегінен жол табу үшін мына қағидаларды есте сактаган жөн. Бұл қағидаларды әрбір адам зерделеріне тоқып, қунделікті өмірде басшылыққа алса, адамдар арасындағы қарым-қатынас нығайып, көп нәрсеге қол жеткізе алады.

– Күлімдеп жүру. Рон Гутман «The Hidden Power» деген дәрісінде күллікінің адам денсаулығын көтеріп, ұзағырақ жасайтыны туралы сараптасымен бөліседі. Оның зерттеуі бойынша күлімдеу мен жымиу адамды тартымдырақ, көріктірек қана емес, өзіне сенімдірек және компетенттірек етіп көрсетеді екен. Бұл процесс сонымен қатар жағымды атмосфераны қалыптастырады. Басқа адамдардың саған деген ықыласын арттыратын алғашқы шарт.

– «Сіз» шекара сақтай білудің алғашқы белгісі. Шекара сақтай білу де үлкен өнер.

– Тыңдай білу. Басқалардың пікіріне құрметпен қарау, сөйлегендеге бөлмей, ол адамның ойын ақырына дейін тыңдай білу ең маңызды қасиет.

– Жөн-жосықсыз сынамау. Дейл Карнегидің «Дос табу және адамдарға үқпал ету өнері» деген бестселлерінде өте жақсы ой айтады. Өзгені сынау, кемшілігін көрсетудің түбінде көп жағдайда өзін көтермелей, өз бағасын арттыруға талпыныс жатады. Бұл қарым-қатынастағы ең қауіпті нұкте болып табылады. Яғни өзіне сенімді адам ғана басқаларға кешіріммен қарайды, олардың жасаған қателігін байқамауға тырысады. Сонда ғана өзгенін құрметі мен сүйісреншілігіне бөлениуге болады.

- Кез келген нәрсеге басқаның көзімен қарай білу үлкен даналықтың белгісі.
- Қателессеңіз, қатеңізді тез және қаймықпастан мойындағы білу;
- Адамның ірілі ұсақты кез-келген жетістігін мақтап отыру. және ол шынайы болсын.
- Кез келген даудың шешімін табудың жалғыз жолы – оған жол бермеу
- Дұрыс сөйлем, әдептілік танытып, өзін ұнайтын адамдарға ұқсауға тырысу – бұл қарым-қатынаста адамның дамуына септігін тигізетін басты әрекет болып табылады.

Әдебиеттер

1. Карнеги Д. Дос табу және адамдарға ықпал ету өнері, 2020.
2. «Бейсен және болмыс» отбасы хрестоматиясы жобасы. – Алматы, 2022.
3. «Екінші болма» Бизнесте, карьерада және өмірде женіске жетудің қазақша жолы. – Алматы, 2019.
4. Мосс Д., Нарбут А. «Большая книга тренингов по Дейлу Карнеги» психология высший курс. – Москва: ПРАЙМ АСТ.

А. Алибекова, А. Балдаш

«М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК
Фылыми жетекшісі – М.Т. Нургазы, психология пәнінің оқытушы,
педагогика фылымдарының магистрі

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГТЕРДІ ҰЙЫМДАСТАРУДЫҢ ӘДІСНАМАСЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Өзектілігі: Қазіргі уақытта психологиялық тренингтерді ұйымдастыру белсенді оқыту әдісі ретінде психологиялық жұмыстың ең танымал және қарқынды дамып келе жатқан түрі. Сонымен қатар тренинге деген қызығушылықта қазірге кезде өсіп келе жатыр. Бұгінгі күнде «тренинг» түсінігінің нақты бір анықтамасы жоқ, сондықтан бұл термин психологиялық практикада әр түрлі іс-әрекеттердің, әдіс-тәсілдер мен құралдардың ортақ термині ретінде кеңінен пайдаланылады. Жалпы психологиялық тренингтерді кез-келген маман иесі өткізе алғанменде нақты бір анықтама мен жетекші керек. Себебі, ҚР-ның қазіргі білім жүйесінің стратегиялық мақсаты жоғары білімді бәсекелестік қабілеті мол, шығармашыл тұлға қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Қазіргі мектептерде балалар белгілі бір білім ғана алып, біліктілікке үйреніп қана қоймай, сондай-ақ алған үлгі-өнегені өмір бойы пайдалана білуі тиіс.

Мәселе: Егер де мектеп оқушыларына өткізілетін психологиялық тренинг ерекшеліктері мен әдістерін әдіснамасын тиімді қолданып, көп таралмаған тиімді әдіс тәсілдерді жүзеге асырып нәтижесін шығарса, арнайылап жүйелі түрде өткізсе онда мектептегі оқушылардың қызығушылығы мен өмірлік ұстанымға адамгершілік дұрыс қарым-қатынас жасай алу қасиеттері одан әрі жылдамырақ арта түседі.

Жұмыс мақсаты:

Психологиялық тренинг туралы жалпы түсінік беріп маңыздылығымен теориялық түрғыдан ерекшелігін айқындаپ саралау.

Жұмыс міндеттері:

1. Зерттеу тақырыбы бойынша мәліметтермен әдебиеттерді талдау.
2. Психологиялық тренинг ұғымдарының даму тарихы мен шарттарын қарастыру.
3. Оқушыларды психологиялық тренинг бойынша тұлғалық даму тәсілдеріннің әдіс-тәсілердің көрстеген толық жеткізу және оны іске асыру.
4. Маңызды психологиялық өзгерістерді менгеру мүмкіндіктерді ашу және қолдану.

Зерттеу обьектісі:

Мектептегі психологиялық тренингтерді ұйымдастырудың әдістері мен әдіснамасы.

Зерттеу пәні: Психологиялық тренинг

1.1 Психологиялық тренингтің тарихы. 1970-ші жылдары ГДР-да М.Форверстің жетекшелігімен ол әлеуметтік-психологиялық тренинг деп атаған әдіс жасап шығарады. Біздің елге ол тек тренинг атауымен келді.

Біздің еліміздегі тренингтер қарым-қатынас тренингінен ең алғаш басталды. Қарым-қатынас тренингі іс жүзінде кез-келген тренинг үшін базалық бағдарлама болып табылады.

Артур Робер құрастырған «Үлкен түсіндірмелік психологиялық сөздікке» жүгінетін болсақ, тренингтің мынадай анықтамасын көреуге болады.

«Жалпы түсінік дегеніміз – олардың жүзеге асырылуы нәтижесінде қандай да бір белгілі реакцияға немесе қандай да бір күрделі, шеберліктерді қажет ететін қызметке қатысуға қабілетті организм түріндегі ақырғы өнімді алу үшін жасап шығарылған процедуралар жиынтығы немесе кез-келген оқу бағдарламасы» Бұл соның ішінде адамды ғана емес, оқытуды қамтитын өте кең анықтама. Бұл анықтаманың негізгі ойы тренингтің жаттығуы, дағылар мен шеберліктерді жинақтау болып табылады [1].

1.2 Тренингтің нормалары мен принциптері

Тренинг принциптері:

Тренингтің бастау алдында жетекші маңызды сұрақтарды қарастырып, тренинг шарттарымен таныстыруы тиіс. Жетекші тренингтің барлық нормаларымен және принциптерімен таныстыруы тиіс. Ұстаным бойынша қатынас «осында және қазір». Көптеген қатысушыларға тренинг жұмысы өткен және болашақтағы оқиғаларды талқылау. Бұндай жағдайда психологиялық қорғаныс механизмі іске қосылады. Бірақ тренингтің басты идеясы мынадай жағдайдан тұрады, ол топтың үлкен айнаға айналуы немесе айналар жүйесін құруы, осында әрбір қатысушы жаттығулар барысында сол айнадан өзін көре алуы тиіс. Бұл өз жетімісін беруі мүмкін, егерде топта кері байланыс жақсы дамыған болса, және қатысушылардың бір-біріне деген үлкен сенімі.

Психологиялық тренинг қарым-қатынасы келесі принциптерден құралады:

1. Ұстаным бойынша қатынас «осында және қазір». Көптеген қатысушыларға тренинг жұмысы өткен және болашақтағы оқиғаларды талқылау. Бұндай жағдайда психологиялық қорғаныс механизмі іске қосылады. Бірақ тренингтің басты идеясы мынадай жағдайдан тұрады, ол топтың үлкен айнаға айналуы немесе айналар жүйесін құруы, осында әрбір қатысушы жаттығулар барысында сол айнадан өзін көре алуы тиіс. Бұл өз жетімісін беруі мүмкін, егерде топта кері байланыс жақсы дамыған болса, және қатысушылардың бір-біріне деген үлкен сенімі.

2. Жеке-дара пікір айту ұстанымы. Бұл ұстанымның негізі әлеуметтік жұмыскер тренинг барысында көпше түрдегі сөздерді емес жеке өзінің ойын толық жеткізуі. Яғни «біздің ойымызша...» немесе «көптің айтуынша...» деген формадағы сөздерді емес, «менің пікірімше, бұл...» деген формадағы сөздерді қолдануды дағдыға айналдыру.

3. Екпінің айқын етіп айту ұстанымы. Осы ұстанымға сәйкес кез келген қатысушы өзінің сөйлеуі барысында екпінмен айту, эмоциялдық күйлерге түсіп баянdap беруі тиіс. Мәселен мынадай жағдайлар болмауы тиіс «сенің сөйлеу екпінің мені ашуландырып жатыр». Сондықтан әрбір қатысушы өзінің сөз сөйлеу екпінің дұрыс қоя білуі шарт және өздерінің көңіл-күйлерін білдіре алуы тиіс [2].

2.1. Тәжірибелік бөлім. Оқушының бойына керекті құндылықтарды негізге ала отырып мен көптеген тренингтер жүргіздім. Соның бірі «Менің өмірім» тренингі. Жалпы тренингке 16 бала қатысты жас аралығы (9-10) жас.

Тренингтің мақсаты: Сыныптағы оқушылардың бір-бірін жақсылап танып білуге жағдай жасай отырып өзінің өмірлік құндылықтарын танып білуге ойлау қабілеттерін дамыту.

Осы тренинг өткізу барысында оқушылардың өмірге деген көзқарастарын анық байқай алдым. Оқушылар бір-бірін мұқияттында отырып өз ойларын ортаға салып ерекше шағын әңгіме құрды. Бұл тренинг балаларды қызықтырып ойлау қабілеттерін дамытпа отырып жақындастыра тусти. Тренингке сыныптағы балалар толық қамтылып жұмыс жүргізді. Тренинг өзі көздеген мақсатқа жете алды.



2.2 «Қас қағым» – бұл тренинг балалардың вербалды белсенділігін және басқаларды зейін қойып тындауға дағдыландырады. Эрбір бала «қас қағымда» – 30 секунд ішінде топ алдына шығып не айтқысы келсе, өзі біледі – әңгіме, өлең, тақпақ, өзі жайлы т.т.



2.3 «Тауқырайдай» – балалар бірінің қолы, бірінің басына жетерлікте мөлшерде дөңгеленіп топпен отырады. Эр топ бірге отырып бір бала бастап кезекпен кезек жүргізеді. Тренинг жүргізуіден басқасы жалаңбас болуы керек.

Бұл тренинг арқылы оқушылардың бір-біріне деген жақсы көзқарас қалыптастырып, топпен жылдамдықта бірге жұмыс істеуге тартады [3.]



Әдебиеттер

1. Пузиков В.Г. Психологиялық тренинг технологиясына кіріспе. – Алматы, 2020. – Б. 7-15.
2. Базарбаев К.К. Психологиялық тренинг: Ұйымдастыру жолдары. – Астана, 2011.
3. Тоқтарбекова К. Тренингтік жұмыстарды ұйымдастыру. – Өскемен, 2014. – Б. 7-12.

Д.Ұ. Рахатова

Фылыми жетекшісі – Г.К. Матеева, педагог-психолог
Семей қаласының «№32 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТАРЫУ

Таным әрекетінің бірі – қабылдау. Тілдік мәліметтерді және жазылымдағы қатысымдық тұлғаларды ұғыну қабылдаудан басталады. Тілді менгеру барысында тіл үйренуші есту, көре, сезу арқылы дыбыстарды, сөздерді, сөйлемді қабылдауға үйренеді. Бала қоршаған органды жақсы қабылдауға тиіс. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық-тілдік құзіреттіліктерін дамытуда жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатысы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойын баланың жеке басының дамуына ықпал ететін жетекші, басты құбылыстың бір деуге болады. Бала ойын арқылы өзінің күш – жігерін жаттықтырып, қоршаған орта мен құбылыстардың ақиқан сырын ұғынып үйрене бастайды. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойнайды, эмоциялық әсері ұшқындейды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері мен таным үрдістері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды. Танымдық – сөздік дамудың маңызды міндеті:

- Ойлау әрекетінің дамуы,
- Өзінің тәжірибесін ұғыну бойынша міндеттерді шешу процесіндегі әлем суретінің толық қалыптасуы,

- Сенсорлық даму,
- Ойлау әрекетінің белсенділік қабілетінің қалыптасуы,
- Тұған тілімен танысу,
- Тілдің қалыптасуы.

Артикуляциялық моторикасының дамуы, беттің бұлшық еттерінің нығаюы, дыбыстардың дүрыс айтылуын қалыптастырамыз. Міндеттерін шешуі:

- Диалогтік тілдің, оның сауаттылық жағынан жаңартылуы,
- Балалардың сөздік қорын белсендету мен кеңейту,
- Ауызша және жазбаша құралдарды қолдана отыра тіл мәнерлілігін дамыту.

Баланың толық танымдық – сөздік дамуы үшін бір жағдайы МДМ дамытушылық пәндік – кеңестік ортамен қамтамасыздандыруды қарастырады. Балалардың танымдық-шығармашылық дамуы пәндік – дамытушылық ортада сәтті қалыптасады.

Оқушыға белгілі бір көлемдегі білім – білік, дағыларды менгерте отырып, жаңа педагогикалық технологияларды шебер пайдалана білу арқылы оқыту үрдісін демократияландыру және ізгілендіру, сабактағы оқушының шығармашылық рөлін арттырып, еркіндігін қамтамасыз ету, сол арқылы оқушылардың даралық, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, бейімділіктерін ашу және дамыту қажеттігі туындалап отыр. Шығармашылық қабілетті тәрбиелеудің алғы шарттарына мыналарды жатқызуға болады.

1. Шығармашылық қабілетінің деңгейін анықтау. (топтау, бақылау, қалыптастыру)
2. Қызығушылық және шығармашылық пен таным белсенділігін арттыру.
3. Оқушы мүмкіншілігіне (потенциалына) сай шығармашылық тапсырмаларды әдістемелік тұрғыда жүйелі түрде орындау.
4. Шығармашылық қабілетін тәрбиелеу барысында кездесетін қыындықтар мен қарама-қайшылықтарды есепке алып, зерттеу.

Мұғалім өз ісіне ізденімпаздықпен қарап, сабакты шығармашылықпен өткізу. Осы мәселелер өз шешімін тапса, жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу ісі өз мақсатына жетеді. Бүтінгі жас үрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу әрбір ұстаздың басты міндеті. Білім негізі мектепте қаланатын болғандықтан, оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр.

Әдебиеттер

1. Набиева Ж.М. Тұлғаның танымдық белсенділігін дамыту – психологиялық-педагогикалық проблема [Мәтін] / Ж.М. Набиева. – 2016. – январь-март. – №25.
2. Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты. Жоба. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» БББҰ Білім беру бағдарламалары орталығы. – Астана, ТК «Алатау», ВП-6, 2014. – 30 6.
3. Білім туралы – Об образовании: Қазақстан Республикасының Заңы. – Алматы: Литера, 2000. – 96 6.

Н. Тлеуғажы

«М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚҚ
Ғылыми жетекшісі – **М.Т. Нұргазы**, психология пәнінің оқытушы,
педагогика ғылымдарының магистрі

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАЗАСЫЗДАНУ ДЕҢГЕЙІН ТӨМЕНДЕТУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

